

**З.Ш. Ерназарова, А.Б. Бекетова, С.Б. Кужакова**

# **ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ**

Учебник для 11 класса общеобразовательной школы  
с русским языком обучения

Екі бөлімді

**1-бөлім**

# **11**

Рекомендовано Министерством образования и науки  
Республики Казахстан



Алматы «Атамұра» 2020

ӨОЖ 373.167.1  
КБЖ 81.2 Қаз-922  
Е 71

*Оқулық Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі бекіткен Жалпы білім беру деңгейінің 10–11-сыныптарына арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасына (жаратылыстану-математикалық бағыт, қоғамдық-гуманитарлық бағыт) сәйкес дайындалды.*

### Шартты белгілер:



ОЙГҮРТКІ



ТЫҢДАЛЫМ



АЙТЫЛЫМ



ОҚЫЛЫМ



СӨЗДІКПЕН ЖҰМЫС



ЖАЗЫЛЫМ

**Ерназарова З.Ш. т.б.**

**Е 71 Қазақ тілі мен әдебиеті:** Учебник для 11 кл. общеобразоват. шк. с рус. яз. обуч. В 2-х частях./З.Ш. Ерназарова, А.Б. Бекетова, С.Б. Кужакова. – Алматы: Атамұра, 2020. – 208 стр.

ISBN 978-601-331-707-6

Часть 1. – 2020. – 208 с.

ISBN 978-601-331-708-3

ISBN 978-601-331-708-3 – (Часть 1)  
ISBN 978-601-331-707-6

© Ерназарова З.Ш., Бекетова А.Б.,  
Кужакова С.Б., 2020  
© «Атамұра», 2020

## АЛҒЫ СӨЗ

### Құрметті оқушылар!

Міне, сендердің мектептегі білім сапарларың аяқталуға жақын. Болашақта сендерді өмір деген үлкен кеме күтіп тұр.

Мектептегі соңғы жылдарың сендерге он жыл бойы алған білімдеріңді ұштауға, жетілдіруге, бағалауға, керек кезде толықтырып, қайта қарауға мүмкіндік береді. Сондай мүмкіндікті ұсынатын құралдың бірі – қолдарыңа ұстап отырған «Қазақ тілі және әдебиеті» оқулығы.

Қазақстан Республикасының азаматы ретінде сендер мемлекеттік тіл – қазақ тілін меңгеруге, еркін сөйлеуге ұмтылдындар. Жеткен жетістіктерің де аз емес деп ойлаймыз. Қазақ тілін оқумен бірге сендер қазақ халқының тарихымен, арман-тілектерімен, өмір туралы ой-пікірлерімен таныстындар. Қазақ тілін оқу арқылы сендер ойды жүйелі жеткізуді, сөзді әсерлі айтуды үйрендіңдер.

Ал 11-сыныпқа арналған мектеп қабырғасындағы соңғы оқулық сендердің қазақ тілінен алған білімдеріңді дамытып қана қоймайды, жалпы адамзатты ойландыратын, қазақ елін толғандыратын өзекті тақырыптар жөнінде өз ойларыңды жеткізіп, сыныптастарыңмен бөлісуге, пікір алмасуға шақырады. Сендер пікір айтудың, оны құрудың әдіс-тәсілдерімен, тілдік бірліктерімен танысып, оларды қолдануды меңгеретін боласындар.

Сендер табысты адам болудың қыр-сырларын түсіндіретін қызықты ақпараттармен таныса отырып, қазақ тілінің бай тілдік қорын меңгеруді, оны қарым-қатынас барысында қолдануды үйренесіңдер.

Сонымен қатар ұсынылып отырған оқулық сендердің өмірлік көзқарастарың мен ұстанымдарыңды анықтауға, әлеммен, айналаңдағы жақын жандармен үйлесімді өмір сүріп, толерантты қарым-қатынас құруға көмектеседі. Өйткені оқулықта берілген ақпараттар сендердің қажеттіліктерің мен сұраныстарыңа қарай іріктелді.

Оқулықта мәтін мазмұнын талдауға құрылған жаңа тапсырма түрлері қазақ тілін меңгеруді жеңіл өрі қызықты жұмыс түріне айналдырады деп сенеміз. Ал қазақ тілінің грамматикасы бойынша ұсынылған тапсырмалар сендердің тілдік дағдыларыңды дамытып, мақала, эсселерді қиындықсыз жазуларыңа көмектесетіні анық. Өйткені оқулықта грамматикалық тұлғаларды біліп, тануға емес, әр форманы меңгеріп, қолдануға баса назар аударылды.

Ал ендеше бастайық!

Қазіргі қоғамдағы әлеуметтік  
теңсіздікЕрболат Әбікенұлының  
«Пәтер іздеп жүр едік» әңгімесі

1-

сабақ

Талшынның арманы



1. Суретке қараңдар.

1. Бұлар кімдер?
2. Олар не туралы әңгімелесіп келе жатыр деп ойлайсыңдар?



2. Б. Сарыбайдың «Менің Қазақстаным» әңгімесін тыңдап, сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Әңгімедегі басты кейіпкерлер кімдер?
2. Олар қайда келе жатыр?
3. Олар не туралы сөйлесті?



3. Әңгімеде кездескен сөздер мен сөз тіркестерін табыңдар. Сөз тіркестерін әңгімеде берілу тәртібіне қарай орналастырыңдар.

жатақхана

Әнұранды шырқау

мейірім

балабақша

15 теңге

дүкен

ақша

бақша

өсем үй

үй салу

құмда ойнау

зерігу

санау



**4. Өңгіме бойынша сөйлем бөліктерін сәйкестендіріп айтыңдар.**

1. Дүкеннің алдында мүгедектерге арналған арбада	а) кейбір адамдар бермейді.
2. Таңертең үйден балабақшаға, кешке балабақшадан	ә) орта жастағы ер кісі отыр.
3. Неге оған кейбір адамдар ғана ақша береді де,	б) үйге қарай жүріп өтетін жолымыз – осы.
4. Жаным жаңа жауған қардай кіршіксіз таза	в) ойын алаңында құм үйіліп жатса деп армандайды.
5. Өзіміздің үйіміз болса, ол үйдің ауласы кең болса,	г) қызымның әрбір қылығына қарап, қуанып келем.



**5. Сөйлемдерді керекті сөздермен толықтырыңдар.**

Сын есім	Зат есім	Етістік
бір бөлмелі кең	құм орын інісін	қауіптенеміз салайықшы

1. – Біз де осындай үй ..., – деген.
2. Содан бергі арманы – сол. ... жатақханадан зерігіп те кетеді-ау шамасы.
3. Өзіміздің үйіміз болса, ол үйдің ауласы ... болса, ойын алаңында ... үйіліп жатса деп армандайды.
4. Егер солай болса, өзінен кейінгі ... арбасына салып сүйреп, құмға ойнатар еді.
5. Қаптаған мәшинелерден ... .
6. Бұл күнде аулаларда балалар ойнайтын да ... қалмай барады.



**6. Сөйлемдер шын ба, жалған ба?**

Ақпарат	Шын	Жалған
Талшын мүгедек адамға күнде 15 теңге береді.		
Талшын әкесінен мүгедек адам туралы сұрады.		
Талшын миллионға дейін санай алады, жаза алады.		
Мүгедек адамдарға мемлекет ай сайын жәрдемақы береді.		
Талшынның отбасы жатақханада бір бөлмеде тұрады.		
Талшынға екіқабатты үй қатты ұнайды.		
Талшын мектепті тез бітіріп, әкесіне көмектескісі келеді.		
Талшын «Менің Қазақстаным» әнін айтты.		

2- сабақ

Әлеуметтік теңсіздіктің сипаты

1. Тірек сөздерді қолданып, «Менің Қазақстаным» әңгімесі бойынша сыныптастың сұрақтар қой, оның сұрақтарына жауап бер.



2. 4-беттегі суретке қараңдар. Әңгіме мазмұнын 3-жақта баяндаңдар.

3. «Ассоциациялық ромбты» толтырыңдар.

<i>Мәтіннен алынған сөйлем</i>	<i>Тақырып</i>	<i>Ассоциация, сенің эмоцияң (қуану, ...)</i>
Дүкеннің алдында мүгедектерге арналған арбада орта жастағы ер кісі отыр.		.....
Талшын әдеттегідей қалтасынан 15 теңгесін алып, мүгедек кісінің алдындағы қорапқа тастады.		.....
Талшын бір жымырып қойды да: – Бүгінше битәмін <sup>1</sup> жемей-ақ қояйын. Мына аға нан алып жесін, – деді.		.....
– Біз де осындай үй салайықшы, – деген. Содан бергі арманы – сол. Бір бөлмелі жатақханадан зерігіп те кетеді-ау шамасы.		.....
– Өке, мен бірден екінші сыныпқа барсам қайтеді?		.....
– Өке, мен тезірек өсіп, саған көмектескім келеді.		.....
– Арманшыл қызым менің, – дедім іштей сүйсініп.		.....

битәмін<sup>1</sup> – дәрумен

4. Өңгімеде адамдар арасындағы қандай әлеуметтік теңсіздіктер бейнеленген? Әлеуметтік теңсіздіктің негізгі белгілерін атап, сипаттаңдар.

Түрлері	Белгілері

5. Тұжырымдамамен келісесің бе, келіспейсің бе?

1. Талшын – өте сезімтал қыз.
2. Өңгімеде әлеуметтік теңсіздік мәселесі көтерілді.

*Үлгі:* Мен бұл пікірмен келісемін/келіспеймін.  
Өйткені ...  
Сондықтан ...  
Біріншіден, ...

6. Өңгімеден бір үзіндіні рөлге бөліп ойнаңдар.
7. «Менің айналадағы әлеуметтік теңсіздік» тақырыбы бойынша коллаж дайындаңдар, сипаттаңдар.

3-

сабақ

### Әлеуметтік теңсіздіктің түрлері

1. Бұл суреттердің әлеуметтік теңсіздік тақырыбымен байланысы бар ма? Топта талқылаңдар.



2. Төмендегі сөздерді кестедегі сөздермен сәйкестендіріп, сөз тіркестерін құраңдар.

Білім, табыс, әлеуметтік топ.


*Үлгі:* жоғары білім+ге ие болу

жоғары арнаулы орта жалпы орта аяқталмаған орта	білім	алу беру не болу аяқтау дамыту жоғарылату	ортақ жеке мемлекеттік ұлттық компания	?	не болу айырылу жоғалту беру тартып алу араласу
---	-------	---	--	---	---


қоғамдағы бір уақыт аралығындағы үлкен басым жоғары төменгі	?	топтастыру басқару бөлу араласу құрау сипаттау
--	---	---



### 3. Мәтінді оқыңдар, пирамида мен ромбты тиісті сөздермен толықтырыңдар.



Қоғамда өмір сүріп жатқан адамдарды бірнеше әлеуметтік топқа бөлуге болады. Оны «әлеуметтік стратификация» деп атайды. Әлеуметтік стратификацияға бөлу әлеуметтік теңсіздікке құрылады. Әлеуметтік стратификация белгілі бір уақытта бір қоғамда өмір сүріп жатқан адамдарды әлеуметтік белгілеріне қарай топтастыру болып табылады. «Стратификация» термині геологиядан алынған. Бұл терминмен жер қабаттарын атайды. Қоғам мүшесінің қай әлеуметтік топқа жататынын оның материалдық жағдайы, билікке араласуы, адамдарды басқаруға қатысуы анықтайды.



Адамзат қоғамының әлеуметтік құрылымы әртүрлі болуы мүмкін. Бір қоғамдағы әлеуметтік стратификация құрылымы пирамидаға ұқсайды. Яғни азғана бай адамдар тобы пирамиданың төбесін құраса, ортанғы деңгейі орта топты сипаттайды. Пирамиданың төменгі, ең көлемді бөлігін аз табыс табатын адамдар тобы – кедейлер құрайды.

Ал енді бір қоғамның әлеуметтік стратификациясы ромбқа ұқсайды. Қоғамда жоғары табыс табатын адамдар саны мен кедейшілік шегінде өмір сүретін адамдар саны бірдей деңгейді құрайды. Орта топ қоғамның ең ауқымды бөлігін қамтиды. Әлеуметтік стратификацияны адамдардың билікке араласуына қарай да жіктеуге болады. Дамушы елдерде адамның билікке араласуы бір әлеуметтік топтан екінші әлеуметтік топқа ауысудың ең тиімді әдісі болып табылады.




Әлеуметтік ұтқырлық дегеніміз адамдардың бір әлеуметтік топтан екінші әлеуметтік топқа ауысуы немесе көшуі болып табылады.

Бұдан әлеуметтік бөлініс шегарасы жойылмайды. Қоғамның әлеуметтік топқа жіктелуі сақталады. Өйткені әлеуметтік теңсіздік қоғамдық байлықтың тең бөлінбеуінен туындайды.


(Зәуреш Ерназарова)

#### 4. Сұрақтарға жауап беріңдер.


1. Әлеуметтік топ дегеніміз не?
2. Әлеуметтік топтар қалай анықталады?
3. Әлеуметтік топ түрлерін қандай сызбалармен көрсетуге болады?

 5. Бұл адамдардың қандай әлеуметтік топқа жататынын айтыңдар.

Әлеуметтік белгілер	Иса	Арман	Айгүл	Қанат
Материалдық жағдайы	Жалақыға жұмыс істейді.	1 бөлмелі пәтерде 3 баласымен тұрады.	2 бөлмелі пәтерде 4 баласымен, күйеуімен тұрады. Күйеуі мектепте мұғалім.	3 қабатты үйде 2 баласымен және әйелімен тұрады.
Адамдарды басқару	Компанияда бөлім басқарады.			100 адам жұмыс істейтін жеке құрылыс компания иесі.
Қызметі	қаржыгер	жүргізуші	дизайнер	директор
Билікке араласуы	–	–	–	Қалалық мәслихат депутаты.


 6. Мақаланы ғылыми стильге тән негізгі белгілер бойынша талдаңдар.

- Мақалада берілген негізгі ойды анықта.
- Негізгі ойды түсінуге көмектесетін көмекші ойды ажырат.
- Мәтінді мағыналық бөліктерге бөл.
- Автор келтірген дәлелдерді тап. Олар сенімді ме?
- Мақаланың кіріспе бөлімі мен қорытынды бөлімін тауып оқы, мазмұнын салыстыр.

 1. Төмендегі сұрақтарға жауап беріңдер. Парталастарыңмен пікірлесіңдер. Қорытынды ойды сызба түрінде көрсетіңдер.

1. Адамның білімді болуы оның әлеуметтік жағдайына байланысты ма?

2. Өртүрлі әлеуметтік топ өкілдерінің білім деңгейлері бірдей ме?

 2. Сөздер және олардың мағыналарымен танысыңдар. Тыңдайтын ақпараттың не туралы екенін болжаңдар.

бөгет жасау – кедергі жасау


зерттеу – іздену

саны арту – саны көбею

сабақ үлгерімі – білімді бағалау

тағдыр – адам өмірі

нәтиже – қорытынды

 3. Ақпаратты тыңдаңдар. Сөйлемдерді керекті сөздермен толықтырыңдар.


1. Ал әлеуметтік теңсіздік білім саласына ... ете ала ма?

2. Мектептер ешкімнің әлеуметтік жағдайына қарамай, барлығына ... қарауға міндетті.

3. Табысы ... отбасында тұратын балалар білім жолында көп жетістікке жеткен.

4. Он бес жасқа дейін баланың сабақ ... жақсы не жаман болуы олардың әлеуметтік жағдайына байланысты болады.

5. Кедейлік адамның ... айналмауы керек.

 4. 6 топқа бөлініңдер. Ақпаратты қайта тыңдаңдар. Керекті мәліметтерді дәптерге түртіп жазып отырыңдар. «Ақылдың алты қалпағы» әдісі бойынша берілген тапсырмаларды орындаңдар.

1. «Ақ қалпақ» тобы: ақпаратта берілген мәліметтерді, айғақтарды түртіп алып, ақпаратты қайта мазмұндайды.


2. «Қызыл қалпақ» тобы: ақпаратпен байланысты өз ойларын сипаттап айтады.

3. «Қара қалпақ» тобы: ақпарат бойынша жағымсыз пікірлер айтады.

4. «Сары қалпақ» тобы: ақпарат бойынша жағымды ой айтады. Мысалы, бұл ақпарат қызықты әрі пайдалы болды.

5. «Жасыл қалпақ» тобы: әлеуметтік теңсіздіктің білімге әсерін азайту үшін жаңа идеялар ұсынады.

6. «Көк қалпақ» тобы: топта ұсынылған пікірлерді, көзқарастарды қорытындылайды.

 5. Берілген сөз тіркестерін қолданып, тілші мен әлеуметтанушы ғалымның арасындағы сұхбатты жазбаша құрастырыңдар.

**Тілшіге көмек**

- әлеуметтік теңсіздік
- әлеуметтік теңсіздік түрі
- білім сапасы

**Сұхбат берушіге көмек**

- Бұл мәселе мені көп толғандырады/толғандырмайды.
- Сұрағыңызға рақмет.
- Иә, өте орынды сұрақ.
- Менің байқағаным, ...

5-

сабақ

**Кедейшілік пен байлықтың шегарасы**



1. Сұрақтарға жауап беріңдер. Өзара талқылаңдар.

1. Кедейшілік дегеніміз не?
2. Кедейшілікті неден көруге болады?
3. Кедейшілік пен байлықтың шегарасы бар ма?



2. Терминдермен танысыңдар, аудармасын табыңдар. Бұл терминдер қай салада жиі қолданылады?

- |                                    |                    |
|------------------------------------|--------------------|
| 1) күнкөріс деңгейі                | заң саласы         |
| 2) әлеуметтік жіктелу              |                    |
| 3) тең құқылы                      |                    |
| 4) заңнама                         | экономика саласы   |
| 5) зейнеткер                       |                    |
| 6) абсолютті кедейшілік            |                    |
| 7) салыстырмалы кедейшілік         | әлеуметтану саласы |
| 8) әлеуметтік жағынан аз қамтылған |                    |



3. Ақпаратты тыңдаңдар. Негізгі тақырыпты анықтаңдар.

1. Өлемдегі кедейшілікті салыстыру.
2. Кедейшілікті анықтау өлшемдері.
3. Кедейшілік және әлеуметтік жіктелу.

**4. Ақпарат бойынша сөйлемдерді керекті сөздермен толықтырыңдар.**


1. Біреулер үшін кедейшіліктің ... ресми түрде белгіленген ... деңгейінің пайызын құраса, ал кейбіреулер үшін кедейшіліктің шегі – миллион доллар.

2. Абсолютті кедейшілік деп адамның өмір сүруіне керек ... жетпейтін жағдайды атайды.


3. Ал салыстырмалы кедейшілік деп материалдық ... адамдар арасында тең бөлінбеуін атайды.

4. Бақытты болу дегеніміз адамның өз ... қанағаттандыру болып табылады.

5. Қазақстан заңнамасында ... және ... деген ұғымдар жоқ.

 **5. Сөйлемдер құраңдар. Сол жақ бағандағы лексика-грамматикалық құрылымды пайдаланыңдар.**

1. Кім үшін? не? ненің шегі болып табылады?	Біреулер үшін/күнкөріс/кедейшілік Бала/көкжиек/жер
2. Кім үшін? /не?/ дегеніміз/ не болып табылады?	Біреулер/абсолютті кедейшілік/тас кедей Біреулер/миллион доллар/ кедейшілік Біреулер/жалақы/табыс көзі Біреулер/бақытты болу/ қажеттіліктер/қанағаттандыру
3. Не? кімдер? арасында дұрыс бөлінбейді?	Қоғамдағы байлық/қоғам мүшелері Мұра/отбасы мүшелері арасында

 **6. Тұжырымдармен танысыңдар, өз көзқарастарыңды анықтаңдар, түсіндіріңдер.**

	Келісемін	Келіспеймін
Қазақстанда абсолютті кедейшілік қалыптасып отыр.		
Адамдар қарым-қатынасы ақшаға, байлыққа көбірек құрылады.		
Кедейшіліктен арылуға болады.		
Кедейшілік төмен жалақымен байланысты қалыптасады.		
Кедейшілік болған, бар, бола береді.		

6-

сабақ

## Ақпаратты жүйелеу

1. Сөздер қатарынан артық сөзді анықтаңдар.

- 1) бөлу, жіктеу, топтастыру, ажырату
- 2) табыс, жалақы, күнкөріс, қажеттілік, байлық
- 3) қоғам мүшесі, адам, мемлекет, табыс табушы



2. Кестеде берілген ақпаратты талдаңдар. Осы бойынша «Әлеуметтік теңсіздік дегеніміз не? Ол қалай қалыптасады?» тақырыбына ақпараттық сөз дайындаңдар.

## Әлеуметтік теңсіздік

<i>Қоғамда әртүрлі адамдар қатар өмір сүреді</i>		
Адамдардың дүниеге келуі	Қызметі	Біліктілік пен меншікке не болуы
Жынысы, ұлты, туған жері, білімі, физикалық күші	Мамандығы Кәсібі Еңбек ету саласы	Білімі Діні Рухани құндылықтары Материалдық байлығы
Соған байланысты табиғи және әлеуметтік жіктелім қалыптасады		



3. Жаңа сөздермен танысыңдар. Олар қандай тақырыптарда жиі қолданылатынын болжап айтыңдар.

- тағайындау – қызметке сайлау  
жәрдемақы – мемлекеттің ақшалай көмегі  
адам басына шаққанда – халық санына қарай



4. Шағын ақпараттармен танысыңдар. Көп нүктенің орнына қандай жалғауларды қоюға болады?

## 1-мәтін

Италияның Үкімет басшы... Луиджи Ди Майо 2019 жылдан бастап тұрмысы төмен отбасылар... жәрдемақы... 780 еуроға көтерді. Оның айтуынша, Италия... жұмыс табу қиын. Сондықтан халық... әлеуметтік жағдайы тұрақсыз. Осыған орай Италия үкіметі тұрмысы төмен халқына жәрдемақы... көбейтті.

2-мәтін

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Елбасының тапсырма... бойынша 2019 жылдан бастап, 21 000 теңгелік жәрдемақы көпбалалы отбасылар... ғана емес, бір баласы бар аналарға да беріледі деп мәлімдеді. «Атаулы әлеуметтік көмек көпбалалы және аз қамтылған отбасыларға берілуі шарт. Бұл – Елбасының тапсырмасы. Ал әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасы... бір бала немесе екі бала болуы мүмкін ғой. Ондай отбасылар... бір айлық табысы адам басына шаққанда 20 789 теңгеден (күнкөріс минимумының 70 пайызы – *ред.*) аспаса, бір балаға 21 000 теңгеге жуық жәрдемақы тарайындалады.

(«Айқын» газеті, 20 ақпан, 2019 жыл)

5. Екі ақпаратта берілген мәліметтерді салыстырыңдар. Олардың арасында байланыс бар ма?



6. «Әлеуметтік теңсіздіктің шегарасы бар ма?» тақырыбына жаңа сөздерді пайдалана отырып, мақала жазыңдар.

**Мақалада:**

- 1) кедейшіліктің негізгі белгілерін атап, оларды сипаттаңдар;
- 2) байлықтың негізгі белгілерін атап, сипаттама беріңдер;
- 3) байлық пен кедейшіліктің шегарасы туралы өз ойларыңды жазыңдар;
- 4) мемлекеттің кедейшілікке қарсы күресін түсіндіріңдер.

7-

сабақ

**Жоқшылықта өскен миллионерлер**



1. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. «Әлеуметтік теңсіздік – үлкен қозғаушы күш» деген пікірмен келісесің бе?

2. Әлеуметтік теңсіздіктің қандай жақсы және жаман жақтары бар?



2. Бұл сөздер сендерге таныс па? Сөздер қатарынан синонимдерді белгілеңдер.

- 1) Еңбекқорлық – табандылық, бейнеткер, іскер, тынымсыз әрекет.
- 2) Күш-жігер – шыдамдылық, қайрат.
- 3) Жоқшылықтан қысылу – қымсыну, ұялу, алыстау.

- 4) Күнкөріс қамы – өмір сүру, нан табу, жұмыс іздеу.
- 5) Тиын-тебен – қаржы, табыс, аз ақша.
- 6) Шабарман – атпен жүретін адам, зат таситын адам, хат-хабар таситын адам.

### 3. Сөздерден сөз тіркестерін, сөйлемдер құраңдар.

Сөз	Сөз тіркесі	Сөйлем
еңбекқорлық		
күнкөріс қамы		
тиын-тебен		
шабарман		
жоқшылық		

4. Мәтіннің тақырыбымен танысып, ақпараттың мазмұны туралы болжам жасаңдар.

1. Ақпарат кімдер туралы болуы мүмкін?
2. Бұл адамдар не істеді деп ойлайсың?

### 5. Мәтінді оқыңдар. Жұп болып, сұрақтарға жауап беріңдер.

#### Жоқшылықта өскен миллионерлер

Қазір әлеуметтік теңсіздік туралы көп айтылады. Алайда оны айта бергенмен, кедейшілік азайып жатқан жоқ. Өйткені барлық адам бір мезгілде байи алмайды. Дегенмен ерік, күш-жігері, еңбекқорлығының арқасында кедей отбасында өссе де, үлкен жетістіктерге жеткен адамдар әлемде көп. Олардың жетістіктері әлемді таңғалдырады.

1. Айталық, Apple компаниясы мен Pixar студиясының негізін қалаушы Стивен Джобс студент шағында достарының жатақханасында түнеп, Кока-Коланың құтыларын жинап күн кешкен. Оның өмірбаянымен таныссаң, өзінің білімі мен алғырлығының, еңбекқорлығының арқасында қазіргі әлем танитын Стивке айналғанын көресің. Оның ерекше алғырлығы балалық шағында байқалған. 12 жасында әлдебір электр құралын жинап жүріп, жетіспей тұрған бөлшегін сол кезде атағы дүрілдеп тұрған Hewlett-Packard компаниясының негізін қалаушы Уильям Хьюлетке қоңырау шалып, сұрап алыпты. Осылайша, оның зеректігі өмірін түбегейлі өзгертетін компанияға алып келеді. Нәтижесінде IT-технологиялар дәуірінің бастауында тұрған Стивен Джобс

досы Стив Возняк екеуі алғашқы жеке компьютерді ойлап тапқан. Ақпараттық технологиялар саласында жетекші орны бар Apple компаниясының негізін қалаған. Бүгінде бұл компанияның iPhone, iPad және ең жіңішке MacBookAir ноутбугі – IT-нарығындағы ең танымал өнімдер.

2. Әлемнің барлық балалары сүйіп көретін Микки Маус пен Дональд Дак, одан басқа 200-ден аса кейіпкердің әкесі, белгілі америкалық мультипликатор Уолт Дисней өткен ғасырдың басында кедей отбасында дүниеге келген. Күнкөріс қамымен көшіп-қонып жүрген отбасына көмектесу үшін Уолт еңбекке жастайынан араласады. Күнделікті таң атпай тұрып, газет таратып, әкесіне қолғабыс жасаған. Ал түнде әке-шешесінен жасырып, түрлі сурет пен комикстер салып, тиын-тебенге көршілеріне сатқан. Бұл оның ең сүйікті ісі еді. Алайда әкесі баласының қызығушылығын құптамайды. Сол үшін Уолт таяқ та жейді. Алайда өз арманына адал болған бозбала ата-анасының қарсылығына қарамастан, Чикаго өнер институтына түседі, ол өзінің ертегілер әлемін жасайды. Өз балалық шағы сұрықсыз өткендіктен, бақытты өмірді суретпен көрсеткісі келген шығар. Уолт тек мультипликациялық фильмдер студиясын ғана емес, миллиондаған бала мен ересекке арналған ойын-сауық әлемін құрды. Ал оның бала кезінде салған суреттерін көршілері 50 жылдан кейін бәссаудаға (аукционға) салып жатты.


(*bag.kz сайтынан*)


Жабық сұрақтар	Ашық сұрақтар
<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Бұл ақпарат кімдер туралы?</li> <li>2. Стив Джобс қандай отбасында өсті?</li> <li>3. Стивті не қызықтырды?</li> <li>4. Ол нені жасауды ұнатты?</li> <li>5. Стив қандай компания құрды?</li> <li>6. Стивтің достары болды ма?</li> <li>7. Уолт қандай отбасында дүниеге келді?</li> <li>8. Уолт неше жасында жұмыс істей бастады?</li> <li>9. Уолт немен айналысты?</li> </ol>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Уолт неге жастайынан еңбекке араласты?</li> <li>2. Стивен алғыр болды ма, еңбекқор болды ма?</li> <li>3. Стивен еңбекке неге ерте араласты?</li> <li>4. Стивен мақсатқа жету үшін барлық мүмкіндікті пайдаланды ма?</li> <li>5. Стивеннің бойында қорқыныш болды ма?</li> <li>6. Уолттың отбасында мейірім көп болды деп айтуға бола ма?</li> <li>7. Уолт неге сурет салды?</li> <li>8. Уолт неге ертегілерді мультфильмге айналдырды?</li> <li>9. Стивен мен Уолттың балалық шағы бақытты болды деп айтуға бола ма?</li> </ol>



6. Ақпараттан алынған үзінділер бойынша өз пікірлеріңді жазыңдар.

Үзінділер	Сенің пікірің
Барлық адам бір мезгілде байи алмайды.	
Стивен Джобс студент шағында достарының жатақханасында түнеп, Кока-Коланың құтыларын жинап күн кешкен.	
Стив ақпараттық технологиялар саласында жетекші орны бар Apple компаниясының негізін қалаған.	
Алайда өз арманына адал болған бозбала ата-анасының қарсылығына қарамастан, Чикаго өнер институтына түседі.	
Күнкөріс қамымен көшіп-қонып жүрген отбасына көмектесу үшін Уолт еңбекке жастайынан араласады.	

 7. Стив Джобстың студент шағын елестетіп көріңдер. Ол не туралы ойлады деп ойлайсыңдар? Бала Уолт Дисней не туралы армандады деп ойлайсыңдар? Ол үшін мәтіннен сол кездегі өмірлері туралы детальдарды тауып, назар аударыңдар. Олардың атынан жақын достарыңа хат жазып көріңдер.

 8. Топтық жұмыс. «Жоқшылық адамның табысқа жетуіне басты қозғаушы күш бола алады» деген тұжырым бойынша пікірталасқа қатысыңдар. Келісетіндер мен келіспейтіндер тобы арасында дебат ұйымдастырыңдар. Өз пікірлеріңді аргументтер келтіріп, топқа дәлелдендер.

8-

сабақ

Адалдық



1. Суретке қараңдар. Болжам жасаңдар.



1. Бұл кім?
2. Ол қайда жүр?
3. Ол не істеп жүр?
4. Оның көңіл күйі қандай?



**2. Сөздерді мағыналарымен сәйкестендіріңдер.**

Қанбазар	әдемі иісті сезу
Өңгелек	күнге әбден күйу
Қақталу	адамдар сауда жасап жатыр
Абыржу	мазасыздану, бір нәрсені ойлау
Бұрқырау	кішкентай сары қауын



**3. Өңгімені тыңдаңдар. 2-тапсырмадағы сөздер кездесетін өңгіме бөліктерін анықтаңдар.**

**4. Сөйлемдерді аяқтаңдар.**

*Үлгі: Бұл оқиға жазғы каникул кезінде болды. Өйткені бала қауын сатып жүр. Қауын жазда піседі.*

1. Бала жазда лагерьде демалмады. Өйткені ... .
2. Баланың атасы өңгелек өсіреді. Өйткені ... .
3. Баланың отбасындағы тұрмыс төмен. Өйткені ... .
4. Жолаушы баланың адалдығына таңғалды. Өйткені ... .
5. Жолаушыға баланың сөзі қатты әсер етті. Өйткені ... .

**5. «Идеал» кестесін толтырыңдар.**

1. Бұл бала қандай басты мәселені шешуі керек?
2. Өңгіме авторы бізге бұл адам туралы қандай ақпарат берді?
3. Мәселені шешудің қандай жолдарын білесің?
4. Мәселені шешудің қандай үш жолы бар?
5. Сен таңдаған жолдың қайсысы тиімді? Неге?

**6. Пікірталасқа қатысыңдар.**

1. «Ешқашан артық алма, кем берме» деген сөздің мағынасын сен қалай түсінесің?
2. Кедейшілік баланың жан дүниесіне әсер етті ме?
3. Бала қауын сатудан қысыла ма?

4. Оны еңбекқор деп сипаттауға бола ма?
5. Кедейшілік баланы шынықтырады деп айтуға бола ма?
6. Бұл баланың балалық шағын бақытты деп есептеуге бола ма?
7. Сенің өміріңде осындай жағдайлар болды ма?

9-

сабақ

## Грамматикалық омонимдер



1. Сөз тіркестері қатарын салыстырыңдар. Олардың айырмашылықтарын анықтаңдар.

ғалымдармен айтысу  
кітаппен дос бол  
төтті алма

айтысқа қатысу  
адаммен дос бол  
біреудің ақшасын алма

2. Анықтаманы оқыңдар. Грамматикалық омонимдерді сызба түрінде көрсетіңдер.

## Тілдік бағдар

*Грамматикалық омонимдер* деп лексикалық мағынасымен байланысы жоқ, алайда жазылуы мен айтылуы бірдей әртүрлі сөз табына жататын сөздерді айтамыз. Мысалы, *алма-алма*, *бөлме-бөлме*. Грамматикалық омонимдер сөзге қосымшалардың жалғануымен жасалады. *Алма* (жеміс атауы) – *ал+ма* (бір затты алуға тыйым салу) *ал* етістігіне болымсыз етістіктің жұрнағы жалғанып, жазылуы мен айтылуы бірдей болып тұр. «Алма» сөзі зат есім қызметінде тұрса, екпін соңғы буынға түседі, ал болымсыз етістік қызметінде тұрса, екпін бірінші буынға түседі.

3. Грамматикалық омонимдерді табыңдар. Сұрақтар қойып, қай сөз табына жататынын анықтаңдар.

1. «Үйді айналма» дейтін әжем.
2. Қаланың сыртынан айналма жол салынбақшы.
3. «Қорғалжын» қорығы демалысқа шақырады.
4. «Сөзінде тұрмағаннан қорық», – дейді халық мақалы.
5. Суға түсіп, қатты ашығып қалдық.
6. Менің досым – ашық, қарапайым адам.

4. Грамматикалық омонимдерді қолданып, сөйлем құраңдар.

- 1) қала (*зат есім*) – қала (*етістік*)
- 2) аула (*зат есім*) – аула (*етістік*)
- 3) күрес (*зат есім*) – күрес (*етістік*)
- 4) тігіс (*зат есім*) – тігіс (*ортақ етіс*)

## 5. Сөздерден грамматикалық омонимдер жасаңдар.

айт, бас, іш, ат

## 6. Бұл грамматикалық омоним бе, лексикалық омоним бе?

## 1. Асқар көптен көрмеген туыстарымен көрісті.

Наурыз мерекесінде Батыс Қазақстан облысында да көрісу дәстүрі бар.

2. – Жүзі жылы екен, – деді атам.

Жүз жыл өтсе де, бұл ағаш өлі тұр.

3. – Оқушылардың екен ағаштарын сана, – деді маған мұғалім.

Адам санасын дамытқан – еңбек.

## 4. Пеште от баяу жанды.

Жаны нәзік адам ешқашан жамандық жасамайды.

## Еске түсір

Түбір қалпында дыбысталуы бірдей, ал мағыналары әртүрлі сөздерді **омоним** деп атаймыз.

*Мысалы:* ара – құрал,  
ара – жәндік;  
жүз – сан (100),  
жүз (суда жүз).

Лексикалық омонимнің грамматикалық омонимнен айырмашылығы сөздер түбір қалпында бірдей дыбысталады.

## Тілдік бағдар

Негізгі және көмекші етістіктер көсемше жұрнақтары арқылы байланысады. Кейбір күрделі етістіктерде көмекші етістік бірдей болғанымен, негізгі етістікке әртүрлі көсемше жұрнағы жалғанады. Соған байланысты олардың мағыналары ұқсамайды. Мысалы, негізгі етістікке *-ыл, -іл, -п* жұрнағы жалғанса, әрекеттің аяқталуын білдіреді (жазып ал), ал *-а, -е, -й* көсемше жұрнағы жалғанса, мүмкіндікті білдіреді (жаза алады). «Ал» көмекші етістігі екі жағдайда да бірдей тіркеседі.



## 7. Көп нүктенің орнына көсемшенің тиісті жұрнағын қойыңдар.

1. Тәуелсіз ел ғана өз тілін, әдет-ғұрпын, өнерін сақта... алады.

2. XIX ғасырда Ресей империясы қазақ даласын отарла... алды.

3. Байлықты ғана ойлаған адам бақытты бол... алмайды.

4. Өз тілінен, мәдениетінен айырылған ұлт өзін жоғалт... алады.

5. Байлықты ғана ойлаған адам рухани байлықты есеп... алмайды.

10-

сабақ

**Бақытты болу үшін бай болу шарт па?****? 1. Сұрақтар бойынша пікірлесіңдер.**

1. Бақыт пен байлықтың арасында байланыс бар ма?
2. Бақытты адам деп кімді айтасыңдар?

**2. Сөз және сөз тіркестерімен танысыңдар, мағынасын анықтаңдар. Төменде берілген мәтіннің мазмұны туралы болжам жасаңдар.**

материалдық байлық	отарлап алу
қымбат қазына	наным-сенім
рухани әлем	өшу
байырғы тұрғын	тәуелсіздік
озық өркениет	қасіретті кейіп

**Тілдік бағдар****Есімшенің сөйлемдегі қызметі**

1. Баяндауыш. Америка құрлығын жергілікті үндіс тайпалары *мекендеген*.
2. Анықтауыш. Кең жерді *мекендеген* үндіс халқы өз тәуелсіздігі үшін күрескен.

**3. Мәтінді оқыңдар. Өз болжамдарыңмен салыстырыңдар.****Бақытты болу үшін бай болу шарт па?**

Дәл осы сұраққа адамзат ғасырлар бойы жауап іздеген. Осы күнге дейін бақыт пен байлықтың арақатынасына арналған том-том кітаптар да жазылды. Соның өзінде адамдар бұл екі құбылыстың арасын күні бүгінге дейін ажырата алмай келеді.

Әрине, әрбір адам бақытты болуға ұмтылады. Бірақ бақытқа ұмтылу байлыққа ұмтылу емес. Өйткені өзінің ғана дәулетті болуын армандайтын адам ешқашан бақытты бола алмайды. «Бақытсыз адамды көріп тұрып, бақытты болу мүмкін емес» депті бір данышпан.

Қазір «материалдық байлыққа жетсек, бәріміз бақытты боламыз» дейтін адамдар аз емес. Бұлар халықтың ғасырлар бойы жинақталған ең қымбат қазынасы – рухани байлығын есепке алмайды. Рухани әлемнен айырылып қалған талай елдер мен ұлттар тарих бетінен жойылып кеткен. Мәселен, қазіргі Американың байырғы халқы: үндістер – майя, инк, атапаск, ирокез, муског тайпаларының тарихына бір

сәт назар аударайықшы. Бұлар есте жоқ ежелгі замандарда озық өркениетімен әлемді тамсандырған елдер еді. Бірақ бұл тайпалардың барлығы өзге ұлтқа отар болғандықтан, өздерінің сан ғасырлық әдет-ғұрпынан, салт-санасынан, наным-сенімінен айырылды.

Қазір бұл үндіс тайпалары өте дәулетті, бай тұрады. Алайда өздерінің тілінен, ділінен, өнерінен, яғни рухани байлығынан айырылған. Сондықтан ұлт ретінде мойындалмайды. Енді олар бір кезде өздерін отарлап алған халықтардың этникалық құрамына еніп, бірте-бірте тарих бетінен жойылады. Соған байланысты бүгінгі үндістер өздерінің қасіретті тағдырын жақсы түсінеді. Олар егеменді ел болуын армандамайды да. Тіпті үндістердің бір режиссері «Бір күндік тәуелсіздік үшін бар байлығымызды берер едік» деп аталатын фильм де шығарған. Бұдан шығатын қорытынды – біз дүние-мүлкті ғана ойлап, рухани байлығымызды жоғалтып алсақ, сол үндістердің қасіретті кейпіне түсіп қалуымыз мүмкін.

(Немат Келімбетов, «Қазақ әдебиеті» газеті, 2006 жыл.)

#### 4. Мақалаға талдау жасаңдар.

##### 1 Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Мақала не туралы?
2. Мақалада қандай мәселе көтерілді?
3. Мақала қандай қайшылықты пікірге құрылған?
4. Мақала авторы қандай ойды жеткізгісі келді?
5. Автор өз ойын дәлелді жеткізе алды ма?
6. Мақала кімдерге арналған?

##### 2 Мәтіннен есімше тұлғалы етістіктерді табыңдар. Оларға сұрақ қойыңдар, қай сөзбен тіркесіп тұрғанын анықтаңдар.

##### 3 Мәтін бөліктерін байланыстырушы көмекші сөздерге назар аударыңдар. Оларды қолдана отырып, ақпаратты сыныптастарыңа мазмұндаңдар.

5. Төмендегі етістіктермен сөйлем құраңдар. «Ал» етістігі қай тіркесте көмекші қызмет атқарып тұр? Ал қай сөз тіркесінде лексикалық мағынасы сақталып тұр?

ажырата алмау

жоғалтып алу

армандай алу

отарлап алу

бақытты бола алмау

есепке алмау



6. «Байлық» ұғымына SWOT талдауын жасаңдар. Грамматикалық омонимдерді қолданыңдар.

Байлықтың мүмкіндіктері	Байлықтың қауіптері
Байлықтың жақсы жақтары	Байлықтың әлсіз жақтары

сана (*етістік*) – сана (*зат есім*)

қорық (*етістік*) – қорық (*зат есім*)

кіріс (*етістік*) – кіріс (*зат есім*)

11-

сабақ

«Пәтер іздеп жүр едік» (1-бөлім)



1. Өңгімені оқыңдар.

### Пәтер іздеп жүр едік

(*әңгіме*)

Алматыны алты айналып, «Жетім бұрышты» жеті айналғанда өкшем опырылып түсті. Енді маймақ жүріске бастым, аяғым ауырды деп келіншегім отыра кетті. Пәтер іздеп жүр едік...

Құмырсқаның илеуіндей қайнаған «Жетім бұрыштан» бізге лайық пәтер табылмады. Табылмады емес, табылды-ау, әкесінің құнын сұрайды, тіпті маклер саған қарайтын емес, сөйлесу үшін де кезекке тұрады екенсің.

– Пәтер бар ма, апай?

– Бір қыз керек.

– Пәтер бар ма, ағай?

– Бір жігіт керек.

– Апай, пәтер керек еді.

– Екі қыз керек.

– Келіншегім екеуіміз тұрсақ бола ма?

– Болмайды, келіншегіңнің қасына бір қыз қос, өзің басқасын жалда.

– Пәтер керек еді.

– Жас отау керек.

– Біз жас отауымыз, – қуанып кетіппін, дауысым қатты шығып кетті.

– Онда естіп ал, елу мың теңгеден, жүз елу мың теңге үш айдың ақшасын алдын ала тапсырасың.



– Бөліп тапсырса ше?

– Онда барыңдар ары.

Сасқанымнан келіншегіме қарадым, маған жаны ашыған болу керек, естісе де, естімеген боп тұр. Аппақ бетінің ұшына аздап қан шапши қалыпты, көзінен мұң байқалады, қасынан алыс тұруға тырысып, тағы бір маклерге қарай жүгірдім.

– «Шаңырақта» бір үй бар, жас отбасын тұрғызады, – деді семіз қара келіншек. Кеудемдегі өшіп бара жатқан үміт оты жарқ еткендей болды.

– Қанша болады?

– Он мың теңге, үш бөлмелі жаңа үй.

– «Шаңырақ» алыс па? – дедім келіншегіме бұрылып.

– Өте алыс қой...

– Амал жоқ, шамамыз соған жетеді, үш бөлмелі үй болса, болады екен.

– Жарайды, келістік.

– Тауып берген ақысына мың теңге төлейсіңдер.

– Мінеки, мың теңгеңіз.

Қалыңдығы бір елі, тозығы жеткен, іші шимайға толы дәптеріне үңіле түсті.

– Мынау – телефоны мен аты-жөні. Сұлушаш төте жіберді дейсіңдер.

– Қожайынмен бірге тұрмайтынымыз қандай жақсы болды, – деді келіншегім жол-жөнекей құлағыма сыбыр-



лап, бұрынғы жәбір-жапаны ұмытқан адамдай өте көңілді, жымың-жымың етеді, еріксіз жымып күлген болдым. Қолым дірілдеп, ішімнен иманымды үйіре түсіп, телефон құлағын бұрадым. Ар жағынан ер адамның барылдаған жуан дауысы шықты.

– Алло, кім?

– Алло, ассалаумағалайкүм, Сәкен аға ма екен?

– Иә, мен.

– Сұлушаш төте жіберді. Пәтер іздеп жүр едік.

– Қайдағы пәтер? Өткізіп жібергенбіз үш күн бұрын.

– Сұлушаш төте он мың теңгеге үш бөлмелі пәтер бар деген болатын.

– Он мың теңгеге тауық кепе де жалдай алмайсың, бауырым, – деді де, телефон тұтқасын тастай салды. Ашудан жарылардай мелшип тұрдым да қалдым.

– Маклер алдапты, – дедім келіншегіме.

– Не деген опасыз адам еді?! – деді келіншегім дауысы дірілдеп. Тозығы жеткен маршрутканың ішіне есіктен ытқып шығардай сығылып әрең сыйдық та, қонақтаған тауықтай бір аяғымызды көтеріп тұра қалдық. Маршрутка қиралаңдап «Жетім бұрышқа» қарай тартып келеді. Ойым әлгі алааяқ әйелді тауып алып, сазайын тарттыру. Тіпті болмағанда аяқкиім өкшесімен маңдайдан тарс еткізу. Ызадан булыққаным сонша, ішімнен тынып әрең келем, жол бойы келіншегім екеуіміз бір ауыз үн қатысқан жоқпыз. Массаждан шыққан адамдай қиралаңдап жеттік ақыры. Маклер әйел сужұқпастың өзі екен, біздің қайтып келетінімізді білгендей, тайып тұрыпты. Барахолкадан бір-ақ шықтық. Көше бойымен әр дарбазаға жалтақтай қарап, барлап келемін. Пәтер іздеп жүрміз...

*(Ерболат Өбікенұлы)*



## 2. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Пәтер тапсыратын жерді қалай атайды?
2. Пәтер тапсырушыларға кімдер керек?
3. Жас отбасы пәтерді қайдан іздеді?
4. Пәтер табу неге қиын болды?
5. Пәтер тапты ма?



## 3. Өңімені рөлге бөліп, қайта оқыңдар. Парталастарыңа өңгімелеңдер.

12-

сабақ

## «Пәтер іздеп жүр едік» (2-бөлім)



1. Мына сөз тіркестері бар сөйлемдерді тауып оқыңдар. Мәтіндегі мағынасын анықтаңдар.

құмырсқаның илеуіндей қайнаған  
әкесінің құнын сұрайды  
жаны ашыған болу



2. Мәтіннен алынған сөйлемдерді оқыңдар. Бұны кім айтты? Қашан айтты? Әрі қарай не болды?

1. Қолым дірілдеп, ішімнен иманымды үйіре түсіп, телефон құлағын бұрадым.

2. – Не деген опасыз адам еді?! – дейді.

3. – Тауып берген ақысына мың теңге төлейсіңдер.

4. – Сұлушаш төте жіберді. Пәтер іздеп жүр едік.

5. Кеудемдегі өшіп бара жатқан үміт оты жарқ еткендей болды.

3. Әңгімеден әлеуметтік теңсіздікті сипаттайтын сөйлемдерді табыңдар.



4. Сен режиссерсің. Пәтер іздеушілердің «Жетім бұрыштағы» сұхбатын кадр түрінде түсіру керек. Сұхбатты түсіретін жерді және детальдарды сипаттап көр.

1. Түсіретін жерді, детальдарды сипатта.

2. Адамдардың сыртқы портретін, киімдерін сипаттап жаз.

3. Пәтер берушінің кескін-кейпін, киімін сипатта.

4. Сұхбат кезіндегі пәтер іздеушілердің қимылын, көзін, дауысын, сөзді айту интонациясын сипаттап жаз.

5. Кадрды рөлге бөліп, оқушыларға ойнат.

13-

сабақ

## Нәтиже сабақ



1. Төменде берілген сөздер мен сөз тіркестерін етістіктермен тіркестіріңдер.

Керекті етістіктер: топтастыру, өмір сүру, бөлу, құрылу, құрау.

кедейшілікте \_\_\_\_\_  
 әлеуметтік теңсіздікке \_\_\_\_\_  
 топты \_\_\_\_\_  
 деңгейді \_\_\_\_\_  
 қоғамды \_\_\_\_\_

 2. Әлеуметтік теңсіздікті ажырататын белгілерді табыңдар.

Жалақы алу, материалдық байлық, жұмыс түрі, отбасы мүшелерінің саны, адамдарды басқару, мемлекеттік қызмет атқаруы, билікке араласу, жоғары табыс.

 3. Тиісті жалғауларды қойып, сөйлемдерді толықтырыңдар.

1. Қоғам... табысы жоғары адамдар саны көп болса, кедейшілік деңгейі төмендейді.


2. Әлеуметтік стратификация... бөлу әлеуметтік теңсіздік... құрылады.

3. Әлеуметтік теңсіздік... бірнеше белгілер... қарап ажыратады.

4. Салыстырмалы кедейшілік жағдайы... қоғамдық байлық әлеуметтік топтар арасында теңдей бөлінбейді.

5. Қоғам мүшелер... әлеуметтік топқа бөлінуі барлық адамзат қоғамы... болған.

6. Қоғамда жоғары табыс табатын адамдар саны мен кедейшілік шегі... өмір сүретін адамдар... саны бірдей деңгейді құрайды.

 4. Мәтінді оқыңдар. Бұл ақпарат таныс па?

**«Пифагор» мектебінің негізін қалаушы шағын орталықты қалайша үлкен компанияға айналдырды?**

Мектеп 2008 жылы ашылды. Мен мектепте 5–6-сыныптарда үшке оқыдым, тек математиканы жақсы көрдім. Олимпиадаға тек беске оқитын оқушыларды алып баратын, олардан есепті жақсы шығарсам да, мені жарысқа апармайтын, мен соған қатты ренжитінмін. Содан Алматыдағы физика және математика мектебіне түсуге тырыстым. Бірақ алғашында жолым болмады. Кейін бағымды қайта сынап, аталған мектептің шәкірті атандым. Араға уақыт салып

олимпиадаға шығара бастады. Қазақстан құрамасына кіріп, әртүрлі олимпиадаларға бардым, бірде жеңіп, кейде жеңіліп келетінмін, жалпы 30-дан астам елде болдым. Мектеп бітіргеннен кейін, IT саласы бойынша ҚБТУ-ға түстім. Университетте оқып жүрген кезімде, өзім оқыған мектеп директоры сол мектепке сабақ беруге шақырды, ал екінші курста өзге мектептер де қатар шақыра бастады. Бірақ бәріне барып үлгеру мүмкін болмады.

Содан соң мен, Алмас Күнғожин және Дамир Елеусізов деген үш жігіт болып арнайы математика мектебін ашуды ойластырдық. Әр аймақтан балалар жинап, жазғы лагерь ұйымдастырдық. Бастапқы кезінде ұстаздарға мектептер ақша төлейтін, кейін біз оның моделін өзгертіп, ата-аналар төлеу керек деп ұйғардық. Өйткені мектептерде бюджеттен ақша қарастырылмаған болатын. Алғашқы кездері ҚБТУ ректоры қолдау жасады, 3–4 жыл ҚБТУ жертелесінде немесе бос бөлмелерде сабақ беретінбіз. Кейін қасымдағы жігіттер кетіп қалды: 2009 жылы Дамир ағамыз оқуға, 2012 жылы Алмас ағамыз PhD дәрежесін қорғауға кетті. Кетер алдында өз үлестерін маған сатты. Осылайша орталықты, мектепті өзім басқара бастадым. Аталған мектептің, орталықтың негізі осылай қаланған болатын. Уақыт өте республикалық, халықаралық жарыстарға шыға бастадық.

Қазір командамызда **120 қызметкер** бар, оның 80–90-ы **ұстаз** болып істейді. Алматыда 4 кеңсеміз бар, бірі – басқару кеңсесі, қалған үшеуі – оқу орталығы. Нұр-Сұлтанда – екеу, Таразда – біреу. Жалпы алғанда, **7 кеңсе бар**, биыл жазда Нұр-Сұлтандағы кеңсеміз кеңейіп, сол жағалауда екі қабатты үлкен кеңсеміз ашылды.

Орталықта **10 мыңнан астам** бала білім алды. Еліміздегі ҚБТУ, Назарбаев университеттері сияқты беделді оқу орындарында білімдерін жалғастырды. Жуырда ғана санап шықтық, халықаралық жарыстарда 1000-нан астам медаль иеленіппіз, бұл қалалық, республикалық олимпиадаларды санамағанда. Шәкірттеріміздің көбі қазір бизнесте, түрлі компанияларда жұмыс істейді, Microsoft, Google компанияларына қызметке тұрғандары да бар.

*(Асан Жолдастың «Forbes» журналына берген сұхбатынан,  
14 қыргүйек, 2018 жыл)*

**1) Мәтіннің негізгі идеясын беретін 3 сөйлемді табыңдар.**

1. Бай болу үшін кедей отбасында дүниеге келу керек.
2. Жоқшылықта өскен адам байлыққа ұмтылады.
3. Мақсатты өзгертпей, оған табанды түрде ұмтылу керек.
4. Еңбекқорлық пен табандылық адамды бай етеді.
5. Өз ісін жақсы көрген, батыл адам мақсатқа жетеді.
6. Өжеттілік пен табандылық мақсатқа жеткізеді.
7. Байлықты адамның өзі жасайды.

**2) Ұсынылған сұрақтар мәтін мазмұнына сай келе ме?**

1. Сіз қайда дүниеге келдіңіз?
2. Сіз кедей отбасында өстіңіз бе?
3. Орталықты ашу туралы идеяны өзіңіз ойлап таптыңыз ба?
4. Математика саласында ғылыммен айналысу ұнай ма?
5. Оқу орталығын қалай аштыңыз?

**3) Тезистердің бірін таңдап, аргумент келтіріңдер.**

1. Асан Жолдас математиканы жақсы көрді.
2. Асан Жолдас өз білімін табыс табу үшін қолданды.
3. Асан – тәуелсіз, еркін ойлы адам.
4. Асан – табысты кәсіпкер.
5. Асан сүйікті ісін табыс көзіне айналдырды.



5. Өлеуметтік жағдайы төмен отбасыларды кедейшіліктен қалай құтқаруға болады? Өз ойларыңды жазбаша ұсыныңдар (аргументті эссе).

1. Проблеманы ата.
2. Қалыптасу себептерін талда.
3. Мәселені шешудің 3 жолын ұсын.
4. Бір шешу жолын таңда.
5. Өз таңдауыңды түсіндір.
6. Оның басты шешу жолдарының артықшылығын дәлелде.

1-

сабақ

Экология



1. Берілген сөздермен танысыңдар, еліміздің экологиясын сипаттайтын 6 сөзді белгілеңдер.

мұхиттағы қалдықтар	тұмша	киіктер санының азаюы
ауаның ластануы	теңіз суының тартылуы	тасбақаның азаюы
судың ластануы	теңіз балдырларының азаюы	итбалықтардың өлуі

2. Бұл – оқушының еліміздің экологиялық жағдайын сипаттаған коллажи.

1) Оған суреттер арасындағы байланысты көрсетуге көмектесіңдер.

2) Кемесі бар суреттің орнын анықтаңдар. Оны қайда орналастыру керек?

3) Суреттер жеткілікті ме? Тағы қандай сурет қосуға болады?



**3. Мәтінді оқыңдар. Мәтін бөліктерін жоспарға сай орналастырыңдар.**

1. ХХ ғасырдың ІІ жартысынан бастап, адам мен табиғат арасында жаңа қарым-қатынас қалыптасты. Адамзаттың қажеттілігі артты. Соған байланысты жер қойнауы мен мұхит байлығы көп өндірілді. Адамзатта «табиғатқа бағынбаймыз, оны өз игілігімізге айналдырып, бермесін тартып аламыз» деген көзқарас қалыптасты. Адамның табиғатқа тигізген зияны табиғи өзгеріс пен жел, су тасқыны, жер сілкінісі әсерінен әлдеқайда асып түсті. Жер бетіндегі экологиялық жағдайлардың өзгеруі, әсіресе ғылыми-техникалық өрлеумен тікелей байланысты. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін әлем елдерінің көбі өнеркәсібін дамыта бастады. Егер соғысқа дейін дамыған елдер қатары оннан аспайтын болса, соғыс аяқталысымен, индустрияландыру науқаны жаппай етек алды. Өнеркәсіптің дамуы жер қойнауындағы қазбаларды игеруді ұлғайтты. Өз кезегінде бұл ауаның ластануын күшейтті.

2. Осы уақыт аралығында дүниежүзіндегі демографиялық өсім үлкен қарқынмен дамыды. Жер шарындағы халық саны тез өсті. Халықтың жылдам өсуі азық-түлікке, басқа тауар түрлеріне сұранысты көбейтті. Табиғат өз шығындарын қалпына келтіріп үлгермеді. Мысалы, көмір қазып алынды, алайда жаңа көмір қабаттары түзіліп үлгермеді. Оған мыңдаған жылдар керек еді.

Қалалар көбейіп, оларда тұратын халық саны артты.

3. Қазақстанның жері қаншалықты ұлан-ғайыр болса, оның қойнауындағы табиғи байлық та соншалықты мол әрі алуан түрлі. Қазақстанның жерасты қазба байлықтары 19 ғасырдан бастап игеріле бастады. Түрлі түсті металл кендеріне бай жерлерде үлкен зауыттар ашылды.

Қазақстанның мұнай өнеркәсібі де 19 ғасырдан бастап дами бастады. Бұл саланың игерілуі тәуелсіздік жылдарында қарқын алды. Егеменді еліміздің экономикалық дамуы табиғи ресурстарды игерумен байланысты. Өйткені жас мемлекетке қаржы көздерін табу керек еді. Ал бай табиғи ресурстарды экспорттау елге инвестиция тартудың ең тиімді жолы болды. Дегенмен бұл жолдың тиімді әрі тиімсіз жақтары бар еді. Қазба байлықтарды игерумен еліміздегі экологиялық жағдай нашарлады.

4. Еліміздегі экологиялық дағдарысқа химия, мұнай, металлургия, отын өнеркәсібінің жедел және көп мөлшерде дамуы да әсер етіп отыр. Жыл сайын Қазақстандағы су-қоймаларына химиялық қоспалар мен ластанған 6 млрд м<sup>3</sup> ағын су құйылады, 3 млн тонна зиянды зат ауа қабатына сіңеді, 200 млн тонна қатты қалдық қоқысқа тасталады. Басқа да шикізат көздерін игеру ауаны ластап жатыр. Олардың қатарына мыс, қорғасын, мырыш, күміс, хром, ванадий, фосфорит, барит, сурьма, таскөмір, мұнай т.б. кен орындары жатады. Ірі өндіріс орны болмаса да, Алматыда ауаның қалыптан тыс ластануы байқалады. Бұл, әрине, автокөліктің көбеюімен байланысты болып отыр.

(<http://e-history.kz/kz/contents> сайтынан)

**Жоспар:**

1. Өлемдік экологияны қалыптастырған басты себеп.
2. Халық саны өсуінің экологияға әсері.
3. Өнеркәсіптің дамуы экологияны бұзады.
4. Экономиканың дамуы мен экология арасындағы тәуелділік.

**4. Мәтінде берілген тезистерді түсіндіріңдер, айғақтар келтіріңдер.**

Тезистер	Түсініктеме	Айғақтар
1. XX ғасырдың 2-жартысынан бастап адам мен табиғат арасында жаңа қарым-қатынас қалыптасты.	Табиғатқа бағынбаймыз.	Химия, мұнай, металлургия өнеркәсібі жедел түрде дами бастады.
2. Экологияның өзгеруі ғылыми-техникалық өрлеумен байланысты болды.		
3. Демографиялық өсім үлкен қарқынмен дамыды.		
4. Қазба байлықтарды игерумен еліміздегі экологиялық жағдай нашарлады.		
5. Табиғат өз шығындарын қалпына келтіріп үлгірмейді.		

**5. «Экологияны сақтау – Жер шарын сақтау» тақырыбына коллаж дайындаңдар.**




## 2- сабақ

## Полиэтилен пакет және жаһандық экологиялық проблемалар

1. Жұптық жұмыс. Полиэтилен туралы пікірлермен танысыңдар. Өз пікірлеріңді ұсынып, талқылаңдар.

## Полиэтилен пакеттер неге қауіпті?

Саша: Бұл пакеттер шірімейді. Олар 100 жыл сақталады.



Айдын: Пакет жұмсақ. Ол ағашқа оралып тұр. Бірақ ауа жібермейді. Сондықтан ағаш дем алмайды.

Сен: ...

Сыныптасың: ...



2. Ақпаратты тыңдаңдар. Тиісті сөздерді жазыңдар.

1. Алғашында бұл ... телефон кабельдерін орауға арналған еді.

2. 1950 жылдан бері ғана затты ... арналған материал ретінде қолданыла бастады.

3. Бір қарағанда полиэтилен пайдалану ядролық қарудың қасында ... .. болып көрінеді.

4. Планетамызды ... орнына айналуы мүмкін.

5. Ғалымдардың есептеуінше, ... .. бойынша бір жылда 4 трлн полиэтилен пакет қолданылады екен.

6. Өйткені одан атмосфераға шығатын ... .. қоршаған ортаға химиялық қару сияқты әсер етеді.

7. Полиэтилен табиғатқа сіңбей, экологиялық ... бұзып келеді.

3. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Полиэтилен алғаш рет қандай мақсатта қолданылды?

2. Полиэтиленді өртеу неге қауіпті?

3. Бір жылда қолданылатын полиэтилен пакеттердің көлемін немен салыстыруға болады?

4. Топтық жұмыс. Сұрақтар бойынша постер дайындаңдар.

1. Өзің тұратын мекенде шашылып жатқан полиэтилен пакеттерді жиі кездестіресің бе? Олар қоршаған ортаға қандай зиян келтіреді?

2. Жергілікті тұрғындар мен әкімдіктер қоршаған ортаны тазалауға қандай шаралар қолданып жүр?

3. Сен қоршаған ортаны сақтаудың қандай шараларын ұсынасың?

3-

сабақ

## Полиэтилен пакеттерге қарсы күрес



1. Сөздерді оқыңдар, суреттермен сәйкестендіріңдер. Тақырып туралы болжам жасаңдар.

құты

өркениет

шүмек

тетік

нұқсан келтіру/тигізу

айып



2. Мәтінді оқыңдар. Өр ел бойынша берілген ақпараттарды сәйкес кестеге орналастырыңдар.

## Полиэтилен пакеттерге қарсы күрес

1. Италияның бірқатар қаласында қазір пластик құтыға тыйым салынған. Айталық, Лигурия жағалауына пластик құтыны әкелуге болмайды. Соңғы рет 2011 жылы курортты өлкеде туристерден 2 миллион пластик құты қалған екен. Сол жылдың тамыз айында Генуя қаласында 400 мың пластик құты жиналған. Енді біржолата тыйым салған. Есесіне 1 евроға темір құты сатылады. Ауызсуды соған арнайы шүмектен құйып аласың.

2. АҚШ-тың Сан-Франциско қаласының да көзқарасы өзгерген. Қала басқармасының мүшелері 2012 жылғы 27 наурыздан бастап барлық дүкенде полиэтилен пакеттер беру мен сатуға тыйым салған. Ондағы есеп бойынша, жылына қоқысқа тасталатын полиэтилен пакет 1400 тонна болады екен. Біреуі емес, оның салмағы бір мысқалдай сезілмейтін пакеттің мың жарым тоннасын көзге елестетіп көр. Ол үшін 200 миллион пакет қажет, ал оны жасауға 1 миллион 700 мың литр мұнай өнімдері жұмсалады. Енді полиэтилен пакеттер табиғатқа нұқсан келтірмейді. Жалпы қала 2020 жылы қалдықсыз технологияға көшеді. Бұл өркениеттің дамуы

болып табылады. Осы елдегі Сан-Хосе қаласы 2012 жылды полиэтилен пакетсіз бастаған. Сиэтл қаласы да солай.

3. Дания сонау 1994 жылдан бері пластик құты мен пакетті шектеген. Алдымен өндірушілердің экологиялық сауаттарын ашқан. Сосын қаржылық жолмен, яғни сатушыларға пластик ыдыс пен пакет үшін зор салық салған. Сөйтіп, өндірісті 90 пайызға төмендеткен. Салық саясатын Ирландия мен Шотландия да жүргізіп, елеулі нәтижеге жеткен. Ол елдерде арнайы салықтан түскен қаржы қалдықтарды көмуге жұмсалады. Полиэтилен пакеттерді енді Парижден ешкім таппайды. Бұрын жылына 8 мың тонна қалдық шығатын, оны өңдеуге 1,5 миллион евро жұмсайтын еді. Полиэтилен пакетті қолданудан бас тартқан ағылшындар болды. Супермаркеттерде енді мынадай әлеуметтік жарнамалар ілініпті: «Бізге өз дорбаларыңызбен келіңіздер. Қоршаған ортаға қамқорлық жасайық!».

4. Іргелес Қытай жер-көкті басып кеткен пластикті бір аптада жинатып алды. Жұқа 0,025 миллиметрлік полиэтилен шығаруға тыйым салды. Тіпті, бұл ел пластик стақанды құртыпты. Пекинде, метро мен дүкеннің алды мен ішіне қазқатар автоматтар қойылған. Одан бүктеулі қағаз стақанды суырып аласың. Бүктеуін жазып, бір тетікті бассаң, әлгіге таза су құйып береді. Сосын шөліңді қандырып, қайта бүктеп, автоматтағы келесі қуысқа салып кетесің. Көше таза, көңіл шат. Су газсыз, ыдыс пластиксіз. Бұл адамды жігерлендіреді. Өйткені үкімет табиғатты қорғау үшін, адамның сұранысын қанағаттандыру үшін инновацияларды батыл қолдап жатыр.

5. Австралияда пластик құтылар дүкендерде сатылмайды. Осы ел әлемде өзін алғаш «пластиктен азат аймақ» деп жариялады.

6. Үндістанның Раджастхан штаты өзін «полиэтилен пакеттен азат аймақ» деп заң қабылдаған. 2012 жылдың 1 тамызынан бері штатқа полиэтилен пакет апарған адамға 100 мың үнді рупийі көлемінде айыппұл салынып, 5 жыл түрмеге отыру жазасы белгіленеді.

(Қайнар Олжай, «Егемен Қазақстан» газеті, 31 қазан, 2012 жыл)

Италия	АҚШ	Еуропа мемлекеттері	Үндістан	Австралия	Қытай

3. Өр ел бойынша анықтаған ақпараттарды салыстырыңдар, ұқсастықтар мен айырмашылықтарына талдау жасаңдар. Оларды қандай белгілері бойынша топтастыруға болады?

Белгілер	Ұқсастықтар	Айырмашылықтар

4. Жүргізілген талдау бойынша ақпараттарды салыстырып, сөйлемдерді аяқтаңдар.

- Италиямен салыстырғанда, АҚШ-та ...
- Қытаймен салыстырғанда, Данияда ...
- Данияға қарағанда, Италияда ...
- АҚШ-қа қарағанда, Қытайда ...
- Үндістанға қарағанда, Австралияда ...
- Шотландия мен Ирландияны салыстырғанда, ...
- Франция ...

5. Мақала бойынша аннотация жазыңдар.

6. Топтық жұмыс. Қазақстан осы аталған елдердің қатарына кіре ала ма? Қай жол тиімді деп ойлайсыңдар? Сұрақтар бойынша пікірлесіңдер.

4-

сабақ

### Мұнай өңдеу тарихынан

1. Мақалды оқыңдар, өзара пікір бөлісіңдер.

Жер – ырыстың кіндігі,  
Еңбек – ырыстың қазығы,  
Білім – ырыстың тізгіні.

- Мақалда не туралы айтылған?
- Мақалдағы «ырыс» деген тірек сөздің мағынасын қалай түсінесің?

2. Суреттерге қарап, ортақ нәрсені табыңдар. Тақырыпты болжаңдар.



керосин



бензин



газ



бұрғылау қондырғысы



**3. Сөздерден сөз тіркестері мен сөйлемдер құраңдар.**

Сөз	Сөз тіркесі	Сөйлем
жанғыш		
қондырғы		
шөгінді		
ерітінді		
ұңғыма		



**4. Мәтінді оқып, «Түртіп алу» әдісі бойынша ақпараттарды төмендегі шартты белгілермен анықтап отырыңдар.**

Маған таныс ақпарат	Мен үшін жаңа ақпарат	Мен үшін түсініксіз ақпарат
✓	+	?

Мұнай – көмірсутектер қоспасы, жанғыш, майлы сұйықтық. Ол Жердің шөгінді қабатында кездеседі. Мұнайдың өзіндік иісі бар. Мұнай – ең пайдалы қазба. Ол – аса маңызды шикізат. Мұнай 1,2–2 км-ден астам тереңдікте газ тәрізді көмірсутектермен бірге түзіледі. Түсі ашық сарғыштан қоңыр, қара қошқыл түске дейін өзгереді. Мұнай судан жеңіл. Мұнай өз бойынан электр тогын өткізбейді.

Қазір «қара алтын» деп бағаланатын мұнайдың өзіндік тарихы бар. Ол 1539 жылы тұңғыш рет Америка құрлығынан Еуропаға тасылатын тауарлардың тізіміне кірген. Ерте заманнан бастап мұнайды отын және жарық алу үшін пайдаланған.

Ғалымдардың еңбектерінде мұнай кен орындары Өлі теңізде, Сирияда, Үндістанда, Жерорта және Каспий теңіздерінде болғандығы жазылған.

Англияда мұнай айдауды 1848 жылы бастады, ал 1860 жылы АҚШ-та Тайтусвилл қаласында (Пенсильвания штатында) бірінші айдау қондырғысы іске қосылды.


Ресейде мұнай өңдеуді кішігірім зауыттарда іске асырды. Көп зауыттар шетел фирмаларының қолында болды.

Қазіргі уақытта мұнай құрамынан екі мыңнан астам халықшаруашылығына қажетті заттар алынады. Мысалы: бензин, керосин, лигроин, парафин, иіссіз түрлері, кремдер, парфюмериялық майлар, дәрі-дәрмек, пластмасса, мәшине доңғалақтары т.б.

Мұнай дүниежүзілік жанар-жағармай энергетикалық балансында орасан зор үлеске ие. Ол адамзат пайдаланатын қуат көздері ішінде 48% -ды құрайды.

Пайдасымен бірге мұнай өндірісінің қоршаған ортаға тигізетін зияны да аз емес. Қоршаған ортаның ластануы мұнай, газ өндіретін ұңғымалар (скважиналар) құрылысынан басталады. Мұндағы ластаушы көздерге бұрғылау қондырғыларында орнатылған дизельдерден шығатын түтіндерді, азот пен көміртек оксидтерін, шаң, бұрғылау ерітінділерін т.б. жатқызуға болады.


(Қазақстан. Ұлттық энциклопедия, 6-том)

 5. Кестеде берілген сандық ақпаратты сөйлеммен ашып жазыңдар.

Сан	Сөйлем
1,2–2 км	
1539 жылы	
1848 жылы	
1860 жылы	
48%	

 6. Мәтін мазмұны бойынша кестені толтырыңдар.

Мұнайдың ерекшелігі	
Мұнай қандай сұйықтық?	
Мұнайдың түсі қандай болады?	
Ол қандай пайдалы қазба?	
Ерте заманда мұнайды не үшін пайдаланған?	
Қазіргі уақытта мұнайдан не алынады?	

 7. Мәтін мазмұны бойынша мұнайдың пайдасы мен зияны туралы айтыңдар.



5-

сабақ

## Қазақстан – мұнайлы мекен



1. Қазақстан картасына назар аударыңдар. Қазақстанның мұнайлы қалаларын атаңдар.



2. Мәтінді мұқият тыңдаңдар. Сұрақтарға жауап беріңдер.


Сұрақтар:

1. Мәтін не туралы?
2. Өрт қандай себептен шықты?
3. Оқиға Қазақстанның қай аймағында болған?
4. Мәтінге қандай тақырып қоюға болады?




3. Мәтін мазмұны бойынша шын/жалған ақпаратты табыңдар.

№	Ақпарат	Шын	Жалған
1	Бұл оқиға мен үшін ғана айтарлықтай оқиға болып қалды.		
2	Ұңғымадан атқылаған мұнай бұрқағы бой бермей, үлкен өрт пайда болды.		
3	Бұл оқиғаның қоршаған ортаға, адамдардың денсаулығына тигізген зардаптары болған жоқ.		
4	Күкірт иісімен уланған құстар жерге құлап жатты.		
5	Ұңғымадағы өртті сөндіруге қатысқан жауынгерлердің барлығы да әртүрлі дәрежеде күйік алған жоқ.		
6	Өртті сөндіруге құм қолданылды.		
7	Мұнайшылар отқа оранған 37-нөмірлі Теңіз мұнай ұңғымасын «Ғасыр фонтаны» атап кетті.		

 4. Кестедегі сандармен берілген ақпаратты тауып жазыңдар.

Сан	Сөйлем
1985	
4467	
400	
900	
1 млн	
8 млрд	

 5. Сөйлемдерді сәйкестендіріңдер.

Сөйлемнің 1-бөлігі	Сөйлемнің 2-бөлігі
КСРО жоғарғы басшылығының барлық назары	ал экологияға және адамдардың денсаулығына тигізілген зардаптарды есепке алмағандағы материалдық шығындар сомасы 1 млн АҚШ долларын құрады.
Нәтижесінде ұңғылау қондырғысы толықтай қирап,	үлкен өрт пайда болды.
Ауаға таралған күкірт қышқылының көлемі 8 млрд шаршы алаңды жайлады,	биіктігі 250 метрлік өрт бағаны бой көтерді.
Ұңғымадан атқылаған мұнай бұрқағы бой бермей,	ал бұрғылау құралы қысым күшімен ұңғымадан жанысталып шығарылды.
900 атмосфералық қысыммен атқылаған,	кішігірім Гурьев аймағы жағына ауды.

 6. Берілген кластерді пайдаланып, мәтін мазмұнын баяндаңдар.





**1. Мәтінді оқып, тірек сөздерді белгілеңдер.**

Қазақ жерінде қара алтын бір ғасырдан аса уақыт өндіріліп отыр. Тұңғыш мұнай қайнары 1899 жылы 13 қарашада атылды. Мұнайшылар бұл күнді өз салаларының өмірге келген күні деп санайды.

Қазақстанның мұнай өндірісінің өзіндік қызықты тарихы бар. Тұңғыш мұнай кен орны – Доссор 1911 жылы ашылса, екінші кен орны – Мақат 1915 жылы ашылды.

Ұлы Отан соғысының алдында батыс өлкенің біршама аудандарында басқа да мұнай-газ кен орындары зерттеле бастады. 1970–1980 жылдарда мұнай-газ іздестіру бағытындағы зерттеулер жасалды. Соның нәтижесінде жерасты байлықтарының ұшан-теңіз қоры анықталды. Жетібай мен Өзен, Қаражамбас пен Қаламқас, Құмкөл мен Қарашығанақ, Теңіз бен Жаңажол сияқты алыптар – осы жылдардағы іргелі зерттеулер жемісі.

Қазіргі таңда еліміздің аумағында 170-ке жуық мұнай, мұнай-газ және 100-ден аса газ кен орны бар. Бүгінде республикада 13 мұнай-газ бассейні жұмыс істейді. Олар Атырау, Маңғыстау, Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Жезқазған, Қызылорда облыстарының аймағында орналасқан. Осы кен орындарынан жылына 28–30 млн тонна мұнай өндіріледі.

Атырау өңіріндегі Жайық және Жем аралығындағы өлкеде мұнай кені бар.

1959–1960 жылдары Ақтөбе облысында ірі Кеңқияқ, Атырау облысында Прорва кен орнын өндірістік пайдалануға беріп, Кеңқияқты игеру басталды.

1993 жылы Қазақстан «Шеврон» фирмасымен (АҚШ) бірлескен «Теңіз-Шевройл» кәсіпорнын құру шартына қол қойды. Шарт бойынша іздеу, барлау, өндіру істері бірге жүргізіледі. «Теңіз-Шевройл» бірлестігі 30 млрд доллар мөлшерінде күрделі қаржы жұмсап, 97 млрд доллар пайда табу керек.

Ең ірі кен орындарынан мына төмендегілерді атап өтуге болады:

1. «Қашаған» (жалпы барлау жүргізілген, алынатын мұнай қоры – 1 млрд 648 млн тонна, газ – 969 млрд текше метр);

2. «Теңіз» (жалпы барлау жүргізілген, алынатын мұнай қоры – 237,3 млн тонна, газ – 687,3 млрд текше метр);

3. «Қарашығанақ» (жалпы барлау жүргізілген, алынатын мұнай қоры – 1 млрд 318,7 млн тонна, газ – 684,4 млрд текше метр).

(Қазақстан. Ұлттық энциклопедия, 6-том)

**2. Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беріңдер.**

Сұрақ	Жауап
1. Тұңғыш мұнай бұрқағы қай жылы атылды?	
2. Іргелі зерттеулердің жемісі қандай болды?	
3. 1959–1960 жылдары қандай өзгерістер болды?	
4. Қазақстан қандай келісімшартқа қол қойды?	

3. Мәтіннен негізгі және қосымша ақпаратты анықтаңдар.

Негізгі ақпарат	Қосымша ақпарат

**4. Мұнай өнеркәсібімен байланысты терминдерді теріп жазыңдар. Олардың жасалу жолдарын талдаңдар.**

*Үлгі:* мұнай қайнары – зат есімдердің тіркесуі арқылы жасалды.

5. Қажетті ақпаратты пайдаланып, өз ойларыңды дәлелдеп, «Шикізатқа тәуелді экономика өзін ақтайды» тақырыбына келісу/келіспеу эссесін жазыңдар.

7-

сабақ

«Қара алтыны халқымның...»

1. Ақпаратпен танысыңдар.



**Сейітжан Гүлжауһар Нұрсапақызы**  
(1947–2017)

Сейітжан Гүлжауһар Нұрсапақызы – ақын, журналист, Қазақстан жазушылар одағының мүшесі. 1947 жылы дүниеге келген. 1971 жылы ҚазМУ-дың журналистика факультетін бітірген.

Арнайы жолдамамен қазыналы түбекке табан тіреген Гүлжауһар Нұрсапақызы

1971–1990 жылдары Ақтау қалалық телеарнада редактор, облыстық газетте бөлім меңгерушісі, 1990–1999 жылдары «Қазақ тілі» қоғамының төрайымы, облыстық әкімшілікте кеңсе меңгерушісі, ақпарат басқармасында бөлім бастығы болған.

Жауапты қызметтерді атқара жүріп, қасиетті қазақ жерінің қазыналы түбектегі жасампаз замандастары, абзал адамдары жайлы өлең және әңгімелерден тұратын оннан астам кітап жазды. Гүлжауһар Нұрсапақызының 1978 жылы «Тұңғыш» атты өлеңдер жинағы, 1981 жылы «Ақерке», 1985 жылы «Үміт жағалауы», 1986 жылы «Жолайрық», 1997 жылы «Маңғыстауым – ғұмырымның арнасы», 2000 жылы «Жаңаөзен оттары», 2002 жылы «Маңғыстау мұнайшылары», 2008 жылы «Жер-ана перзенттері», 2009 жылы «Жүректегі жазулар» атты кітаптары жарық көрді.



2. Өлеңді мәнерлеп оқыңдар. Өлеңнің тақырыбын, автор идеясын анықтаңдар.

### Қара алтыны халқымның...

Мұнай, мұнай...

Сары май...

Қап-қара май.

Келбетіне халқымның жаққан арай,

Бейнеті мол қазақтың жерін кеулеп,

Бақытыма айналған баққа қарай...

Мұнай, мұнай...

Қара алтын қазынамыз...

Қаталдау табиғаттың назы нағыз.

Қан тамырдай таралған тамырлардан,

Қарақошқыл жер қанын ағызамыз...

Мән сыйлаған тірлікке,

Сән сыйлаған,

Мұнай көзін тереңнен аршиды адам.

Жапан түзде ертегі қала салып,

Естен кетпес жасады сан сый маған.

Талайларды келтірген жарқын жүзге,

Мұнай деген қап-қара алтын бізге.

Мұнай іздеп келеміз қиырларды,

Ыстық шілде,

Қатал қыс,

Алтын күзде...

Қап-қара қан жүгіртіп тамырына,  
 Қара алтынның боялып сағымына.  
 Қолын созған әлемдік биіктерге,  
 Сүйінемін Маңғыстау алыбыма.

(Гүлжауһар Сейітжан)



### 3. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. «Мұнай көзін тереңнен аршиды адам» деп ақын нені айтқысы келді?

2. Ақын мұнайды немен салыстырады?

3. «Қолын созған әлемдік биіктерге» дегенді қалай түсінесің?

4. Ақын неге мұнайды елдің бақытына теңейді?

4. А.П. Чеховтың «Степь» повесінен және Ө. Нұрпейісовтің «Соңғы парыз» романынан алынған үзінділерді оқыңдар. Талдаңдар, салыстырыңдар.

Мальчик всматривался в знакомые места, а ненавистная брочка бежала мимо и оставляла всё позади. За острым промелькнули черные, закопченные кузницы, за ними уютное, зеленое кладбище, обнесенное оградой из булыжника; из-за ограды весело выглядывали белые кресты и памятники, которые прячутся в зелени вишневых деревьев и издали кажутся белыми пятнами. Егорушка вспомнил, что, когда цветет вишня, эти белые пятна мешаются с вишневыми цветами в белое море; а когда она спеет, белые памятники и кресты бывают усыпаны багрянными, как кровь, точками.

А за кладбищем дымились кирпичные заводы. Густой, черный дым большими клубами шел из-под длинных камышовых крыш, приплюснутых к земле, и лениво поднимался вверх. Небо над заводами и кладбищем было смугло, и большие тени от клубов дыма ползли по полю и через дорогу. В дыму около крыш двигались люди и лошади, покрытые красной пылью...

За заводами кончался город и начиналось поле.

А.П. Чехов. «Степь»

Баяғыда кеме жүзген қолтық, басаттардың бәрі – қазір қара жер. Теңіздің бұл бетіндегі баяғы аралдар – Жалаңаш, Бұйырғынды мен сол анау көз ұшында бұлдырап қалып бара жатқан Көкарал қазір қара жерге тұтасып кеткен. Жәдігер баяғыда ата-бабалары қостанып жатып балық аулаған су ортасындағы сол аралдарды көбіне-көп шамамен ойша танып, көңілі құлазыды да отырды. Есіңе қай-қайдағылар түсіп, баяғыда осы елдің басынан өткен өмір бірінен соң бірі тіріліп жатыр.

Кенет елең етіп, еңсеңді тіктеп алдың: Әй-әй, мына шұңғыма шұқыр қайдан шықты? Бұл жерде дәл осындай қазаншұңқыр жоқ еді ғой? Тоқта... Бәтір-ау, мынау Шөмішкөл емес пе, әй? Тұзды сор бетіне шыққан мына қазаншұңқыр баяғыда балығы тайдай тулаған атақты Шөмішкөл болды-ау! Ой, адыра қалған, атамекен-ай!

Көзінің алды жыбырлап, жас дымдаған кірпік жыпылықтап кетті. Ауыз ашса, ар жағынан ақтарылатындай қорықты да, дыбысын шығармай, дір-дір етіп, тістеніп, отырып қалды. Көз қиығын білдірмей, шоферге тастап еді. Құдай оңдап, оның бұнымен ісі жоқ екен; екі көзі алда; сырқылдақ машина сарт-сұрт; салдыр-күлдір; бауырындағы төрт доңғалақ тұзы бетіне шыққан қазаншұңқырдың аппақ ақ шаңын бұрқылдатып зулап келе жатыр еді; кенет әлде бір шұңқырға бауырын сарт-сұрт соғып, сәл баяулай бергенде, соңында шұбалған аппақ сор сәтте лап беріп, алдына шауып, ұйқы-тұйқы борап ала жөнелді. Кабина іші ұйтқыған ақ сорға толып кетті.

*(Әбдіжәміл Нұрпейісов. «Соңғы парыз» романы)*

**1) Сұрақтарға жауап беріңдер.**

1. Оқиға қай уақытта болған?
2. Қандай жыл мезгілі суреттелген?
3. Қай үзіндіде теңіз, ал қай үзіндіде дала суреттеледі?
4. Кейіпкерлер жолда нені көрді?

**2) Үзінділерде суреттелген детальдарды табыңдар. Детальдардың шығармадағы қызметін анықтаңдар.**

«Степь» повесі	«Соңғы парыз» романы
Кузница	Қара жер

3) Үзінділерден экология мәселесін суреттейтін детальдарды табындар.

4) Қай шығармада экологиялық мәселе өте өзекті мәселеге айналған? Шығармадан үзінділер келтіріп, түсіндіріңдер.

5. Суреттер шығарма авторларының идеяларын бере алды ма?



8-


сабақ

## Қазақстанның атом өндірісі

?

1. Суреттерге қараңдар.

1. Оларда не бейнеленген?
2. Олардың орналасуында қателік бар ма?
3. Сен суреттерді қалай орналастырар едің?





**2. Сөздерді түсіндірмелерімен сәйкестендіріңдер, сөйлемдер құраңдар.**

- |                                     |   |
|-------------------------------------|---|
| 1) жұмылдыру –                      | а) уранды өндіру әдісі                                    |
| 2) тәжірибелік-өндірістік кәсіпорын | ә) сынақтар өтетін орын                                   |
| 3) қайта өңдеу –                    | б) бір жұмысқа біріктіру                                  |
| 4) карьерлік өндіру –               | в) қайталанбас  |
| 5) бірегей –                        | г) кен байлықтарын ашық өндіру                            |
| 6) жерасты шаймалау –               | ғ) табиғи шикізаттардың физикалық, химиялық өндеуден өтуі |

**3. Сұрақтар мен жауаптарды сәйкестендіріңдер.**


Қазақстандағы атом өндірісі неден тұрады?

Жерасты шаймалау әдісімен

Уран рудасы қайда қолданылады?

Кен орындарынан, тәжірибелік реакторлардан тұрады


Қазақстан уран өндіруден әлемде нешінші орында тұр?	АЭС-те, ғарыш саласында
Уранды қайда қолданады?	Ол қайта өңдеуден өтеді
Уранды қалай өндіреді?	Әлемдегі уранның 60%-ы елімізде өндіріледі

 4. Ақпаратты тыңдаңдар, мына сандармен байланысты қандай мәліметтер берілгенін анықтаңдар.

- |             |                    |
|-------------|--------------------|
| • 40-жылдар | • 1947–1965        |
| • 1947 жыл  | • 70-жылдары       |
| • 30 пайыз  | • 1980–1982 жылдар |
| • 1951      | • 225 миллион фунт |


5. Қазақстандағы атом индустриясының дамуын циклограмма түрінде көрсетіңдер.



 6. Тыңдаған ақпарат бойынша аннотация жазыңдар.

7. Жұптық жұмыс. Сурет бойынша сұрақтар құрастырыңдар. Сұрақ қойыңдар, жауап беріңдер.

### Қазақстанда уран өндіретін кен орындары





9-

сабақ

## «Қазатомпром» компаниясы

### ? 1. Сұрақтар бойынша пікірлесіңдер.

1. Атом энергиясы әлемде жиі қолданыла ма?
2. Атом энергиясын қолдану қауіпті ме, қауіпсіз бе?
3. Уран өндіру соңғы жылдары көбейді ме, азайды ма?
4. Қазақстанда уран өндірумен қандай компания айналысады?

### 2. Сөйлем бөліктерін байланыстырыңдар.

«Қазатомпром» компаниясы туралы



Компанияның минералдық активтері	Қазақстанның төрт негізгі өкімшілік облыстарында	«Қазатомпром» Ұлттық атом компаниясы
1997 жылы 14 шілдеде	әсер ететін негізгі фактор	орналасқан
Олар	Қызылорда облысы (Шиелі және Жаңақорған аудандары); Түркістан облысы (Созақ және Отырар ауданы); Солтүстік Қазақстан облысы (Уәлиханов ауданы) және Ақмола облысы	енді
Топтың қаржылық нәтижелеріне	«Волковгеология» геологиялық барлау компаниясы, Степное, Орталық, Алтыншы кен орындары және Ульба металлургиялық зауыты	болып табылады
«Қазатомпром» компаниясына	ҚР Президентінің бұйрығымен	уран өнімін сату бағасы болып табылады

### 📝 3. Терминдерді құрылымына қарай талдап, жасалу жолдарын анықтаңдар.

- |            |          |             |
|------------|----------|-------------|
| • теңгерім | • ұсыныс | • шығарынды |
| • нарықтық | • түсім  | • сұраныс   |
| • өндіріс  |          |             |

### 📁 4. Компания қызметі туралы ақпараттарды оқыңдар. Ақпараттың не туралы екенін анықтаңдар, тақырып қойыңдар.

1. «Қазатомпром» компаниясының қаржылық нәтижелеріне әсер ететін негізгі фактор уран өнімін сату бағасы бо-

лып табылады, бұл 2018 жылдың қорытындысы бойынша шоғырландырылған түсімдегі уран сегментінің үлесі 84% -ды құрайды.

Қандай да бір өнімнің жылдық өткізу бағасы сатуға тәуелді. Нарықтағы уранның бағасы сұраныс пен ұсынысқа қарай анықталады. Яғни сұраныс көп болса, уран бағасы өседі, ал сұраныс төмен болса, уран бағасы арзандайды.

Фукусимадағы оқиғадан кейін атом энергиясына сұраныс азайған болатын. 2011 жылы Жапонияда атом электр станциясы апатқа ұшырады. АЭС апатынан адамдар қаза тапты, радиация ауаға, суға тарады.

Дегенмен қазіргі уақытта экономикаға парниктік газдарды ұлғайтпайтын энергия көздері керек. Ал парниктік газдар жанармай шығарындыларынан ұлғайып жатыр. Бұл экологияға үлкен зиянын тигізіп отыр. Атом энергиясы экологияны сақтауға, тазартуға мүмкіндік береді. Сондықтан алдағы уақытта уранға сұраныс көбейеді. Соған байланысты компания ұзақмерзімді жоспарлар құрып жатыр. Энергетика саласында алдағы уақытта атом энергиясы жетекші орынға ие болады.

Не туралы? .....

Тақырып .....

2. «Қазатомпром» өз өнімін 11 елдің 22-ден астам компаниясына сатады.

2018 жылдың мамыр айында компания Лондон қор биржасында тіркелген табиғи уранды ұзақмерзімді корпоративтік ұстаушысы Yellow Cake plc-пен жеткізу туралы келісім жасасты. Келісімде 170 млн АҚШ доллары сомасына 8,1 млн фунт U3O8\* (немесе 3 112 тоннаға жуық) мөлшерінде бастапқы жеткізу және Yellow Cake plc 2019–2027 жылдары жыл сайын 100 млн АҚШ доллары мөлшеріндегі қосымша сомаға U3O8 сатып алу құқығы көзделеді. Қазіргі уақытта әлемде шамамен 70-ке жуық түпкілікті уран пайдаланушысы бар деп саналады. Компания болашақта өзінің клиенттік базасын кеңейтуге ұмтылады және Еуропадағы, Солтүстік пен Оңтүстік Америкадағы, Таяу Шығыстағы әлеуетті клиенттермен келіссөздер жүргізеді.

\*U3O8 – танымал уран концентраты

5-тапсырмадағы кестеде күнтізбелік 2015–2018 жылдарға арналған кірістер бойынша компанияның уран өнімін пайдаланушы клиенттердің географиялық бөлінуі жөніндегі деректер келтірілген.

(«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ  
біріктірілген жылдық есебінен)


Не туралы? .....  
Тақырып .....

5. Кестемен танысыңдар. Төменде берілген тұжырымдардың шын/жалған екенін анықтаңдар.

### Уран өнімін пайдаланушы серіктестер

Өңір	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл
Қытай	44%	47%	60%	34%
Еуропа	19%	16%	18%	9,2%
Үндістан	–	11%	8%	23,2%
Оңтүстік Корея	3%	6%	4%	–
АҚШ	20%	12%	4%	4,5%
Басқалар <sup>(1)</sup>	14%	8%	6%	29,1%
Барлығы	100%	100%	100%	100%

1. Қытай уранды әлемде көп қолданатын ел болып табылады.
2. Еуропа елдері АҚШ-қа қарағанда уранды көп сатып алады.
3. Оңтүстік Корея уранды тұрақты түрде қолданбайды.
4. АҚШ экономикасында соңғы уақытта дағдарыс орын алған.
5. Еуропа елдері уранды тұрақты түрде қолданып келеді.
6. Қытай елі уранды 2015 жылы көп игерген.
7. Әлемде уранға деген сұраныс жылдан-жылға азайып келеді.

 6. «Атом индустриясын дамыту өзін ақтайды» тақырыбына келісу/келіспеу эссесін жазыңдар.

**?** 1. Сұрақтар мен жауаптарды сәйкестендіріңдер.

Сұрақтар	Жауаптар
1. Климаттың өзгеруі деген не?	А. Теңіз деңгейі 10–20 см көтерілді.
2. Парниктік әсер деген не?	Ә. Киот хаттамасы өндірісті қысқартуды, парниктік газдарды ауаға шығармауды міндеттейді. 2001 жылы АҚШ бұл хаттамадан шықты. Сөйтіп, бұл хаттама өз күшін жоғалта бастады. АҚШ әлемдегі парниктік газдың 4/1 бөлігін шығарады.
3. Ғаламдық жылынуды неден байқауға болады?	Б. Климат жылдан-жылға өзгеріп келеді. Қазір бұған адамзат кінәлі екенін бәрі біледі. Климаттың өзгеруі Жер планетасына, тіршілікке әсер етеді.
4. Ауа райы қалай өзгеріп жатыр?	В. Бұл – термин. Жер бетіндегі жылуды газ қабаты қорғайды. Ол метан, көміртегі, диоксид, азот қышқылынан тұрады. Алайда қазір олардың ішінде көмірқышқыл газының мөлшері көп. Соның салдарынан жылу Жер бетінде ұзақ сақталады. Сондықтан ауа райы жылынып жатыр.
5. Халықаралық қауымдастық не істеп жатыр?	Г. Ғалымдар: «Нәсер, су тасқындары көп болады. Ал ішкі аудандарда құрғақшылық орын алады», – дейді.

**?** 2. «Сен табиғатты қаншалықты қорғайсың? Қаншалықты ол туралы ойлайсың?» деген сұраққа жауап беріңдер.

1. Сен үйіңді тазалап жатырсың. Әр бөлмеде 5–10 минуттан шаңсорғышты қосасың. Сен не істейсің?

- 1) әр бөлмені тазалап болған соң, жарықты өшіресің (1);
- 2) жарық барлық бөлмеде жанып тұрады (2).

2. Сен таңертең тіс тазалайсың. Тіс тазалау кезінде:

- 1) суды жабасың (1);
- 2) су ағып тұрады (2).

3. Сенің сабақтан кейін тамақ жегің келді:

- 1) дайын тамақты микротолқынды пеште жылытасың (2);
- 2) газға қуырып жейсің (1).

4. Дүкенде өзіңе жейде сатып алғың келді:

- 1) сен табиғи өнімнен тігілген түрін таңдайсың (1);
- 2) сен 50 пайыз полиэстерден тұратын жейдені аласың (2).

5. Сен азық-түлік оралған полиэтилен пакетті:

- 1) қоқысқа тастайсың (3);
- 2) жуып, екінші рет қолданасың (2);
- 3) азық-түлікті қағаз қалтаға орайсың (1).

6. Сен кірді:

- 1) кіржуғыш мәшинемен салқын суда жуасың (1);
- 2) қолмен ыстық суда жуасың (2).

7. Сен:


- 1) метромен жүруді ұнатасың (1);
- 2) автобуспен жүресің (2);
- 3) өз көлігіңмен жүруді ұнатасың (3).

Кім көп балл жинады? Кім өзін нағыз «жасылдардың» қатарынанмын деп айта алады?

3. Бұл туралы ойландың ба?

- 1) Қай затты қайта өңдеу керек? \_\_\_\_\_
- 2) Қай затты қолданбау керек? \_\_\_\_\_
- 3) Қай затты ауыстыру керек? \_\_\_\_\_

**Керекті сөздер:** қағаз, металл, көмір, пластик, полиэтилен пакет, сусабын, дәптер, химиялық жуғыш заттар, шам, банан, алма, көлік, теледидар.

 4. Ауа райының өзгеруі, ғаламдық жылыну туралы интернеттен алынған пікірлерді оқыңдар. Сен бұл пікірлер туралы не ойлайсың?

*Арайлым:* Әжемнің айтуынша, бұрын біздің облыста ауа райы суық болған екен. Қыста ауа температурасы 40 градусқа дейін көтерілген. Ал қазір бұрынғы уақытқа қарағанда қыс жылы болып жүр екен. Қар да бұрын аз жауады екен. «Қазір қар көп», – дейді әжем. Қазір біз қыста көшеде қыдырамыз. Қармен ойнаймыз. Алайда қазір Сырдария бұрынғыдай қатты қатпайды екен. Әжем бұрын қыста мәшинелер өзенде мұздың үстінен жүрген дейді.

*Сара:* Менің ағам Испанияда оқып жатыр. Ол Испанияның оңтүстігінде қараша айында да суға түсуге болады дейді. Өйткені су жылы, ауа райы да суық емес екен.

*Ерік:* Мен Лондонда оқимын. Ғаламдық жылыну болса, Лондондағы ауа райы өзгереді. Күн ашық болып, адамдар табиғатта, таза ауада көп уақыт өткізеді ғой. Маған жылы, ашық ауа райы ұнайды. Солай болса, мен қарсы болмас едім.

**5. Мына тезистер бойынша пікірлесіңдер. Көтерілген мәселені талдаңдар, негізгі ойды анықтаңдар.**

1. Климаттың өзгеруі қазіргі уақытта біздің планетамыз үшін ең зор қауіп болып табылады.

2. Барлық елдер ауаны көмірқышқыл газымен ластауға қарсы күресуі, шұғыл шешім қабылдауы керек.

3. Қарапайым адамдар ғаламдық жылынуға қарсы еш нәрсе істей алмайды.

4. Мені климаттың өзгеруі қобалжытады.

5. Біз ғаламдық жылыну салдарынан көп жануарлар мен өсімдік түрлерін жоғалтамыз.

6. Жер планетасында адам саны көп.

7. Энергияны сақтау үшін, үнемдеу үшін әр адам атсалысуы керек.



**6. Ақпарат дайындаңдар.**

1. Өлемдегі климаттың өзгеруі туралы 1 ақпарат дайында.  
2. Бұл ақпараттың маңызды екеніне басқа оқушыны сендір.

3. Оның салдарына, болашағына болжам жаса.

4. Ақпарат бойынша сұрақтар дайында. Оқушылардың өзіңді қалай түсінгенін бағала.

11-

сабақ

**Ғаламдық жылыну**



**1. Сұрақ бойынша пікірлесіңдер.**

1. Біздің елімізде қазіргі уақытта қандай экологиялық мәселе, тақырып маңызды болып табылады?

2. 2 минут ішінде ойланып, бір мәселені атаңдар.



**2. Ақпаратпен танысыңдар. Ол бойынша жасалған аннотацияның қайсысы дұрыс деп ойлайсыңдар?**

**Климат неге өзгереді?**

Климат неге өзгереді? Бұл сұраққа жауап беру үшін ауа райы мен климаттың айырмашылығын түсіну керек. Ауа райы деп күнделікті температура, қар, жаңбырлы қар, жел,


жаңбырдың жаууын айтамыз. Климат ауа райының белгілі бір уақыт ішіндегі орташа көрсеткіші болып табылады. Парниктік эффект дегеніміз табиғи үдеріс, Күннен шыққан энергия Жер бетіндегі атмосфералық қабаттан өтеді, бірақ кері толық қайтарылмайды. Газ қабаттары Күн энергиясын ұстап тұрады. Сондықтан Жер бетінде жылу, парниктік газдардың тепе-теңдігі миллиондаған жылдар бойы сақталды. Алайда адамзат әрекетінің нәтижесінде бұл табиғи тепе-теңдік бұзылды.

#### Жазбалар жасау


Оқыған, тыңдаған ақпарат бойынша жазбалар жасау үшін негізгі ақпарат пен көмекші ақпараттарды ажырата білу керек.

**1-жазба.** Климаттың өзгеруін түсіну үшін климат пен ауа райының арасындағы айырмашылықты білу керек. Парниктік әсер атмосфераға газ қабаттарының Күн энергиясын ұстауы, кері шығармауы болып табылады. Соның салдарынан Жер бетінде жылу сақталады. Мыңдаған жылдар бойы тепе-теңдік сақталды.

**2-жазба.** Климат пен ауа райы әртүрлі, бірі – қысқа-мерзімді, екіншісі – ұзақ-мерзімді. Парниктік эффект Жер бетіндегі климатты сақтайды. Адамдар табиғи тепе-теңдікті бұзып жатыр.

 **3. Мына сұрақтарға жауап бере аласың ба? 2-тапсырмада берілген ақпаратты пайдаланып, қай сұраққа қысқа жазба дайындауға болады?**

Сұрақтар	Жазбалар
Климаттың өзгеруі дегеніміз не?	
Климат қалай өзгеріп жатыр?	
Егер қазіргі жағдай өрі қарай жалғаса берсе, не болады?	
Климат үнемі өзгеріп отырды емес пе?	
Климатолог ғалымдар климаттың өзгеруімен келісе ме?	
CO <sub>2</sub> ауа құрамында көбеюі мен климаттың өзгеруі арасында байланыс бар ма?	
Мен қалай көмектесе аламын?	

 **4. Топқа бірігіңдер. 3-тапсырмадағы сұрақтар бойынша өз жауаптарыңды ұсынып талқылаңдар. Жауаптар бойынша қысқа жазбалар жазыңдар.**

**1. Терминдер мен олардың дефиницияларын сәйкестендіріңдер.**

ғаламдық жылыну

парниктік эффект

климаттың өзгеруі

атмосфера

көмірқышқыл газы

парниктік газдар

жоғарылау

өндіріс қалдықтары

флора мен фаунаның жойылуы

экожүйе

1. Атмосферадағы газдың Күн жылуын сақтауын білдіретін үдеріс.

2. Атмосферадағы жылуды ұстайтын газ түрлері.

3. Химиялық атауы  $\text{CO}_2$  деп аталатын парниктік газ.

4. Белгілі уақыт аралығындағы климаттың өзгеруі.

5. Жер бетіндегі орташа температура көтеріледі.

6. «Көтерілу» етістігінің синонимі.

7. «Ауа» сөзінің ғылыми атауы.

8. «Табиғи орта» сөзінің ғылыми атауы.

9. Өндіріс қалдықтарының бір түрі.

10. Өсімдік және жануарлар түрлерінің азаюы.



2. «Мен климатты сақтау үшін не істей аламын?» деген сұраққа шағын жауап жазыңдар. Өз шешімдеріңді айтып, түсіндіріңдер, мысалдар келтіріңдер. Мына грамматикалық омонимдерді қолданыңдар: *шығыс, айтыс, бөлме*.



3. 4 оқушыдан топ құраңдар. Өр оқушы 4 түрлі мәтінді бір-бірден бөліп алыңдар, мазмұнын топтағы оқушыларға баяндаңдар. Төмендегі сұрақтарға жауап беріңдер.

I. Біз қазіргі заманға сай өмір сүру үшін тамақ, жанар-жағармай, электр энергиясын қажет етеміз. Алайда біздің қуат өндіруіміз жерге зиянын тигізіп жатыр. Бұдан шығатын жол бар ма? Климаттың өзгеруі – шындық. Оны мына деректер дәлелдейді.

Арктикада күн күрт жылынып, оның мұз қабаты жұқарды. Күн сәулесі мұзға шағылысып, аспанға қайтпайды.



Ол Жер бетінде сақталады. Сондықтан жылыну үдерісі жылдамдайды. Судың ішінде еріген теңіз мұзы оның деңгейін көтермейді, алайда Жердегі мұздың еруі әсер етеді. Өлем бойынша тау мұздықтары да азайып келеді. 1900 жылдан бері жалпы теңіз деңгейі 20–23 см-ге көтерілді. Ал ол жағалаулардағы су тасқынын көбейтті. Мәселен, «Сэнди» дүлей дауылы кезінде су тасқыны мен жел АҚШ-тың шығыс жағалауына 68 миллиард доллар көлемінде зиян тигізді.

II. Адамзат әрекеті, автомобильмен саяхаттау, ыстық су қолдану, үйді жылыту атмосферада парниктік эффектін күшейтті. Ол Жер бетіндегі жылудың температурасын көтеріп отыр. Жер бетінде ауаның жылынуы 1997 жылдан басталды. Ең ыстық ауа райы соңғы 10 жылда жиі байқалып отыр.

Егер қазіргі атмосфераға газдың зиянды қалдықтарын осы көлемде әрі қарай шығара берсек, 2050 жылы Жер бетіндегі ауа температурасы 7 градусқа көтеріледі. Бұл Жер бетіндегі экожүйені өзгертеді. Тропикалық ормандар бүлінеді, жануарлар мен өсімдіктердің көптеген түрлері жойылады.

III. Климатологтар климат өзгеріп жатыр деп есептейді. Оның басты себебі парниктік газдар мөлшерінің ауада көп болуы. Климаттың өзгеруі туралы баяндамаларды МГЭИК (Климаттың өзгеруі жөніндегі үкіметаралық сарапшылар тобы) сарапшылары жазды. Сарапшылар тобы 30 елден келген 152 ғалымнан тұрады. Бұл климаттық өзгерістерге 600 сарапшы талдау жасады. Олар климаттың жылынуы ауада антропогенді парниктік газдардың көбеюімен байланысты деп есептейді.

IV. Жер бетіндегі климат еш уақытта тұрақты болған жоқ. Ол үнемі өзгеріп отырды. Алайда ол табиғи түрде өзгерді. Ал қазіргі өзгеріс табиғи түрде болып отырған жоқ. Мысалы, жанартаулардың атқылауы, жаңбырлардың ұзақ жаууы. Алайда қазіргі климаттың өзгерісі адамның әрекетінің қорытындысы болып отыр.


Температураның көтерілуі мен көмірқышқыл газы арасында байланыс бар. Бұрын температураның көтерілуі көмірқышқыл газының артуына әкелсе, қазір көмірқыш-

қыл газының көп мөлшері Жер бетіндегі температураны жоғарылатты. Көмірқышқыл газының көлемі 35 пайызға артқан. Қазір оның ауадағы құрамы 800000 жыл аралығында ең жоғарғы көрсеткішке жеткен.

(«National Geographic» журналынан)

**Сұрақтар:**

1. Климат қалай өзгеріп жатыр?
2. Климаттың өзгеруі туралы ғалымдар не дейді?
3. Сен Жер бетіндегі жылыну мен CO<sub>2</sub> арасында байланыс бар деп ойлайсың ба?
4. Егер атмосфераға шығатын зиянды қалдықтарды азайтпасақ, не болады?
5. Жер бетінде климат үнемі өзгеріп отырды ма?
6. Климатты адамзат өзгертті ме?

 4. Әлем халықтарын Жер планетасын сақтауға шақыратын үндеу дайындаңдар.

13-


сабақ

**Нәтиже сабақ**




1. Суреттер бойынша өз ойларыңды бөлісіңдер.




 2. «Экология» сөзіне анықтама беріңдер. «Экология» сөзіне қатысты тіркестерді тізіп жазыңдар.

1. Негізгі белгілерін ата.
2. Қызметтерін сарала.
3. Қасиеттерін тізіп жаз.
4. Басқа заттарға ұқсат.
5. Бұл сөзбен байланысты туатын сезімдерді ата.

 3. Бұл терминдер қай салада қолданылады?

Қоршаған орта, экологиялық жағдай, пайдалы қазба, қондырғы, парниктік әсер, ластаушы көздер, шөгінді, бұрғылау, өндіру, шығарындылар, ғаламдық жылыну, кен орындары.

 4. «Пайдалы қазбалар» және «Экология» тақырыптары бойынша есте қалған ақпараттарды 10 минут ішінде тізіп жазыңдар. Ақпараттарды маңыздылығына қарай топтастырыңдар. Ең маңызды 3 ақпаратты атаңдар, салыстырыңдар.

 5. «Менің қаламның экологиясы» тақырыбында жоба дайындаңдар.

*Жобада:*

1. Өз қалаңдағы ең маңызды экологиялық мәселені ата.
2. Ол бойынша керекті мәліметтерді ақпарат құралдарынан ізде.
3. Экологиялық мәселе туралы сыныптастарыңның пікірін біл. Сауалнама сұрақтарын жүргіз.
4. Мәселені шешудің жолдарын көрсет.

Ілияс Жансүгіровтің  
«Күй» поэмасы

1-

сабақ

Өлемдегі тілдер

**1. Сұрақтарға жауап беріңдер.**

1. Сен күнде қай тілде жиі сөйлейсің?
2. Достарыңмен қай тілде сөйлесесің?
3. Отбасыңда қай тілде сөйлесесің?
4. Көліктерде, дүкендерде қай тілде ақпарат сұрайсың, жауап бересің?

**2. Терминдер мен олардың түсіндірмелерін сәйкестендіріп айтыңдар. Терминдердің жасалу жолдарын анықтаңдар.**

1. Халықаралық тіл	А. Бұл тілді адамдар күнделікті қолданады, сөйлеседі. Бұл тіл өмірдің барлық саласында қолданылып дамиды.
2. Мемлекеттік тіл	Ө. Бұл тілде көпұлтты мемлекеттің халықтары сөйлейді.
3. Тірі тіл	Б. Басқа мемлекеттің тілі.
4. Өлі тіл	В. Бұл тілде адамдар сөйлемейді, қарым-қатынас жасамайды.
5. Ресми тіл	Г. Бұл дүниежүзіне кең тараған, мемлекеттер арасындағы қарым-қатынас тілі.
6. Ана тілі (ұлттық тіл)	Д. Бір ұлт өкілдерінің тілі.
7. Екінші тіл	Е. Көпұлтты, көптілді мемлекетте адамдар ортақ бір тілде сөйлеседі.
8. Шет тілі	Ж. Сот, оқу т.б. ресми кеңсе қызметінде мемлекеттік тілмен қатар қолданылады.

**3. Мәтінді оқыңдар. Тапсырмаларды орындаңдар.**

Терминдердің жасалу жолдары:

- 1) сын есім + зат есім:
- 2) зат есім + зат есім:
- 3) сан есім + зат есім:

**1. Сөйлемдерді керекті сөздермен толықтырыл, мәтінді оқыңдар.**

- 1) сақталу
- 2) ұмыту
- 3) алу
- 4) қолданбау
- 5) қолдану
- 6) ауыстыру
- 7) жойылу
- 8) сөйлемеу
- 9) пайда болу

**2. Сұрақтарға жауап беріңдер.**

1. Автор мақаланың кіріспе бөлімінде қандай мәселені атаумен бастайды?
2. Автор қандай ғылыми тұжырымды дәлелді түсіндірді?
3. Мақаланың негізгі бөлімін неше бөлікке бөлуге болады?
4. Автор мақалада қандай ойды жеткізгісі келді?
5. Бұл мақала кімдерге арналған?
6. Мақаланы қай стильге жатқызуға болады: ғылыми ма әлде публицистикалық па?

**Тірі тілдер және өлі тілдер**

Адамзат тарихында мыңдаған тіл болған. Бірақ олардың бәрі бірдей қазір қолданылмайды. Соған қарай тілдерді тірі тілдер және өлі тілдер деп бөледі.

Өлі тілдерде қазіргі уақытта адамдар ... . Өлі тілдер тек ескі жазба ескерткіштерде ғана ... . Бұндай тілдер сол жазбалар негізінде зерттеледі. Тілдер неге өледі? Адамдар бұл тілде сөйлемейді. Сондықтан тілді ... . Ал адамдар қай уақытта тілді ... ? Бір тілдің орнын екінші тіл ... , басқа тіл жиі қолданылса, адамдар өз ана тілінде сөйлемейді, ұмытады. Мысалы, АҚШ, Австралияда адамдардың қарым-қатынас тілі ағылшын тілі болды. Сондықтан ресми іс қарым-қатынасында ағылшын тілін ... . Ал жергілікті халық қоғам өміріне араласу үшін ағылшын тілінде сөйледі. Сондықтан олардың ана тілдері ... . Мектептерде, институттарда, университеттерде білім екінші тілде беріледі. Ол кезде ұлттың ана тілі қолданылмайды. Адамдар білімді ана тілінде емес, екінші тілде ... . Олар бірте-бірте ана тілдерін ұмытады. Жоғалған тілде жастар емес, тек кәрі адамдар ғана сөйлейді. Әлемде өлі тілдер қатарына Египеттегі копт тілі, латын тілі, санскрит тілі, тибет тілі, хетт, шумер тілдері жатады.

Тірі тілдер – қолданыстағы тілдер. Тірі тілдерде адамдар ұжымы күнделікті сөйлеседі, хат жазады, тілді өмірдің барлық саласында қолданады. Тілде жаңа сөздер ... дамиды. Ал тілдің өмір сүруі үшін адамдар саны маңызды емес. Сонымен әлемде 5 мыңнан аса тіл болса, оның бәрі қолданыста бола бермейді. Тілдер де тірі ағза сияқты қолданылса, өмір сүреді, ал қолданылмаса, өледі.

**4. Тілдер туралы кестені толтырыңдар, сыныптастарыңа өз талдауларыңды ғылыми пікір түрінде ұсыныңдар.**

	ағылшын тілі	латын тілі	орыс тілі	қазақ тілі	хинди тілі	испан тілі	неміс тілі	нидерланд тілі
халықаралық тіл	+							

мемлекеттік тіл	+								
ресми тіл	+								
тірі тіл									
өлі тіл	-								
ұлттық тіл	+								
ана тілі	+								
екінші тіл	+								
шет тілі	+								

**Үлгі:**

*Ағылшын тілі – халықаралық тіл, тірі тіл, ұлттық тіл, ресми тіл, мен үшін шет тілі болып табылады. Бұл – қалыптасқан пікір. Сені бұнымен келіседі деп ойлаймын.*

*1-дәлел.* Ағылшын тілі – әлемде кеңінен тараған халықаралық тіл. Дипломатиялық қарым-қатынас, экономикалық қарым-қатынастың ресми тілі ретінде ағылшын тілі қолданылады.

*2-дәлел.* Әлемдегі дамыған елдер АҚШ пен Ұлыбританияның мемлекеттік тілі.

*3-дәлел.* Ағылшын тілі қазақстандықтар үшін шет тілі болып табылады.

*Ол қиіделікті қарым-қатынаста қолданылмайды. Оны әркім білім алу үшін, жұмыс істеу үшін, бизнесті дамыту үшін үйренеді, арнайы курстарға барады.*

**Ғылыми пікірді жеткізу әдебі**

- Бұл мәселе қазіргі уақытта өзекті болып табылады.
- Біздің мақсатымыз ... екеніне назар аудару.
- Бүгін біз ... мәселесін талқылау үшін жиналды.
- Сіздің көзқарасыңызбен келісемін.
- Бұл өте орынды негізделген пікір болды.
- Мен осы пікірді қолдаймын.
- Бұл мәселе туралы қайшы пікірлер көп. Соның бірі ... деген пікірді қолдаса, екінші ғалымдар тобы ... деген пікірді қолдайды.




**5. Кестеден керекті сөздерді таңдап, «ана тілі» ұғымын сипаттаңдар.**

Сөздер тізбегінен «ана тілі» ұғымын:

- Қандай ұғыммен салыстыруға болады?
- Немен теңеуге, неге ұқсатуға болады?
- Қандай сын есімдермен сипаттауға болады?

- Қандай етістіктермен белгілеуге болады?
- Кестені тағы қандай сөздермен толықтыруға болады?

Анықтау	Салыстыру/ теңеу	Ұқсату	Қызметі
әуезді	күстай	қылыш	жырлау
әсерлі	желдей	садақ	сақтау
сұлу	ауа сияқты	қорған	қуану
әдемі	тұлпардай	қамал	бейнелеу
туған	лашындай	бабалар	таңбалау
көркем	аққудай	тарих	сөйлеу
бай	көлдей	тағдыр	байланыстыру
	таудай	қайғы	тәрбиелеу
	судай	қуаныш	жинақтау
	өзендей		жеткізу

 6. Өлең шумақтарын оқыңдар. Ана тілін сипаттайтын сөздерді тауып, олардың мағынасын және қызметін түсіндіріңдер (ұқсату, салыстыру, сипаттау).

Туған тілім – бабам тілі – өз тілім,  
Туған тілім – анам тілі – өз тілім.  
Туған тілім – далам тілі – өз тілім,  
Туған тілім – адам тілі – өз тілім.

*(Дихан Әбілов)*

Жігіт бірде кедейленер, байыр да.  
Ақ атымды, қанатымды қайырма.  
Айырылсам да, қымбатымнан талай бір,  
Уа, тағдырым, тек тілімнен айырма!

*(Құрманбай Толыбаев)*

Ана тілін ұмытқан адам өз халқының өткенінен де,  
болашағынан да қол үзеді.

*(Ғабит Мүсірепов)*

Туған тілім – тірлігімнің айғағы,  
Тілім бар да айтылар сөз ойдағы.  
Өссе тілім, мен де бірге өсемін,  
Өшсе тілім, мен де бірге өшемін.

*(Әбділда Тәжібаев)*

7. Ғылыми пікірталасқа қатысыңдар. 4 оқушыдан топ құраңдар. Әр оқушы бір тақырыптан таңдайды. Тақырып бойынша өз пікірін айтады. Қалған оқушылар сөйлеген оқушының пікіріне баға береді.

1. Тіл – тарихи құбылыс.
2. Тілдердің дамуында эволюциялық заңдылық бар.
3. Тіл – адамның рухани дүниесінің айнасы.
4. Жеті жұрттың тілін біл.

2-

сабақ

Полиглот

1. Полиглот болу үшін неше тілді білу керек? Қазақ халқының тарихында полиглоттар болды ма? Олар қандай тілдерді білген?



2. Сөздерді дефиницияларымен сәйкестендіріңдер.

шағатай тілі

XVI–XX ғ. аралығындағы жазба тіл.

кітаби тіл

Түркі тайпаларының тілі.

түркі тілдері

Шағатай ұлысына қараған түркі тайпаларының тілі.  
Қазір өлі тіл.



3. Ақпараттарды тыңдаңдар. Керекті сөздерді жазыңдар.



Шығыс ғұламасы Әбу Насыр әл-Фараби ...ке жуық тілді меңгерген.



Ұлы Абай орыс-қазақ тілдерімен қатар парсы, араб тілдерін ... . Ол орыс тілін орта жасында үйренген. Пушкиннің, Лермонтовтың шығармаларын аударған.




Қазақ халқының ұлы перзенті Шоқан Уәлиханов араб, шағатай және түркі тілдерінің біразын білген. Кадет корпусында оқыған. Орыс тілін ... меңгерген.



**4. Бұлар кімдер екенін айтыңдар.**

1. Бұл адам ғылыми орыс тілін жетік білген ... .
2. Бұл адам Еуропа тілдері мен көне тілдерді жақсы білген ... .
3. Бұл адам орыс тілін терең білген ... .
4. Бұл ең көп тіл меңгерген адам ... .

 **5. Жұптық жұмыс.** «Сен полиглотсың ба?» деген тақырып бойынша бір-біріңе сұрақ қойып, жауап беріңдер. Сөйлеу әдебі ережелерін сақтаңдар.

*Үлгі:*

А. Сен неше тілде сөйлей аласың?

Ә. Мен үш тілді білемін.

А. Жауабыңа рақмет. Қандай тілдер екенін айта аласың ба?

Ә. ...

А. Қиын болмаса, қандай тілде тез сөйлейсің?

Ә. ...

А. Ал пікірталастарға, ғылыми ортада қай тілді жиі қолданасың? Неге?


Ә. ...

А. Егер құпия болмаса, тілдерді қалай үйренесің? Өз әдісіңмен бөлісе аласың ба?

Ә. ...

**Сұрақ қою әдебі**

- Ғафу етіңіз!
- Өтінемін!
- Қиын болмаса ...
- Сұрауға бола ма?
- Қалай ойлайсыз?
- Жауабыңызға рақмет!

 **6. «Полиглот деген кім?» деген тақырыпта шағын мақала жазыңдар.** Төмендегі синонимдер мен көркемдегіш сөздерді қолданыңдар.

үйрену/меңгеру/оқу/бойға сіңіру/білім нәрімен сусындау;  
жетік/терең;/ әдемі/көркем

**Ақпараттық мақаланың құрылымы**

**1. Кіріспе.** Мәселені ата. Бұл тақырыптың өзектілігін, маңыздылығын түсіндір.

**2. Негізгі бөлім.**

Кіріспеде берілген негізгі ойды дәлелдеу үшін аргумент құр.

1-аргумент:

2-аргумент:

3-аргумент:

**3. Қорытынды.**

Кіріспеде берілген ойды қайталап, негізгі бөлімде берілген аргументтерді қысқаша атап шық.

3-

сабақ

## Менің ана тілім




1. Суреттерде берілген тілімізге қатысты сөздерді қай жерден көргендеріңді айтыңдар. Бұлар қандай ақпарат береді?



Ана тілің – арың бұл,  
Ұятың боп тұр бетте.  
Өзге тілдің бәрін біл,  
Өз тіліңді құрметте!

*Қадыр Мырза Әли*



2. Оқушылардың ана тілі туралы пікірлерін тыңдап, сөйлемдерді керекті сөздермен толықтырып отырыңдар. Сұрақтарға жауап беріңдер.

**Әр ұлттың өз ана тілін жетік білуінің  
маңыздылығы неде?**

Мөлдір	Қазақ тілі – менің халқымның тілі. Ол – менің ана тілім. Өйткені бұл тілді мен анамнан естідім. Ана тілінде анам маған ән айтты. Ендеше анамның тілін мен құрметтеймін, оны м... етемін. Оны ұмыту, білмеу – үлкен қ... . Ана тілін білу керек, ана тілінде сөйлеу керек.
Андрей	Әр ү... өз тілі болады. Менің ана тілім – орыс тілі. Отбасында орыс тілінде сөйлесеміз. Орыс тілімен қатар мен қазақ тілінде де сөйлеймін. Өйткені менің достарым қазақ тілінде сөйлейді. Мен қазақ балабақшасына, сонан соң орыс тілді мектепке бардым. Қазір ауладағы достарыммен қ... сөйлесемін.
Эльдар	Менің ана тілім – азербайжан тілі. Мен ана тілімде сөйлеймін, елең айтып, әдеби кітаптарды оқимын. Қазіргі заманда б... тілді білу керек. Көп тілді білу үшін өз ана тіліңді ұмыту керек емес қой. Қазіргі кезде ағылшын, қытай тілдеріне көп қ... бар. Бұл болашақ үшін керек. Білімді ұрпақ – еліміздің болашағы. Бірақ біз Қазақстанда тұрамыз. Ал Қазақстанның өз мемлекеттік тілі бар. Өз мемлекеттік тіліңді білу өз еліңді құрметтеу деп ойлаймын.

Фарида	Ана тілі – адамның ең басты б... . Ана тілінде сөйлеу керек, білу керек. Адамдар өз тілінде сөйлемесе, ол тіл жойылады. Адамдар тілді ұмытады. Менің өз ана тілімде с... келеді. Сондықтан біз отбасымызда ана тілімізде сөйлейміз. Қазақстанға менің ата-ларым Ұлы Отан соғысы жылдары көшіп келген. Ал ата-анам Қазақстанда дүниеге келген. Бірақ өз ана тілі – т... тілін ұмытпаған. Үнемі сөйлескен, мерекелерді, салт-дәстүрлерді сақтаған.
Мирас	Біздің мемлекетіміз – көпү... мемлекет. Бізде қаншама ұлт өкілдері тұрады! Бірақ олар өз ана тілдерін ұмытпайды, сақтайды. Өртүрлі ұлттар өзара бір тілде сөйлесіп, бір-бірін түсінеді. Олар орыс тілі, қазақ тілдерінде тіл қатысады. Қазақ тілі – Қазақстанның м... тілі. Өр мемлекеттің өз тілі бар. Бір мемлекетте тұратын әрбір ұлт өз ана тілімен қатар мемлекеттік тілді де білуі керек.
Сен	

**Сұрақтар:**

1. Эльдардың ана тілі орыс тілі ме?
2. Андрей үшін қай тіл ана тілі?
3. Мирас тек қазақ тілінде сөйлей ме?
4. Фариданың ана тілі қай тіл?
5. Фарида отбасында қай тілде сөйлейді?



3. Оқушылардың пікірлерінде жиі кездесетін 5 сөзді табыңдар, сөз тіркесін құраңдар.

ана тілі	ұлт	ұмыту	сақтау
асыл	мемлекеттік тіл	қызығушылық	білу
байлық	құрметтеу	мақтаныш ету	қазақ тілі



4. Сұхбатты қалпына келтіріңдер.

<p><b>Сен:</b></p> <div style="border: 1px solid black; height: 40px; width: 100%; margin-bottom: 10px;"></div> <div style="border: 1px solid black; height: 40px; width: 100%; margin-bottom: 10px;"></div> <div style="border: 1px solid black; height: 40px; width: 100%;"></div>	<p><b>Эльдар:</b></p> <div style="border: 1px solid black; padding: 5px; margin-bottom: 10px;">                 Менің ана тілім – әзербайжан тілі.             </div> <div style="border: 1px solid black; padding: 5px; margin-bottom: 10px;">                 Иә, мен әдебиеттерді оқимын, ән айтамын.             </div> <div style="border: 1px solid black; padding: 5px;">                 Қазақ тілі – біздің мемлекетіміздің тілі. Сондықтан мемлекеттік тілді білу керек.             </div>
--	---



5. «Адамдар ана тілін неге ұмытпауы керек?» деген сұраққа өз пікірлеріңді жазыңдар. Оны сыныптастарыңа оқып беріңдер.

1. «Ана тілі» дегенде ойларыңа келген сөздерді 2 минут ішінде жазыңдар, парталастарыңның жазғанымен салыстырыңдар.



2. Екі бағанда берілген мәндес сөздерді сәйкестендіріп жазыңдар.

құлаққа сіңіру	өзілдеу, күлдіру
қылжақтау	түсіну
ұғу (ұқ)	тыңдап, қабылдау
еркелеу	ұғу, біліп алу



3. Өлеңдегі сөздерге керекті жалғауларды қойыңдар.


### Анам тілі

Сүйемін туған тіл... – анам тілін,  
 Бесік... жатқанымда-ақ берген білім.  
 Шыр етіп жерге түскен минөтімнен,  
 Құлағым... сіңірген таныс үнім.  
 Сол тіл... шешем мені әлдилеген,  
 Еркелеткен, «құлыным», «жаным» деген.  
 Сол тіл... бірінші білгізілген,  
 «Ана» деген сүйгендік сөз һәм менен.  
 Қылжақтап, алып қашып құрбы бөркін,  
 Сол тілменен ойнадым дала... еркін.  
 Сол тілменен бірінші сырт... шыққан,  
 Өмірден ен дала... ұққан көркін.  
 Сол тілменен үйрендім нәрсе аттары...,  
 Сол тілменен ұғындым, әдетті мен жаттадым,  
 Ең бірінші сол тіл... сыртқа шықты,  
 Сүйгенім, жек көргенім, ұнатқаным.

(Сұлтанмахмұт Торайғыров)

4. Сұрақтарға жауап беріңдер.


1. Ақын өлеңі неге арналады?
2. Өлеңде адамның өмір кезеңдері беріле ме?
3. Ақын өлеңде тілдің қандай қызметтерін атайды?
4. Қалай ойлайсың, өлеңді «Анам тілі» деп неге атады?
5. «Ана тілі» мен «анам тілі» сөз тіркестерінің арасында айырмашылық бар ма?
6. Ақын үшін «ана» сөзі қандай мағынаны білдіреді? Өлеңнен тауып оқыңдар.

 5. Мәтінді тыңдаңдар, оқыңдар. Мәтін мазмұнына сай сұрақ-жауап жүргізіңдер.

1. Бұл отбасы қайда тұрады?
2. Шиншин малай тілінің мұғалімі ме?
3. Шиншиннің ата-анасы Қытайда тұра ма?
4. Шиншин балаларын қазақ мектебіне берді ме?
5. Шиншиннің балалары неше тілде сөйлейді?

 6. Мақаланы талдаңдар. Монолог түрінде парталасыңа баяндаңдар.

1. Мақалада көтерілген басты тақырыпты атаңдар.
2. Мақала автордың оқиғаны баяндауынан басталады. Автор неге бұлай бастады? Ол нені мақсат етті?
3. Автор қандай ойды жеткізгісі келді? Ол өз ойын жеткізу үшін қандай дәлелдер келтірді?
4. Мақала кімдерге арналған?
5. Мақалада қорытынды берілмеген. Автор ретінде қандай қорытынды жасауға болады? Жазып көріңдер.
6. Шиншин ана тілі туралы қандай пікір айтты?


 7. Шиншин туралы ақпаратты толтырыңдар.

Аты-жөні	
Туған жері	
Отбасы жағдайы	
Мамандығы	
Тілді білуі	

5-

сабақ

## Өнер түрлері

 1. Суреттерге қараңдар. Олар қалай аталады? Оларды бір сөзбен атауға бола ма?

		
1 әдебиет	...	...



**2. Сыныптасыңмен өнер туралы пікірлесіңдер.**

1. Саған өнердің қай түрі ұнайды?
2. Қандай өнер түрін үйрендің?
3. Қандай өнерді білесің?
4. «Өнерге субъективтілік тән» дегенді қалай түсінесің?

**3. Сөздерді мағыналарымен сәйкестендіріңдер.**

Өрекет	өмірде бар заттар мен құбылыстар
Шығарма	әртүрлі құбылыстардың, заттардың бір-бірімен сәйкестенуі
Шығармашылық	қозғалыс
Сұлулық	сөзбен, бояумен, әуезбен суреттеу
Үйлесімділік табу	образды ойды жеткізетін әдеби туынды
Шынайы өмір	жаңа туындыны іздеу, жасау
Бейнелеу	адамда таңдану сезімін оятатын құбылыстар мен заттар

**4. Қарамен берілген сөздерді 3-тапсырмадағы жаңа сөздермен ауыстырыңдар.**

1. М. Әуезовтің «Абай жолы» **романы** әлемге танымал.
2. Леонардо да Винчидің «Мона Лизасы» **жұмбақ күлкісімен** адамдарды таңғалдырады.
3. Н.Г. Хлудовтың суреттерінен XIX ғасырдың аяғындағы қазақ халқының **тұрмыс салтымен** танысуға болады.
4. Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің күмбездері бір-бірімен **жалғасып кетеді**.

**5. Мәтінді оқыңдар. Негізгі ойды кестеге түртіп жазып отырыңдар.**

жаңа ақпарат	білемін	білетін ақпаратым өзгерді	білгім келеді
+	✓	-	?

Өнер дегеніміз адам мен қоғамның рухани дүниесінің ерекше түрі. Өнер адамның шынайы өмірмен қарым-қатынасынан туады. Адам шынайы өмірді өз сезімдері, таным-түсініктері арқылы бейнелейді. Сондықтан өнер шынайы өмірдің қарапайым көшірмесі емес, адам жан дүниесінің көрінісі, эстетикалық шығарма болып табылады. Өйткені өнер түрлерінің негізінде адамның әлемді санада бейнелеу әрекеті жатыр. Адам шынайы өмірді әртүрлі жолмен бейнелейді.

Суретші әлемді сурет арқылы, жазушы, ақын әдеби шығармалар арқылы, фотограф түсірілген фотосуреттер арқылы, зергер зергерлік бұйымдар арқылы, қолөнер шебері кілем, текеметтегі оюлар арқылы, сәулетші ғимараттар арқылы, ал мүсінші мүсіндер арқылы бейнелейді. Сондықтан өнерге субъективтілік тән.

Адамның субъективті көзқарасын оның ортасы, ұлтына тән ортақ дүниетаным қалыптастырады. Мысалы, қазақ халқының тарихында сақталған сәулет өнерінің үлгілерін алып қарайық. Ежелгі дәуірден сақталған сәулет өнері ескерткіштерінің бірі – көне обалар. Оба деп қабір үстіне тастан, топырақтан араластырып тұрғызылған үйіндіні айтады. Олар көне замандағы түркі тайпаларының өлем туралы түсінігін бейнелеген. Ал кейін ислам дінінің келуімен обалардың орындарын құлпытас ауыстырған. Құлпытасқа аңдардың, басқа заттардың суреттерін салуға тыйым салынған. Оларға ою-өрнектер салуға, Құран сүрелерін жазуға рұқсат етілген. Орта ғасырларда салынған кесене, мазарлар күмбезделіп тұрғызылған. Бұл ислам дінінің ықпалы болып табылады.

*(Зәуреш Ерназарова)*

**6. Сөз тіркестерін қолданып, мәтіндегі негізгі ақпаратты сыныптастарыңа баяндап беріңдер. Олардың мағыналарын түсіндіріп көріңдер.**

таным-түсініктері –	ортақ дүниетаным –
эстетикалық шығарма –	көне обалар –
санада бейнелеу –	құлпытас –

**7. Автор «өнер» ұғымын толық түсіндіріп, аша алды ма? Авторлық көзқарасқа баға беріңдер.**

6- сабақ

Өнер – ұлттық дүниетаным көрінісі

1. Керекті жалғауды қойыңдар. Сөз тіркестері қатарынан ұлттық дүниетаным ұғымын түсіндіретін түрлерін анықтаңдар.


- дүниетаным... қалыптастыру
- көзқарас... бейнелеу
- күмбез... салу
- әлем... тану
- сәулет өнері... дамыту
- үлгілері... табу
- түркі тайпалары... түсінігі
- текеметте... оюлар
- адам... қарым-қатынасы/сезімдері/түсініктері
- топырақ... араластыру
- аңдардың бейне...
- адамның субъективті көзқарас...
- жазу... рұқсат беру

2. «Өнер» сөзіне анықтама жазыңдар. Ол үшін мына кестені тоқтырыңдар.

Басты белгісі	Көмекші белгілері	Қызметі

3. Өнер түрлерін кестеге топтастырыңдар. Өнермен байланысты термин атауларын қолданып, шағын ақпараттық мәтін құрастырыңдар.

Сурет өнері, музыка, әдебиет, театр, цирк, поэзия, сәулет өнері, мүсін өнері, қолөнер, теледидар, кино, күй.



4. Қолөнер бұйымдарындағы ұлттық дүниетанымның бейнеленуін түсіндіріңдер.



Екі түрлі қолөнер туындыларының қандай белгілері ұқсайды? Қандай ою түрі қайталанады?



## 5. Ақпаратты оқыңдар.



Қазақ ұлттық ою-өрнектері халықтың тұрмысы мен таным-түсінігімен байланысты қалыптасқан. Суреттердегі ою «қошқар мүйіз» деп аталады. Қошқар қой бастаған. Ал қой – қазақтың төрт түлік малының ішінде тез көбейетін түрі. Сондықтан қошқар мүйіз оюы байлықтың символы болған.

Қазақтың зергерлік бұйымдары халықтың тұрмысы мен шаруашылығы туралы мәлімет береді. Сонымен қатар дүниені қабылдауын, таным-түсінігін де бейнелейді. Мысалы, мына зергерлік бұйым туралы айтсақ.

**Өңіржиек** – қалыңдықтың негізгі әшекей бұйымдарының бірі. Оны тек мереке, тойларда ғана таққан. Бұл бұйым үш, бес, жеті таспадан тұрады. Таспалар төртбұрышты, бір-біріне шынжырлар арқылы жалғасқан. Өңіржиектің бірнеше бөлікке бөлінуі ұрпақтардың жалғасын бейнелейді.

Әйел «ұрпақты жалғастырушы, өмірді беруші адам» деген мағынаны білдіреді.

**Сұрақтар:**

1. Зергерлік бұйымдарда қандай ою жиі кездеседі?
2. Ою арқылы халық қандай ақпарат берді?
3. Зергерлік бұйымдардың пішіндерінен халықтың таным-түсінігін көруге бола ма?
4. Өңіржиекті неге тек той-мерекелерде таққан деп ойлайсың?
5. Өңіржиекті қалай тағады? Кімдер тағады?

7-


сабақ

**Өнер түрлерінің өзара байланысы****1. Сұрақтарға жауап беріңдер.**

1. «Ақсақ құлан» аңыз-әңгімесін оқыдыңдар ма?
2. «Ақсақ құлан» туралы мультфильмді көрдіңдер ме?

3. «Ақсақ құлан» күйін тыңдадыңдар ма?


4. Бір шығарма өртүрлі өнер түрлері арқылы тарай ала ма? Олардың арасында қандай байланыс бар? Қандай айырмашылық бар?

 2. «Күй» сөзімен сөз тіркестерін құрап, өздеріңе ұнайтын бір күйді сыныптастарыңа сипаттап беріңдер. Синоним сөздер қатарын пайдаланыңдар.

1. Күй қалай аталады?
2. Күйді қай кезде алғаш рет естідің?
3. Күй саған қалай әсер етті?
4. Күйді тыңдағанда қандай сезімдер оянады?

**Синоним сын есімдер:**

1) әуезді, үнді, дауысты, дыбысты; 2) әсем, әдемі, сұлу, көркем, келбетті; 3) танымал, белгілі, кең тараған; 4) мұңлы, қайғылы, ойлы, сырлы; 5) ұлттық, халықтық, далалық.


 3. «Күй» сөзінің тарихы туралы мәтіннің сөйлемдерін ретімен жазып, мәтінді қалпына келтіріңдер.

1. «Күй» сөзі түркі тілдерінің деректерінде XI ғасырдан бері белгілі.

2. XVI ғасырдан бері қарай «күй» сөзі тек аспапты музыканы ғана білдіретін мағынаға ие болды.

3. Осы күнгі татар тілінде де «күй» сөзі аспапты музыка мен вокалдық музыкаға ортақ қолданылады.

4. Махмұт Қашқаридің әйгілі еңбегі «Диуани лұғат-ат-түрік» атты сөздігіндегі «көк» деген атау аспапты музыканы да, әнді де білдіреді.

 4. Өңімені тыңдаңдар, оқыңдар. Тапсырма түрлерін орындаңдар.

### Құрманғазының күйі – «Сарыарқа»

1. Өлі түс болған жоқ, бірақ даланың ыстық күні ауаны күйдіріп тұр. Тып-тыныш жолмен бір атты адам келеді. Ер үстіндегі кісі анда-санда артына қарап қояды. **Көңілсіз** сияқты. Салт атты адам иықты, маңдайы кең, бет әлпеті ірі. Ол үстіне ыстыққа қарамастан, түйе жүнінен жасалған қалың күпі, тері шалбар және малақай киген. Арқасына мылтық ілген, ал алдында қапқа салынған домбыра бар. Ол Сарыарқа жаққа **бағыт ұстап** келеді.

2. Атынан түсіп, кең алақанымен оның маңдайынан сипап, шілдерлеп, жайылуға жіберді. **Жолаушы қимылсыз**

көкжиекке қарап, ұзақ отырды. Сонан соң, ұйқылы-оая кейіппен домбыраны қолына алып, жайлап **шерте** бастады.

3. Далаға домбыра **үні тарады**. Ұлы күйші Құрманғазының күйі «Сарыарқа» осылай туды. Құрманғазыны патша үкіметі қудалады. Сондықтан күйші өз елінде қала алмады. «Сарыарқа» – сол туған елмен қоштасу күйі. Бірақ «Сарыарқа» күйінде халық мінезі, өмірі, қадір-қасиеті, ол мекендеген дала **бейнесі** – барлығы бар.

4. Құрманғазының күйі «Сарыарқа» халықтың, даланың өзі сияқты кең, өзі сияқты шексіздігін **жеткізеді**. Қазақ даласы байтақ. Оның **көл-көсір** төсінен кім өтпеген! Барлығына да орын жетті: арқасына қобызын ілген Қорқыт, **қайғылы** зарлы үнімен Асанқайғы, сараң Қарабай («Қозы-Көрпеш–Баян Сұлу» жыры), Қобыланды батыр... Олардың барлығы осы Сарыарқа даласынан өтті және халық аңызы мен өнерінде қалды. «Сарыарқа» **әуені** осыны жеткізіп жатыр.

5. Кеш түсті. Атын шідерден босатып, домбырасын ерге байлаған жолаушы қайтадан **жолға шықты**. Енді ол артына қараған жоқ. Тынығып, әл жинап алған аты **шабысын үдетті**. Артта бұйра-бұйра шаң ғана қалды.

(Сәбетқазы Ақатай)

**1) Сұрақтарға жауап беріңдер.**

1. Құрманғазы қайда бара жатты?
2. Күйші қайдан келе жатты?
3. Ол неге көңілсіз?
4. Оның үстінде қандай киім бар?
5. Ол атын қайда жіберді?
6. Оның арқасында не бар еді?
7. Құрманғазы кімдер туралы ойлады?
8. Құрманғазы өз ойын қалай жеткізді?
9. Күй қалай аталды?

Синоним сөздер бірінің орнына бірі қолданыла бермейді. Мысалы, *әдемі, сұлу, көз тоймау, көрікті, әсем, келбетті* сөздері синоним болғанымен, оларды барлық стиль түрінде бірдей қолдануға болмайды. *Көз тоймау, сымбатты, келбетті* синонимдері тек көркем әдебиетте қолданылса, ал *әдемі, әсем, сұлу* синонимдері барлық стильде қолданыла береді.

**2) Тұжырымдарды оқыңдар. Өз ойларыңды дәлелдеп айтыңдар.**

1. Құрманғазы елінен еріксіз кетті.
2. «Сарыарқа» күйі – күйшінің елімен қоштасу күйі.
3. Құрманғазы даланың тарихын жақсы біледі.

**3) Мәтінде ерекшеленіп берілген сөздерді синонимдермен ауыстырып оқыңдар. Қандай өзгеріс байқадыңдар? Синонимдерді таңдауда қандай стильдік ерекшелікті ескеру керек?**

8-

сабақ

## «Сарыарқа» күйі



1. Құрманғазының «Сарыарқа» күйін тыңдаңдар. Оны көркем шығармада берілген сипаттамасымен салыстырыңдар. Көркем шығармадағы қай сөздермен күйді сипаттауға болады?



2. Мына сөздерді бейнелер (сурет, кесінді) түрінде көрсетуге бола ма? Бұл сөздер өзара синонимдер бола ала ма?

төгілу	шалқу
шырқау	толқу
күңірену	



3. 1) «Сарыарқа – Еуразия жүрегі» альбомынан алынған суреттерге қараңдар. Сұрақтарға жауап беріңдер.



2) Құрманғазының «Сарыарқа» күйін шығаруына даланың қай суреті әсер етті деп ойлайсыңдар?

3) Суретшілер көрген Сарыарқа мен Құрманғазының «Сарыарқа» күйінің арасында қандай ұқсастық бар?



4. Суреттердің бірін таңдап, оны сипаттап жазыңдар.

1. Сурет бойынша көріп отырған детальдарды тізіп жазыңдар.

2. Суретке қарағанда оянған сезімдеріңді сөзбен жеткізіп көріңдер.

3. Суретте қандай түстер басым?

4. Суретке бір қарағанда, ненің иісін сезгендей боласың?

5. Қандай дыбыстарды естігендей боласың?

6. Даланың кеңдігін сезесің бе?

**1. Сұрақтар бойынша өз пікірлеріңді білдіріңдер.**

1. Көркем әдебиет пен ғылыми әдебиеттің қандай айырмашылығы бар?
2. Адам көркем әдебиетті не үшін оқиды?
3. Өзің қандай әдеби шығармаларды оқисың?



**2. Сөздер қатарындағы бейнелі сөздердің астын сызыңдар.**

**Су:** ағады, сылдырлайды, сыңғырлайды, сарылдайды, дірілдейді, күрілдейді.

**Ай:** қозғалады, жылжиды, жымияды, жарқырайды.

**Жапырақ:** өседі, тербеледі, сыбырлайды, түседі, ұшады.



**3. Өлеңді тыңдаңдар, оқыңдар. Суретпен салыстырыңдар. Қандай ұқсастықтар бар екенін айтыңдар.**

**Желсіз түнде жарық ай**

Желсіз түнде жарық ай,  
Сәулесі суда дірілдеп,  
Ауылдың жаны – терең сай,  
Тасыған өзен күрілдеп.

Қалың ағаш жапырағы  
Сыбырласып өзді-өзі,  
Көрінбей жердің топырағы,  
Құлпырған жасыл жержүзі.

(Абай Құнанбайұлы)



Г. Исаикова. «Желсіз түнде жарық ай».



**4. Өлеңді талдаңдар, анықтаңдар.**

1. Өлеңнен ашық, тыныш түнді сипаттайтын сөздерді табыңдар.
2. Өлеңнен табиғатқа жан беретін сөздерді табыңдар.
3. Өлеңнен жазды суреттейтін сөздерді табыңдар.
4. Өлең қандай сезім туғызады?

**5. Өлең мен суретті салыстырыңдар.**

1. Суретті қандай сөздермен сипаттауға болады?
2. Сурет нені бейнелей алады? Нені бейнелей алмайды?
3. Өлең мен сурет арасында қандай ұқсастық және айырмашылық байқадыңдар?

Ұқсастық	Айырмашылық

10- сабақ

**I. Жансүгіровтің «Күй» поэмасы**

- 1.** Сөздердің аудармаларын сөздіктен қараңдар, сөз тіркестерін құраңдар. Келесі суреттерді сипаттау үшін қай етістіктерді қолдануға болады?

Етістік	Сөз тіркесі	Сөйлем
күңдіренту		
толғау		
шерту		
дүрілдету		



*Н. Тоқталиев. «Құрманғазы».*



*А. Дүзелханов. «Қорқыт».*

- 2.** I. Жансүгіровтің «Күй» поэмасынан үзіндіні оқыңдар.

**Күй**

Қобызшы – Мольқбай шал Матайдағы,  
 Матайда – Кенже, Тұңғат Сақайдағы.  
 Қазақта қобызшының қалғаны сол,  
 Жорға еді маймаңдаған бақайшағы.

Жар қабақ, сида, арсақай, сар шұбар шал,  
 Жарықшақ, үні тозған, қансыған шал.

Іріңдеп екі көзі, қол дірілдеп,  
Аузынан азу тісін аршыған шал.

Еңкейіп екіндідей күні кеткен,  
Жұқарып, нашарланып күйі кеткен.  
Қобызшы ол – «Ақ көбікті» аңыратқан,  
Боздатып «Боз інгенді» күңіреткен.

Қобызшы ол – «Көк көбекті» күрілдеткен,  
«Дүлдүлін Ер Өлінің» дүрілдеткен.  
«Онсан мен Орманбеттің айырылғанын»,  
«Жыласқан ноғай-қазақ» күйін шерткен...

Жайлауда ала қарлы, Амантекше,  
Қарлатып, жаңбырлатып нөсер төксе,  
Тоқсыртып кәрі аршаны, от маздатқан  
Шал үйін сағынушы ек біз ерекше.

Құмар ек қобызшыны қолқалауға,  
Жақсы едік жалынуға, аталауға.  
Қобыздан құздың күйін, мұздың күйін,  
Құмартып келуші едік біз тыңдауға...

Бес бұрап, төрт түкіріп, толғап тоғыз,  
Қозғалар «құлақ күйден» жосып қобыз.  
Көтерген көк түндігін күй өрнегі  
Құлатып асқарда ағын, мәңгіде мұз.

*(Ілияс Жансүгіров)*

### 3. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Ақын поэмасында кімді суреттейді?
2. Кәрі күйшінің портретін қандай сөздермен сипаттайды?
3. Поэмада күй тыңдаушылар кімдер?
4. Ақын поэмада «күй тартқан» етістігінің мағынасын қандай бейнелі сөздермен жеткізеді?
5. Ақын поэмада қандай табиғатты суреттейді?
6. «Көтерген көк түндігін күй өрнегі» деген өлең жолдарын қалай түсінесің?

4. «Күй» поэмасының 2, 3-бөлімдерін мектеп кітапханасындағы І. Жансүгіров шығармалар жинағынан тауып оқыңдар. Поэмаға талдау жасаңдар.

1. Поэма негізінде жатқан оқиға сюжетін өңгімелеңдер.
2. Поэмадан оқиға болған орынды сипаттайтын сөздерді табыңдар.

3. Поэмадан боз інгенді сипаттайтын сөздерді табыңдар.
4. Поэмадан боз інгеннің зарын сипаттайтын сөздерді табыңдар.
5. Поэмадан автордың күй туралы толғанысын жеткізетін үзінділерге талдау жасаңдар.
6. Поэмадан өздеріңе ұнаған үзіндіні мәнерлеп оқуға дайындалыңдар.

11-

сабақ

## Қазақ халқының сөз өнері



1. Мына адамдардан кімдерді білесіңдер? Тізімге назар аударыңдар. Олар неге үш қатарға бөлініп берілген деп ойлайсыңдар?

- o Майқы би
- o Жиренше шешен
- o Өнет баба
- o Асанқайғы

- o Сыпыра жырау
- o Шалкиіз Тіленшіұлы
- o Қазтуған жырау
- o Доспамбет жырау
- o Бұқар жырау

- o Төле би
- o Қаздауысты Қазыбек би
- o Өйтеке би



2. Жаңа сөздермен танысыңдар, мағынасын айтыңдар.

билік – жырлау –  
елеулі оқиғалар – батырлық –



3. Ақпаратты тыңдаңдар, негізгі ақпаратты қысқаша жазып отырыңдар.



4. Сұрақтарды топта талқылаңдар. Кластерді толтырыңдар.

1. Қазақ халқының тарихында қандай билер болған?
2. Билерді кім сайлады?
3. Билер немен айналысты?
4. Тарихта аты қалған қандай билерді білесіңдер?







5. Бірінші қатардағы сөздер мен екінші қатардағы сөздерді сәйкестендіріп тіркестіріңдер, бұл сөз тіркестерін қандай тақырыпта қолдануға болады?

дауды	жиынға	батыр	ханды	кедей адамды
қорғау	шешу	қолдау	қатысу	біріктіру



6. Мәтінді оқыңдар, тапсырмаларды орындаңдар.

Қазақ халқының тарихында үш жүздің билері – Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би үлкен рөл атқарды. Тәуке хан XVII ғасырдың аяғында таққа отырғанда, ел бірлігін сақтау үшін билер кеңесін құрды. «Жеті жарғы» заңын қабылдады. Осы Заңды жасауда үш би ерекше еңбек сіңірді. «Жеті жарғыны» жасау туралы жиын Күлтөбе жайлауында өтті.

Күлтөбенің басында үлкен жиын аяқталғаннан кейін үш би қайтар алдында:

– Ертең қайтамыз, біз барғаннан соң, елдің жасы үлкен қариялары, білікті жастары: «Үш би ұлы жиналысқа қатысты, көп мәселелерді шешті, ал бір-бірімен қоштасарда не деген екен?» – деп сұрай қалса, «Біз былай дегейміз», – деп келіседі.

**Сонда Төле би бірінші болып:**

- Шешендіктен не пайда?
- Артында сөзі қалмаса.
- Батырлықтан не пайда?
- Халқына қайран қылмаса.
- Хандықтан не пайда?
- Қарашасын жалмаса.
- Молдалықтан не пайда?
- Шариғатты өзгертіп,
- Нашарларды алдаса, – депті.

**Екінші болып Қазыбек би:**

- Үй жанында биік төбең болса,
- Ол ертеулі аттан кем емес.
- Отбасыңда білгір қартың болса,
- Ол жазылған хаттан кем емес.
- Ей, біз – үш жүз, үш қазақ, керіспейік,
- Асылы бізге керіскен жөн емес, –

деген екен.

**Үшінші болып Әйтеке би сөйленті:**

– Екі адам керіссе, оның арты – қызыл шоқ,  
 Біз – үш жүз керіспейік, келісейік.  
 Ал керісе қойсақ, үшеуімізге бірдей –  
 Хандық түгіл, ондық та жоқ.

(*Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы.  
 Шығармалары, 6-том*)

**• Мына мағынада жұмсалған сөздерді табыңдар.**

1. Өте маңызды жиналыс.
2. Келісім жасау.
3. Дұрыс емес.
4. Ақылды адам ойлы сөз айтуы керек.
5. Ел билеуші кедей адамдарға көмектесуі керек.
6. Біз бір-бірімізбен сөзге келмеуіміз керек.
7. Қарсыласу бірлікті бұзады.
8. Бір керісу басталса, аяқталуы қиын болады.
9. Дана, ақылды кісілерді құрметтеу керек.


**• Өр бидің сөзінен негізгі ойды білдіретін тірек сөздерді табыңдар.**

Төле би	Қазыбек би	Әйтеке би
Хан, батырлық		
Қайран қылу, алдау Не пайда?		

12-


сабақ

**Нақыл сөздер**

 1. Етістіктер қатарынан Төле бидің сөзіне антоним болатын етістіктерді табыңдар. Төле бидің сөзін «Кім пайдалы?» деп өзгертіп айтып көріңдер.

Көмектесу, алдамау, шыншыл болу, қорғау, тура жүру, әділетті болу, көмектесу.

*Үлгі: Халқын қорғаған батыр пайдалы.*

 2. Жұптық жұмыс. Өр бидің айтқан сөзінен жасалған тұжырымдарды оқыңдар. Кезекпен оны бір-бірлеріңе түсіндіріңдер, себебін айтыңдар.

1. Хан қара халықты қолдауы керек.
2. Батыр халықты қорғауы керек.

3. Шешендер ұрпаққа қанатты, ойлы сөздер қалдыруы керек.
4. Молда халықты алдамауы керек.
5. Үш жүз бір-бірімен керіспеуі керек.
6. Керіс болған жерде бірлік болмайды.



3. Төле бидің нақыл сөзін тыңдаңдар, нақыл сөздің сөйлемдерін реттеңдер. Мағынасын түсіндіріңдер.

Атасызға ата бол!	▶	◀	Батасызға бата бол!
Арып-ашқан қаріптің	▶	◀	Асу бермес дана бол!
Дос сүйініп, қас сыйлар	▶	◀	Кек сақтамас бала бол!
Панасызға пана бол!	▶	◀	Жел жағына жота бол!



4. Топтық жұмыс. Өр топ сұраққа жауап беріп, өз пікірлеріңді дәлелдендер.

Қазақ халқында сөз өнерінің жоғары деңгейде дамуын, ел ішінде маңызды мәртебесі болуын қалай түсіндіруге болады?

13-

сабақ

### Нәтиже сабақ



1. Тілді сипаттайтын сөздерді табыңдар. Оларды қатыстырып, өз ана тілдеріңді сипаттаңдар. Қай сөздер өзара синоним бола алады?

Өуезді, мұңды, домбыраға ұқсайды, қиын, биік, танымал, белгілі, әсерлі, қоңыр дауысты, қоңыр үнді, сұлу, күрделі.



2. «Өнер» сөзімен жиі тіркесетін сөздерді белгілеңдер.

- |                     |            |              |          |
|---------------------|------------|--------------|----------|
| • шығармашылық      | • бейнелеу | • пайда болу | • тарату |
| • үйлесімділік табу | • ойнау    | • тыңдау     | • қолдау |
| • шабыттану         | • шаттану  | • суреттеу   | • сақтау |



3. Керекті жалғауларды қойып, сөйлемдерді толықтырыңдар.

1. Өнер туындылары – адам... өлемді тану құралы.
2. Өнер адам... сұлулықты тануға, әдемілікті көре білу... үйретеді, эстетикалық талғамды дамытады.

3. Өнер... барлық елде аса көңіл бөлінеді. Өйткені эстетикалық талғамы жоғары елдің шығармашылық әлеуеті де жоғары болады.

4. Ал шығармашылық әлеует жаңа өнім түрлері... дүниеге әкеледі.

5. Сол арқылы экономика... дамытады.

6. Өнер... бос уақыт өткізу дейтіндер қатты қателеседі.



#### 4. Ақпаратты оқыңдар. Тиісті тақырыпты таңдаңдар.

– Сәнді киім үлгісін жасау – өте қиын жұмыс. Мен өз туындыларымда ұлттық өнер нақыштарын қолдануға тырысамын. Жүнді жаңа технологиямен өңдеп, заманауи сипат бергім келеді. Бұл киім үлгілері жоғары сән туындылары ғана емес, көпшілік қауым киетін киім үлгілері болса екен деп тілеймін.

Мен 2006 жылы Мәскеуде өткен жас дизайнерлер жарысына қатыстым. Онда да бірінші орынды алдым. Ол жерде неге маған бас жүлдені берді? Ол жарысқа дарынды дизайнерлер қатысты. Алайда олардың топтамаларында ешқандай ерекшелік болмады. Суық түсті әрі сұрғылт, құрғақ («сухой» дейді ғой) болды. Ал менің топтамаларыма көрермендер ерекше қол соқты. Себебі олардың түстері ерекше болды. Ерекше түстер үйлесімін табиғаттан, ұлттық өнер туындыларынан табуға тырысамын. Өйткені әр ұлттың әлемді тануда қолданатын өз түстері бар. Мысалы, орыс халқы үшін «аспан түсі», ақ түс маңызға ие болса, қазақтар үшін ақ және қара түстер, сары және қоңыр түстер әлемді танудың құралы болып табылады.

«Мен үшін даралық, ерекшелік маңызды».

«Мен үшін ұлттық өнерді дамыту маңызды».

«Мен үшін түстер маңызды».

(Ая Бапани, сәнгер,

«Жұлдыздар құпиясы» журналы, мамыр, 2014 жыл)



#### 5. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Өнер түрлері бір-біріне ұқсай ма?
2. Қазақ халқында қандай өнер түрлері ерте дамыды?
3. Қазақ халқында сурет өнері неге дамымады деп ойлайсың?
4. Сөз өнерінің қазақ халқы тарихында терең дамуының себебін түсіндіре аласың ба?

1-

сабақ

Жұмыссыздықтың пайда болуы мен салдары



1. Төмендегі сұрақтар бойынша өз пікірлеріңді ортаға салыңдар.



Сұрақтар:

1. Жұмыссыз деп кімді айтамыз?
2. Жұмыссыздық қалай пайда болады?

2. Төменде берілген сөздермен сөз тіркесін құраңдар. Содан соң оларды қатыстырып, «жұмыссыздық» сөзіне анықтама беріңдер.

Жұмысшы, қоғам, асырау, жалдамалы, өндіріс, құлшыныс.



3. Төмендегі сөздерді мағыналарымен сәйкестендіріңдер.

1	жұмысқа қабілетті	1-б	а	жылдың белгілі бір мерзімі
2	жұмыс орнын ауыстыру		ә	қиналған
3	қылаң берді		б	жұмыс істей алады
4	маусымдық		в	басқа жұмысқа ауысу
5	бой көрсету		г	адамдардың белгілі бір мақсатта топтасуы
6	күнкөріс көзі		ғ	қақтығысу
7	шиеленісу		д	пайда болу
8	ашынған		е	зиян

9	ереуіл, шеру	ж	пайда көзі
10	салдар	з	байқалды



4. Ақпаратты тыңдаңдар. Сөйлемдерді керекті сөздермен толықтырыңдар.

1. Жалпы ... термині бірінші рет 1911 жылы қолданған.  
 2. Жұмыссыздық деп ... адамдардың жұмыссыз қалуын атайды.  
 3. ... жұмыссыздық бұрынғы жұмыс орнын жаңа жұмыс орнына ауыстыруынан қалыптасады.  
 4. ... жұмыссыздықтың пайда болуына техникалық прогресс себеп болады.  
 5. Елдегі экономикалық жағдай нашарлаған кезде ... жұмыссыздық болады.  
 6. Жұмыссыздық елдегі саяси жағдайдың ... өкелуі мүмкін.

**Керекті сөздер:** *циклдік, қақтығысына, маусымдық, жұмыссыздық, құрылымдық, жұмыс істеуге қабілеті бар.*



5. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Мәтін не туралы?
2. Жұмыссыздық туралы термин алғаш рет қай жерде қолданылды?
3. Қоғамда жұмыссыздықтың қандай түрлері бар?
4. Жұмыссыздық не себепті елдегі өлеуметтік жағдайдың нашарлауына өкелуі мүмкін?



6. Тыңдалым мәтінінен негізгі ақпараттарды анықтаңдар. Аннотация жазыңдар.

	Негізгі идея
1-ақпарат	
2-ақпарат	
3-ақпарат	
4-ақпарат	
5-ақпарат	
6-ақпарат	
7-ақпарат	

**?** 1. Сұрақтар бойынша пікірлесіңдер.

1. Кімдердің арасында жұмыссыздық көп: жастардың арасында ма әлде ересек адамдардың арасында ма?

2. Қай салада жұмыссыздық көп деп ойлайсың?

2. Сызбаны толтырыңдар. Сыныптастарыңмен ой бөлісіңдер.



3. Ақпараттармен танысыңдар. Тақырыптармен сәйкестендіріңдер.

1 «Жастар» деп аталатын орталық жастар арасында сауалнама жүргізген. Сауалнама қорытындысы бойынша 61,1% жастар «жұмыссыздықтың басты себебі – жұмыс тәжірибесінің болмауы» деп көрсеткен.

Ендігі бір топ жастар университетте не колледжде игерген мамандық бойынша жұмыс істейтін кәсіпорындар жоқ деп көрсеткен. Сонымен қатар жұмыссыз қалу себептеріне іскерлік қарым-қатынас орната алмау, сөйлесе алмау, ақпаратты іздеу жолдарын білмеуі жатады.

Келесі себеп – жастар мамандықтарын дұрыс таңдамайды. Көптеген жастар университетке түскенімен, мамандық туралы жақсы білмейді. Кейін жұмыс ұнамайды. Сөйтіп жұмыссыз қалады.

2 Қазір еңбек нарығында заңгер мен экономист, қаржыгер мамандықтары өте көп. Оларға сұраныс аз. Сондықтан мұндай маман иелері жұмыссыздар қатарында көп кездеседі. Қазір нарықта білікті сантехникті, тәжірибелі тағам технологтерін табу өте қиын болып барады. Өсіресе ауылшаруашылығы, тағам өнімдеріне деген сұраныс көбейіп, бизнес жеңіл өнеркәсіпке бағытталған кезде, осы саладағы жақсы мамандар – инженер-технологтер, инженер-техниктер жетіспеушілігі байқалады.

3 Бүгінгі таңда шетелде білікті сантехниктің жалақысы университеттегі профессордың жалақысымен бірдей. Олар қымбат машиналар мінеді. Ал колледждегі осы мамандыққа бір орынға 40 баладан тапсырады. Бұл мамандықтың жоғары сұранысын көрсетеді. Олар колледжде химия, геометрия, іскерлік қарым-қатынасты, өзін ұстау этикасын меңгереді. Шотландия және Ирландия колледжін бітірген сантехниктер Оксфорд университетін бітіргендерден кейін үлкен сұранысқа ие. Белгілі әлеуметтанушы Халида Кокердің айтуынша, сантехниктерге деген сұраныс алдағы жылда өсе береді. Еңбек нарығында жоғары сұранысқа ие мамандықтар қатарында технологтер, фрезировщиктер, кран жүргізушілері, аспаздар, монтажниктер, даяшылар бар. Еңбек нарығында басқарудың жаңа әдістерін меңгерген менеджерлерге деген сұраныс артты. Сондықтан сұранысқа ие мамандықты меңгеру керек. Сонда жұмыссыз қалмайсың!

- 4 Зерттеушілердің пікірінше, болашақта менеджер, маркетингтер, математиктер, программистер, ақпараттық технология мамандары жоғары сұранысқа ие болады. Ал сатушы, кассир, кейбір банк қызметкерлері жұмыссыз қалуы мүмкін екен. Өрине, бұдан адамдар арасында сауда қарым-қатынасы болмайды, қаржыны сақтау, көбейту деген мәселелер жоғалады деген қорытынды жасамау керек. Қарым-қатынас түрі сақталады, тек олардың жүзеге асу формалары өзгереді. Сонда қазіргі уақытта мамандық түрін қандай критерийлер бойынша таңдау керек? Адамдардың қабілеті бойынша ма, қызығушылығы бойынша ма әлде еңбек нарығындағы сұраныс бойынша ма? Сен қалай ойлайсың?

Болашағы бар мамандықтар


Сұранысы жоғары мамандықтар

Қазіргі еңбек нарығының маманға қоятын талаптары


Жұмыссыздық себептері

 4. Ақпаратты талдаңдар, анықтаңдар.

1. Өр ақпараттың негізгі идеясын жеткізетін сөйлемді анықта.
2. Өр ақпараттан айғақ берілген сөйлемдерді тауып көр.
3. Өр ақпараттан қорытынды ойды білдіретін сөйлемді белгіле.
4. Өр ақпараттан сен үшін жаңа болған ақпаратты белгіле.
5. Публицистикалық стильге тән тілдік қолданыстарды ата.

-  5. Алдыңғы сабақтағы тыңдалым мәтінін еске түсіріңдер. Мәтіндер арасында қандай байланыс бар? Екі мәтіннің мазмұнын салыстыра отырып, көтерілген ортақ мәселені анықтаңдар. Жұмыссыздықтың алдын алудың қандай жолдарын ұсынар едіңдер?



-  6. Пікірталасқа қатысайық. «Өз ісін сүйетін адам жұмыссыз қалмайды» тақырыбына пікірталас өткізіңдер.





1. Үзіндіні оқып, негізгі идеяны айтыңдар. Сұрақтарға жауап беріңдер.

«...Адамдардың жаманшылыққа үйір бола беретұғыныңның бір себебі – жұмысының жоқтығы. Егер егін салса, я саудаға салынса, қолы тиер ме еді? Ол ауылдан бұл ауылға, біреуден бір жылқының майын сұрап, тамақ асырап болмаса сөз аңдып, қулық, сұмдықпенен адам аздырмақ үшін, пайдасыз, жұмыссыз қаңғырып жүруге құмар. Дүниелік керек болса, адал еңбекке салынып алған кісі ондай жүрісті қорлық көрмей ме?».

(Абай Құнанбайұлы, 42-қарасөзінен үзінді)

Сұрақтар:

1. Абай Құнанбайұлы өзінің қарасөзінде қандай мәселені қозғаған?
2. Елдің дамуына жұмыссыздықтың қаншалықты зардабы бар?
3. Жұмыссыздықпен қалай күресуге болады?



2. Терминдердің аудармаларын сөздіктен қараңдар, сыныптастарыңмен бірігіп, жасалу жолдарына қарай талдаңдар.

Терминдер	Мағынасы
әлеуметтік-экономикалық даму	
тез дамушы ел	
тұрақты өсу	
еңбек өнімділігі	
белсенді шаралар	
нәтижелі жұмыспен қамту	
еңбек нарығы	
кәсіптік біліктілік	
еңбек ресурстары	



3. Мәтінді оқыңдар. Мәтін тақырыбын анықтаңдар. Сұрақтарға жауап беріңдер.

Қазақстан Тәуелсіздік жылдары әлеуметтік-экономикалық дамуда айтарлықтай прогреске қол жеткізіп, табысы ортадан жоғары деңгейге көтерілді.

Дүниежүзілік Банктің деректеріне сәйкес 2000 жылдан бастап мемлекетіміз жан басына шаққанда тұрғындар

табысының 7 пайызға жуық нақты өсуіне қол жеткізіп, әлем экономикасындағы ең тез дамушы 10 елдің тобына кірді. Мұндай тұрақты өсу кедейлік деңгейін едәуір төмендетуге, тұрғындардың біршама бөлігін неғұрлым нәтижелі жұмыс орындарымен қамтамасыз етуге, адамдардың әл-ауқатының жақсаруына, еңбек өнімділігінің артуына және жұмыссыздардың санын азайтуға мүмкіндік береді.

Жұмыссыздық мәселесін шешу үшін «Жұмыспен қамту-2020 жол картасы» бағдарламасы шеңберінде белсенді шаралар іске асырылды. Жұмыспен қамту және еңбекақы төлеу, кәсіпкерлікті жан-жақты қолдау мақсатында «Қазақстан-2050» Стратегиясы қабылданды.

Осыған байланысты 2017–2021 жылдарға арналған «Еңбек» нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы қабылданды. Бағдарлама еңбек нарығында сұранысқа ие кәсіптік біліктілікті және дағдыларды меңгерудің тиімді жүйесін құруды мақсат етеді.

*Бағдарламаның мақсаты:* Халықты нәтижелі жұмыспен қамтуға жәрдемдесу және азаматтарды кәсіпкерлікке тарту. Бағдарламаның мақсатына қол жеткізу үшін жұмыс мынадай үш бағыт бойынша жүргізілетін болады:

1) бағдарламаға қатысушыларды техникалық-кәсіптік біліммен, сондай-ақ қысқамерзімді кәсіптік оқумен қамтамасыз ету;

2) жаппай кәсіпкерлікті дамыту;

3) халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу және еңбек ресурстарының ұтқырлығы арқылы еңбек нарығын дамыту.

*(Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017–2021 жылдарға арналған бағдарлама мәтінінен)*

#### Сұрақтар:

1. Қазақстанның дамуын қандай көрсеткіштер дәлелдейді?
2. Жұмыссыздыққа қарсы қандай бағдарлама қабылданды?
3. Қазақстанның дамуы мен жұмыссыздыққа қарсы қабылданған бағдарламаның қандай байланысы бар?



#### 4. Мәтіннен мына терминдермен берілген айғақтарды табыңдар.

Кәсіптік біліктілік, жан басына шаққанда, табысы ортадан жоғары, тез дамушы, әлеуметтік-экономикалық, белсенді шаралар, еңбек нарығы.

## Тілдік бағдар

## Сан есімнің мағыналық түрлері

Түрлері	Сұрақтары	Жасалу жолдары	Мысалдар
1. Есептік	<i>қанша? неше?</i>		бір, екі, үш, жиырма, отыз, жүз мың, бес мың
2. Реттік	<i>нешінші? қаншасыншы?</i>	<i>-ыншы, -інші, -ншы, -нші</i>	бірінші, оныншы, жүзінші, мыңыншы
3. Жинақтық	<i>нешеу?</i>	<i>-ау, -еу</i>	біреу, екеу, үшеу, төртеу, бесеу, алтау, жетеу
4. Топтау	<i>неседен? қаншадан?</i>	<i>-дан, -ден, -тан, -тен, -нан, -нен</i>	бестен, оннан, жүзден, отыз бестен
5. Болжалдық	<i>қанша? неше? қаншадай? несеге жуық?</i>	<i>-дай, -дей, -тай, -тей, -даған, -деген, -таған, -теген, шақты</i>	елудей, отыздай, жетпістей, ондаған, жүздеген, мыңдаған, он шақты
6. Бөлшектік	<i>қанша? неше?</i>	<i>есептік + шығыс септік + жарты, жарым, ширек</i>	оннан бір, бір бүтін бестен үш, мың жарым, жүздің жартысы



5. Мәтін ішіндегі сан есімдерді теріп жазып, олардың қандай мәліметтерді білдіретінін айтыңдар.

6. Мәтін мазмұны бойынша талдау жасаңдар. Өзара ой бөлісіңдер.

Талдау аспектілері	
Мәтіннің стилі	
Жанры	
Тілдік ерекшеліктері	
Мәтін қалай рәсімделген?	

4-

сабақ

Еңбек – бәрін жеңбек



1. Мәтін мазмұнымен танысыңдар. «Түртіп алу» әдісі бойынша мәтінде берілген деректерді шартты белгімен белгілеңдер, мәтінге талдау жүргізіңдер. Мәтін мазмұны бойынша негізгі ақпараттарды анықтаңдар.

Қазақстанның еңбек нарығында соңғы он шақты жылда оң серпін байқалады. 2015 жылмен салыстырғанда экономикалық белсенді тұрғындар санының 11 пайызға өсуімен бірге жалдамалы жұмыскерлердің де саны 105 мың адамға артты, жұмыссыздардың саны 178 мың адамға және өзін-өзі жұмыспен қамтыған адамдардың саны 448 мың адамға төмендеді.

Жұмыссыздық деңгейі орта есеппен 47 пайызға қысқарып, бүгінгі таңда экономикалық белсенді тұрғындар санының 4,9 пайызын құрайды.

«Жұмыспен қамту-2020 жол картасы» бағдарламасы арқылы 770 мың азаматқа мемлекеттік қолдау шаралары көрсетілді. Нәтижесінде 580 мың адам тұрақты жұмысқа орналастырылды.

Бағдарламаны Жұмыспен қамту орталығы іске асырды?

Маған таныс ақпарат	Мен үшін жаңа ақпарат	Пікірмен келіспеймін	Мен үшін түсініксіз ақпарат
✓	+	-	?

## 2. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Өзін-өзі жұмыспен қамтыған адамдар деп кімдерді айтады?

2. Жалдамалы жұмыскерлер саны неге артты деп ойлайсың?

3. Жұмыспен қамту бағдарламасы кімдерге арналды?

4. Жұмыспен қамту орталығы деген не?

5. Жұмыс орындары жәрмеңкесі деген не?

3. Жұмыспен қамту тақырыбында әр жыл бойынша диаграмма дайындаңдар. Топтар арасында өз ойларыңды бөлісіңдер.



4. Төмендегі әртүрлі дереккөздерден алынған мамандардың пікірін тыңдаңдар. Тыңдалған пікірдің қай маманның сөзі екенін сәйкестендіріңдер.

М. Бақдәулет –  
кәсіпкер

Г. Қашиева –  
мұғалім

Т. Тұрсыннов –  
дәрігер

Бұны кім айтты?

1. Егер сен жұмыссыз болсаң, жұмыспен қамту орталығына тіркел. (...)

2. Мал ұстап, құс өсіріп, жеміс-жидек егіп, пайда табуға болады. (...)

3. Жұмыссыздықты жою, ең алдымен, мамандыққа байланысты. Яғни сұранысқа ие мамандықты дұрыс таңдай білу керек. (...)



5. Университет бітірсе де, жұмысқа орналаса алмай, өз мамандығын өзгертіп, жаңа кәсіп түрін меңгерген Нүрсәуленің жұмыссыз жастарға арналған үндеу сөзімен танысыңдар. Үндеу хаттың құрылымына талдау жасаңдар. Сұрақтарға жауап беріңдер.

### Құрметті менің замандастарым!

Қазіргі нарық заманында, бәсекелестікке қарсы тұрып, жұмыс орнын табу күннен-күнге қиындап бара жатыр. Өйткені еңбек нарығында сұраныс аз, ал еңбек күшін ұсынушылар қатары көбейіп келеді. «Осындай жағдайдан қалай шығуға болады?» деген сұрақ туады. Мен өзімнің тәжірибемді бөліскім келеді. Мектепті жақсы бітіріп, радиотехника мамандығы бойынша грантқа түстім. Таңдаған мамандығым өзіме ұнаған жоқ. Өзім таңдаған мамандық бойынша мемлекеттік гранттар қарастырылмады. Менің заңгер болғым келді. Нарықта ең көп кездесетін мамандық иелері – заңгерлер мен экономистер екен.

Университетті бітірдім. Алайда бітірген мамандығым бойынша жұмыс орындары жоқ болып шықты. 1 жылдай үйде жұмыссыз отырдым. Бірақ уақытты босқа жібермей, заң саласы бойынша интернет желілерінен дәрістерді тыңдадым. Мен өзіме ұнайтын кәсіппен айналысайын деп шештім. Өз арманым адал болғым келді. Қашықтан оқыту бөліміне емтихан тапсырып, заң саласы бойынша магистратураға түстім. Қосымша нотариалды кеңседе хатшы болып жұмыс істедім.

Сөйтіп, арнайы білімі бар заңгер болдым.

### Құрметті замандастар!

Мәселені шешудің оңай жолын таңдамаңдар! Өздеріңе ұнайтын іспен айналысуға тырысыңдар. Өз таңдауларыңа адал болып, мақсатқа жету үшін соңына дейін күресіңдер!

Сонда жұмыс та табылады, табыс та келеді. Естеріңде ме, Стив Джобстың сөзі? «Өзіңе ұнайтын іспен айналыс» деп еді ғой.

Жұмыссыз болу да, табысты болу да адамның өзіне байланысты! Өздеріңе сеніңдер!

**Үндеу құрылымы****Кіріспе:** қалыптасқан жағдайды сипаттау, түсіндіру.**Негізгі бөлім:**

Мәселенің қалыптасу себептерін атау.

Мәселені шешудің жолдарын атау.

Негізгі ойды айтып, әрекетке шақыру.

**Қорытынды:** Бірігіп әрекет етуге шақыру.**Сұрақтар:**

1. Үндеу мәтініндегі етістіктер қандай шақта берілген?
  2. Үндеуде сөз қай жақтан баяндалады?
  3. Үндеу қандай сөзбен аяқталды?
  4. Қандай әрекетке шақырды?
  5. Үндеу соңындағы етістік қай райда берілді?
6. Сен жұмыспен қамту орталығының қызметкерісің. Саған бос жұмыс орындары жәрмеңкесіне келген қатысушыларға үндеу хат жазу тапсырылды. Мақсатың – орталықта жаңа кәсіп түрін үйрететін курстарға жұмыссыз жүрген адамдарды шақыру.

Үндеудің қандай стильдік ерекшеліктерін ескеру керек?

- Етістіктер ауыспалы осы шақта жұмсалады.
- Баяндау 1-жақ, көпше түрінде ұсынылады.
- Сөйлемдер қысқа, нақты болуы керек.
- Үндеу хат әрекетке шақырумен аяқталуы керек.
- Үндеу хат бұйрық райда аяқталады.

**Үндеу хат****Үндеу хат құрылымы:**

1. Назар аудару: *Құрметті ...*
2. Жұмыссыздық туралы қысқаша ақпарат беру.
3. Өзіңнің ұсынысыңды – жұмыссыздықпен күресу жолдары туралы мәлімет беру.
  - Қызмет түрі.
  - Қызмет ететін сала.
  - Керекті қабілеттер.
  - Қызығушылық.
  - Артықшылықтары мен мүмкін болатын қиындықтары туралы болжам жаса.
4. Хатты аяқтау.

5-

сабақ

## Кәсіпкерлік



1. Тірек сөздер мен суреттерді салыстыра отырып, тақырыпты болжаңдар.



кәсіпкерлік, нарықтық экономика, серіктестік, табыс, тіркеу, кепілдік, білім, дағды, іскерлік

1. «Кәсіп», «кәсіпкер», «кәсіпкерлік» сөздерінің арасында байланыс бар ма?

2. Кәсіпкер болғың келе ме?



2. Мәтінді тыңдаңдар. Түсініктемелерге сай келетін терминдерді табыңдар.

Терминдер	Түсінігі
	белгілі бір кәсіпке құрылған қызмет
	құн экономикасы
	бір адам иелік ететін бизнес
	екі немесе одан көп иелік бизнесі
	бір заңды тұлға болып біріккен адамдар тобы
	мемлекеттік төлем
	заңдастыру
	екі немесе одан да көп тұлғалардың заңды келісімі
	белгілі бір құжатты заңдастыратын анықтама
	кеңсе құжаты



3. Сұрақтарға жауап беріңдер. Өз жауаптарыңды айқын әрі нақты жеткізуге тырысыңдар.

1. Кәсіпкерлік дегеніміз не?

2. Кәсіпкерлік қашан дами бастады?


3. Қазақстанда қашан пайда болды?

4. Кәсіпкерліктің қандай түрлері бар?

5. Кәсіпкерлікті дамыту жұмыссыздықты жоюдың басты шешуші жолы бола ала ма?



4. Мәтін мазмұны бойынша маңызды ақпараттарды қамти отырып, жоспар құрып жазыңдар. Негізгі мәліметтерді қамтыңдар.



6-

сабақ

## Табысты кәсіпкерлер тұлғасы



1. Табысты кәсіпкер деп қандай адамды айтамыз? Табысты кәсіпкер болу үшін не қажет?

2. Төмендегі тірек сөздер қатарын толықтыра отырып, табысты кәсіпкер тұлғасын сипаттап көріңдер. Парталасыңның жұмысымен салыстырып, өзара ой бөлісіңдер.

Тірек сөздер: жауапкершілік, тәуекел ету, мақсат қою, білім, ынты-жігер ...



3. Өртүрлі дереккөздерден алынған ақпараттарды тыңдаңдар. Салыстырыңдар.

«Табысты адамдардың жетістікке жету жолдарынан...»

	Кімге арналған?	Не туралы?	Неге көңіл бөледі?
 Марғұлан Сейсембаев			
 Махаббат Есен			
 Данияр Сүгірәлиев			



4. Табысты адам туралы пікірлерге талдау жасап, табыс формуласын анықтаңдар.



5. Қосымша дереккөздерді пайдалана отырып, «Үздік 100 кәсіпкер» жобасы бойынша таныстырылым дайындаңдар. Дереккөздерге сілтеме жасаңдар.

7-

сабақ

Қабілет және мүмкіндік

1. Бұл сөздер мен сөз тіркестері саған таныс па? Синонимдерін немесе аудармаларын жазыңдар. Суреттермен сәйкестендіріңдер.

- |             |                        |
|-------------|------------------------|
| тігу –      | іріктеу –              |
| ілгек –     | өңдеу –                |
| өндіруші –  | нұсқаны/пішінін сызу – |
| баға –      | қалып –                |
| сату –      | күн –                  |
| серіктес –  | сатылым –              |
| қызметкер – | тапсырыс –             |





2. 1-тапсырмада берілген сөздер тізбегіне қарап, сұхбаттың не туралы болатынын болжаңдар.

### Қазақстанда жасалған аяқкиім

Дәурен Раманқұл Шымкентте дүниеге келген. Өз елінің нағыз патриоты. Алматыға келген соң, ол аяқкиім өндірісімен айналысты және жарты жыл ішінде жаңа «Shoes Republic» қазақстандық брендин жасады. Осылайша, ол барлық әлемге біздің де қолымыздан аяқкиім жасау келеді деген ойды дәлелдегісі келді.

– Дәурен, барлығын басынан бастап айтып берсеңіз. Аяқкиім өндірісімен айналысу туралы ой қашан туды?

– Басында мен Алматыда киім ритейлімен<sup>\*</sup> айналысатын халықаралық компанияда жұмыс істедім. Жұмыс бабымен біз шетелдіктермен жиі серіктес болдық. Алайда бір күні компания дағдарысқа ұшырап, жұмыссыз қалдым. Біз, павлодарлық әріптесім екеуіміз, ол қазір менің бизнес-серіктесім, әлемге ұялмай көрсететін, өзіміздің қазақстандық өнім жасау туралы ойлана бастадық. Және жалпы алғанда, қазақстандықтарға қолжетімді бағамен сапалы отандық өнім ұсынғымыз келді. Біз аяқкиім тігу үшін материалдар мен құралдарды іздей бастадық. Бастапқыда тері мен фурнитураны Қазақстаннан қарадық, бірақ, шынымды айтсам, біздің ойымыздан ештеңе шықпады. Қазақстанда тері қатты, құрғақ еді. Одан тек қара жұмысқа арналған аяқкиімдер тігуге болады. Сондықтан теріні біз Италиядан әкелеміз, қалғандары – баулар, жапсырмалар, ілгектер Түркиядан әкелінеді. Бірақ ішкі және терілік астар жергілікті өндірушілерден алынады. Әрине, Қазақстанда тері өндірісі жолға қойылса, жақсы болар еді. Сонда аяқкиім өнеркәсібі де белсенді дамып, тауардың өзіндік құны төмендер еді. Шын мәнінде, мен біздің өндірісті адамдарға көрсетіп, тәжірибемді бөліскім

ұялмай көрсете + тін  
кем түспей + тін  
ойлан + а бастау  
айт + а бастау

Сұрақтарға жауап бер.

1. Дәуреннің негізгі мамандығы кім?
2. Бизнесіне жалғыз ашты ма?
3. Дәурен не себепті аяқкиім тігумен айналысуды ойлады?
4. Қолжетімді, отандық өнімді не үшін шығарғысы келді?

<sup>\*</sup>ритейл – бөлшек саудамен сату

келеді. Олардың арасында осы бизнеске қызығатын адамдар табылар. Біздің көп болғанымыз жақсы.

– Яғни сіз бәсекелестіктен қорықпайсыз ғой?

– Керісінше, менің тіпті өз есебім бар – егер Қазақстанда көптеген аяқкиім өндірушілер пайда болса, біреу материал өндірісі туралы ойланар еді және сапасы бойынша итальяндықтардан кем түспейтін тері жасауды бастар еді. Өзіміздің шикізатымыз болса, өнімнің бағасы төмен болар еді.

– Өз жұмысыңызды қалай бастағаныңыз туралы айтып берсеңіз.

– Біз бірнеше айымызды тері мен құралдарды табуға жұмсадық. Сосын технолог таптық. Ол өз ісінің хас (нағыз) шебері, бізге Пәкстаннан келді. Сонымен бірге біз қызметкерлерді іріктедік және жарты жыл бойы Пәкстаннан келген шебер біздің жігіттерге барлығын – жабдық таңдаудан бастап, аяқкиімнің әрбір бөлшегінің қыр-сырына, лекалдар<sup>\*</sup> жасауға, үлгілер әзірлеуге дейін үйретті.

Сосын дайын өнімдерді сата бастадық. Алдымен интернетке ақпараттар тараттық. Сұраныс көбейді. Аяқкиімдер сатыла бастады.

– Сұхбатыңызға рақмет! Ісіңізге табыс тілейміз!

1. Ол бәсекелестерден қорқа ма?
2. Бизнесі неден бастады?
3. Аяқкиім тігетін отандық шеберлер көп пе?
4. Дәурен қызметкерлерге нені үйретті?


Бөлімнің мазмұнын ашатын тірек сөздерін белгіле.  
Қалып, қызметкер, тері, шебер, пішу, тігінші, тәулік, тарту, жоғарғы.

3. Бір тезисті таңдаңдар, оған дәлелдер келтіріңдер.

**Бизнес жасау аксиомалары:**

1. Бизнес бастау үшін сенім керек.
2. Бизнес жасау үшін ол істен хабарың болуы керек.
3. Бизнесі жалғыз жасауға болмайды.
4. Бизнес жасау үшін жан-жақты даму керек.
5. Бизнес жасау үшін қорқынышты жеңу керек.
6. Бизнес жасау үшін интернет мүмкіндіктерін қолдану керек.

<sup>\*</sup>лекало – күрделі бұйымдар жасау үшін қолданылатын үлгі

 4. Мына сөздерді қолданып, Дәуреннің атынан әңгімені қайта баяндаңдар.

басында	немесе
жұмыс бабымен	бірде
шынымды айтсам,	әдетте
негізінен	... деп қорқасың
яғни	сосын
оның үстіне	сонымен бірге
кейде	егер

5. Дәуреннің табыс формуласын сызып көрсетіңдер.

8-

сабақ

Сен не істеуді ұнатасың?

 1. Сұрақтар бойынша пікірлесіңдер.

1. Қазақстандық өнім шығаратын басқа компанияларды білесің бе?


2. Қазақстандық өнімдерді қандай сөздермен сипаттауға болады?

3. Сенің бизнеспен айналысқың келе ме?

4. Дәуреннің тәжірибесін қайталаған кез келген адам табысқа жете ме?

5. Дәуренмен кездесең, оған қандай сұрақтар қоясың?

6. Табысты адам болудың нұсқаулығын құра аласың ба?

 2. Сұхбатты оқыңдар. Қарамен берілген сөздердің мағынасын түсіндіріңдер. (*Қарлығаш пен Айдана – сыныптастар. Олар – қазір студенттер. Екеуі де жұмыс істейді. Сыныптастар кездесіп, сөйлесіп тұр.*)

**Айдана:** – Қарлығаш, сен қалай дизайнер болдың?

**Қарлығаш:** – Бәрі ойда-жоқта болды. Дизайнер боламын деп ойлаған емеспін. Қосымша ақша табу үшін баспаға жұмысқа тұрдым. Дизайнерлікті үйрендім.

**Айдана:** – Қиын ба?

**Қарлығаш:** – *Онша қиын емес. Қайта қызық.* Әдемі шақыру билеттері, визитка, баннерлер, компьютермен әртүрлі сурет салу, бояуларды табу, алтынмен, күміспен безендіру – бәрі маған ұнайды. Ал тапсырыс берген адамдардың қуанышын көрсең, тіпті өзіңе қатты риза боласың. Менің жұмысым адамдарға қуаныш сыйлайды.

**Айдана:** – Ал мен гүл дүкенінде істеп жүрмін. Маған да жұмысым ұнайды. Мен болашақта гүл дүкенін ашқым келеді. Таңертеңнен кешке дейін гүлдердің ортасында отырсам... Адамдар гүл сатып алады. Мен олардың қуанышын көрсем деймін.

**Қарлығаш:** – Ал қазір шет тілдер университетінде оқымайсың ба?

**Айдана:** – Иә, ағылшын тілі факультетінде. Менің арманым таңғалып тұрсың ба?

**Қарлығаш:** – Иә, аздап.

**Айдана:** – Маған гүлдер ұнайды. Гүлшоғын жасау ұнайды.

**Қарлығаш:** – Менде де сондай жағдай. Мен радиотехника факультетінде оқимын. Ал дизайнердің жұмысын ұнатамын.


**Айдана:** – Болашақта дизайнер боласың ба?

**Қарлығаш:** – Иә. Сосын ақша жинаймын, өз баспамды ашқым келеді.

- Бәрі ойда-жоқта болды.
- Менде де сондай жағдай.

### 3. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Айдананың мамандығы кім?
2. Қарлығаштың мамандығы кім?
3. Айданаға не істеген ұнайды?
4. Қарлығашқа не істеген ұнайды?
5. Айдананың қандай арманы бар?
6. Қарлығаштың қандай арманы бар?
7. Қарлығаштың мамандығы мен арманы бір-біріне сәйкес келе ме?
8. Айдананың мамандығы мен арманы бір-біріне сәйкес келе ме?

 4. Жұптық жұмыс. Сұхбатты рөлге бөліп ойнаңдар. Сұрақтарды өзара талқылаңдар.

5. Сұхбатты қалпына келтіріңдер. Сызбаға реттік нөмірін қарындашпен қойыңдар.



6. Жұптық жұмыс. Өздеріңді университет студентіміз деп елестетіңдер. Болашақ мамандықтарың туралы әңгімелесіңдер. Сұрақ қойыңдар, жауап беріңдер.

Үлгі:

А. Сенің болашақ мамандығың қандай?

Ә. Қаржыгер.

А. Қаржыгер болу сенің арманың ба?

Ә. Қаржыгер боламын деп армандамадым. Бәрі ойда-жоқта болды.

А. Университетті қалай таңдадың?

Ә. Менің ағам осы университетті бітірді. Мен де осы университетті таңдадым.

А. Саған болашақ мамандығың ұнай ма?

Ә. Ұнайды. Болашақта өз қаржы компаниям болса деп армандаймын. Ал сенің мамандығың қандай?

А. Экономист.


Ә. Өте қызық мамандық қой.

А. Иә, қызық, бірақ маған ұнамайды. Маған тілші мамандығы ұнайды. Мақала жазу, адамдармен кездесу, сұхбат алу ұнайды.

Ә. Тілші болып жұмыс істедің бе?

А. Иә, университет радиосында сұхбат жүргіземін. Мамандығымды ауыстырғым келеді.

Ә. Өлі кеш емес.

 7. «Оқушыларға болашақ мамандығын таңдауға көмектесетін орталықтар ашылуы керек» тақырыбы бойынша аргументті эссе жазыңдар.

9-

сабақ

«Атымтай жомарт»



1. Өлеңді оқып, ойларыңды айтыңдар.

Жомарт ер білім жолын жете білер,  
Мал беріп, атақ алып өте білер.  
Жарылқап кем-кетікті білімменен,  
Жақсы атпен дүниеден өте білер.

(Ахмет Йәгінеки)



2. Ақпаратпен танысыңдар. Ыбырай Алтынсариннің қандай шығармаларын білесіңдер?

**Ыбырай Алтынсарин** (шын аты – Ибраһим) – қазақтың аса көрнекті ағартушы-педагогі, жазушы, этнограф, қоғам қайраткері. Ол 1841 жылы қазіргі Қостанай облысының Затобол ауданында дүниеге келген. Үш-төрт жасында әкесі Алтынсары қайтыс болып, атасы Балғожаның қолында тәрбиеленді. Ыбырай – халқына білім беріп, мәдениетті ел қатарына жеткізуді армандап, бар өмірі мен өнерін сол жолға арнаған адам. Оның шығармалары жас ұрпақты мейірімділік, адалдық, ізеттілік, ақылдылық пен білімділік сияқты ізгілік қасиеттерге тәрбиелейді.



**Ыбырай  
Алтынсарин  
(1841–1889)**



3. Берілген жаңа сөздермен жұмыс жүргізіңдер. Мағынасына қарай сәйкестендіріңдер.

дәулет	кемсіту
басын кемшілікке салу	тұрмысы төмен
жете алмаған жарлыша	ғибрат, үлгі
көңілге жел кіргізеді	байғұс, шарасыз
терезесі төмен	ақша, дүние
бейшара	байлық
кем-кетік	пайдалану
тұтыну	төкаппар болу
әбірет	кедейше
пұл	тең емес

#### 4. Жаңа сөздермен семантика-синтаксистік картаны толтырыңдар.

Үлгі:

Сөз	Анықтамасы	Сөз тіркесі	Сөйлем
жомарт	адамдарға материалдық және қаржылық көмек көрсететін адам	жомарт адам	Бүгінгі күннің жомарты тұрмысы төмен отбасына пәтер алып берді.

Сөздер: жомарт, дәулет, бейшара, жарлы, бейнет, пұл.

#### 5. Мәтінді оқыңдар, сұрақтарға жауап беріңдер.

##### Атымтай жомарт

Атымтай жомарт өзі есепсіз бай бола тұрып, күн сайын бір мезгіл үстіне ескі-құсқы киім киіп, отын кесіп, шөп тасып, жұмыс қылады екен. Бір күні өзінің жақын таныстары сұрады дейді:

– Жомарт, Құдай берген дәулетіңіз бар, ашқа – тамақ, жалаңашқа – киім, үйсіздерге – үй болдыңыз, сөйтіп тұрып өз басыңызды кемшілікке салып, жете алмаған жарлыша отын кесіп, шөп тасығаныңыздың мағынасы не? – деп.

Жомарт айтты дейді:

– Төрт түрлі себеп бар. Өуелгісі: әдемі ат, асыл киім, асқан дәулетті өне бойы өдет етсең, көңілге жел кіргізеді; сол желіккен көңілмен өзімнен терезесі төмен бейшаралардан






жиреніп, көз салмай, кем-кетікке жәрдем беруді ұмытармын деп қорқамын. Екіншісі: бар бола тұрып мен жұмыс қылсам, мұның кемшілік емес екенін біліп, кейінгілер әбірет\* алсын деймін. Үшіншісі: күн сайын өз бейнетіммен тапқан бір-екі пұлға нан сатып алып жесем де, бойыма сол тамақ болып тарайды, еңбекпен табылған дәмнің тәттілігі, сіңімділігі болады екен. Төртіншісі: Құдай Тағаламның берген дәулетін өзімсініп, тиісті орындарына жаратпай, көбісін өзім ішіп-жеп, өзім тұтынсам, мал берген иесіне күнәлі болармын деп қорқамын, – деді.


(*Бібырай Алтынсарин*)

**Сұрақтар:**

1. Атымтай жомарт кедей адам ба?
2. Ол күнде немен айналысады?
3. Таныстары Атымтай жомартқа қандай сұрақтар қойды?
4. Атымтай жомарт не деп жауап берді?

 **6. Мәтін мазмұнындағы Атымтай жомарттың жауабын түсіндіріңдер. Есте сақтаңдар.**

өз бейнетіммен тапқан бір-екі пұлға нан сатып алып жесем	
әдемі ат, асыл киім, асқан дәулетті өне бойы әдет етсем	
Құдай Тағаламның берген дәулетін өзімсініп, тиісті орындарына жаратпай, көбісін өзім ішіп-жеп, өзім тұтынсам	
бар бола тұрып мен жұмыс қылсам	

 **7. Атымтай жомарттың сөздерінен нақыл болатын қанатты сөздерді анықтаңдар. Бірін таңдап, сыныпта үгіт-насихат түрінде айтыңдар. Сөзді бұйрық райдың көпше түрінде бастаңдар.**

\*әбірет – гибрат, үлгі

10-

сабақ

## Өлемді өзгерткен жомарттық



1. Ы. Алтынсариннің «Атымтай жомарт» әңгімесіне ұқсас жағдай кездесті ме? Өлемдік әдебиет үлгілерінен осы әңгімеге ұқсас қандай шығармаларды білесіңдер?



2. Топқа бөлініңдер. Төмендегі тапсырмаларды орындаңдар.

**1-топ.** *Жомарттық* және *сараңдық* сөздерінің мағынасын анықтаңдар, осы сөздер қолданылған мақал-мәтелдер тауып, кестені толтырыңдар.

Сөз	Мағынасы	Мақал-мәтел
жомарттық		
сараңдық		


**2-топ.** Көркем шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселелерді баяндаңдар, қосымша дереккөздерді пайдаланып, кейіпкерді бүгінгінің Атымтай жомартымен салыстырыңдар.

**3-топ.** Әңгіме бойынша қойылым (инсценировка) дайындаңдар.

**4-топ.** Қосымша дереккөздерден А.С. Пушкиннің «Скупой рыцарь» әңгімесінің мазмұнымен танысыңдар.

3. Жұптық жұмыс. Алдыңғы тапсырмада аталған А.С. Пушкиннің «Скупой рыцарь» шығармасын «Атымтай жомарт» әңгімесімен салыстырыңдар. Мәтінге жан-жақты талдау жүргізіңдер.

	«Атымтай жомарт»	«Скупой рыцарь»
Стилі		
Мәтін жанры		
Мәтін тақырыбы (Көтерілген мәселе)		
Негізгі идеясы (Не үшін жазылған?)		
Мақсаты аудиториясы (Кімге арналған?)		
Ерекшеліктері		

-  4. «Жомарттық әлемді өзгерте ала ма?» деген тақырыпта өз ойларыңды дәлелдей отырып, пікірталас эссе жазыңдар. Эссе құрылымын сақтаңдар.

#### Пікірталас эссе құрылымы

**Кіріспеде** негізгі тақырыпты ата. Сен не туралы жазасың? Тақырыппен байланысты мәселелерді анықта, бұл мәселенің қалыптасуын түсіндір. Тақырып бойынша өзің тоқталатын мәселелерді атап өт.

**Негізгі бөлімді** бірнеше тақырыпшаға бөл. Бұл сенің зерттеу жұмысыңның бөліктері болады. Олар бір-бірімен байланысты болуы керек. Өз ойыңды тұжырымдап бер. Оларды нақтылау үшін мысалдар келтір. 2 қолдаушы аргумент, 1 қарсы аргумент келтір.

**Қорытынды бөлімде** мәселені шешуге бағытталған ұсыныстарды беру керек.

5. Ойтаразы. Төмендегі сұрақтар бойынша қорытынды жасаңдар.

1. Әдеби шығармалардың мазмұнын түсіндіңдер ме?
2. Көтерілген қоғамдық-әлеуметтік мәселеге баға бере алдыңдар ма?
3. Қандай тапсырмалар қиындық тудырды? Неден қиналдыңдар?
4. Өздеріңе қандай құндылықтар алдыңдар?

11-


сабақ

Мамандықты дұрыс таңдау – жауапты іс



1. Суретке қара. Суретші қандай ойды жеткізгісі келді?



-  2. Төменде берілген сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсіндіріңдер. Бірнеше сөйлем құраңдар.

Іскерлік бейін, тәжірибелі мамандар, көзбен көріп, көңілмен тоқу, талғамына сай, шабытын шақырады, тәуекелге бел байлағыштық.



3. Мәтінді тыңдаңдар. Берілген ақпарат бойынша тірек сөздерді белгілеңдер, тақырыбын анықтаңдар.

Тірек сөздер мен сөз тіркестері	Тақырыбы



4. Тыңдалым ақпараты бойынша сөйлемдерді аяқтаңдар.

Ғалымдардың есептеуі бойынша \_\_\_\_\_

Мамандық таңдарда өркім, ең алдымен, \_\_\_\_\_

Егер таңдаған мамандығың өзіңе ұнаса, \_\_\_\_\_

Мамандықтың жаманы жоқ, тек \_\_\_\_\_

Мамандық таңдарда дұрыс бағыт беретін \_\_\_\_\_

Мамандық таңдардағы бірінші басшылық – \_\_\_\_\_

Мамандық таңдардағы екінші басшылық – \_\_\_\_\_



5. Мына реттілік бойынша ойларыңды жүйелеңдер. Қысқаша аннотация жазыңдар.

**Аннотация құрылымы:**

1. Ақпараттың мақсатын, автордың негізгі ойын анықта.
2. Ақпаратта берілген негізгі тұжырымдарды, ақпараттарды тізіп жаз.
3. Мақалада берілген жаңа ақпараттарды ата (мәлімет, айғақ).
4. Мақалада сенің назарыңды аударған ақпаратты бөліп көрсет.

12-

сабақ

Мен таңдаған мамандық



1. Ақпараттармен танысыңдар. Берілген кесте бойынша өз ойларыңды айтыңдар.

**Мейіржан:**

«Менің таңдаған мамандығым – байланысшы болу. Қазіргі таңда байланыс саласы адамзаттың басты қажеттілігі болып табылады. Бұл салада жұмыс істейтіндердің міндеті – сапалы ақпарат жеткізу. Бүгінгі күні байланысшы мамандығын таңдауда қателеспегеніме сенімдімін. Білгір мамандардың қолымен көптеген станциялар мен нысандар тұрғызылып, сансыз байланыс желілері тартылған. Бұл саланың ең басты ерекшелігі – қазіргі заман талабына сай мамандық. Жаңа заман талаптары барлық ақпараттардан үздіксіз және жедел түрде хабардар болып отыруды міндеттейді. Осы жұмыстың барлығы – байланысшы маманның міндеті. Болашақ мамандығыңды таңдағанда ең бастысы – өз кәсібіңді жан-тәніңмен сүй және бар ниетіңмен бұдан да артығырақ жасауға ықыласты болу керек. Сонда ғана сенің өмірің мәнді де сәнді болады деп ойлаймын».

**Жанар:**


«Халықта «өз ісінің иесі» деген ұғым бар. Жақсы маман иесі болу үшін таңдаған мамандығыңды ұнатып қана қоймай, оған деген бейімділігің де болуы шарт деп санаймын. Менің таңдаған мамандығым – дизайнер болу, оның ішінде, киім дизайнері қатты ұнайды және менің қолымнан келеді. Әр мамандықтың өзінің сыры бар. Дизайнер болу үшін адамдармен тіл табыса білу керек. Ойдан ой тудырып, тың идеялар ұсына білуің қажет. Сонымен қатар төзімді әрі сабырлы болуың керек. Кейде бір жұмысты бірнеше рет бұзып, қайта жасауға тура келеді. Менің бойымда осы қасиеттер бар екеніне сенімдімін. Сондықтан замандастарыма болашақ мамандығыңды таңдамас бұрын ұнатумен бірге бейімділігіңе де назар аудар деймін. «Өз ісінің мамы» деген бағалау осындайдан туса керек».

**Нұралы:**

«Мамандық таңдау барысында, ең алдымен, «Бұл кәсіпке нарықта сұраныс бар ма?» деген сұраққа жауап беру керек. Қазір бәсекелестік заманы. Қатарластарыңнан қалмай, жақсы өмір сүргің келеді. Заман ағымына сай кейбір мамандықтар ескіріп, орнына жаңа мамандықтар келіп жатыр. Мысалы, мен сәулетші мамандығын таңдадым. Бұл мамандықтың үлкен жауапкершілігі барын білемін және үлкен шеберлікті талап етеді. Сонымен қатар бұл мамандық әр уақытта керек болады және еліміздің көркеюіне пайдасы мол. Еліміздің болашағы үшін қызмет етуге әрқашан дайынмын. Мектеп жасындағы оқушыларға айтарым – мамандықты таңдамас бұрын еліміздің болашағы үшін маңыздылығы мен қоғамдағы сұраныс деңгейіне көңіл аудар дегім келеді».


	Сөз кімге арналған?	Не туралы?	Неге көңіл бөледі?
Нұралы			
Жанар			
Мейіржан			

**2. Мамандықты таңдауда нені ескеру керек? Өз ұсыныстарыңды сызба бойынша қорытып жазыңдар.**



3. Төменде берілген жаңа мамандықтар түріне назар аударыңдар. Қайсысы таныс? Олар қалай дүниеге келді деп ойлайсыңдар?


<i>бренд-менеджер</i>	тауарды сатуды ғана емес, оның қалай өндірілетінін жақсы білетін маман
<i>логистик</i>	жүк тасымалын қадағалайтын маман
<i>промоутер</i>	компанияның өнімді сату, жарнамалау және өткізу жұмыстарымен шұғылданатын өкілі
<i>супервайзер</i>	сауда өкілдіктерінің жұмысын қадағалайтын, жаңа бағыттарды айқындайтын маман
<i>Web-дизайнер, Web-бағдарламашы</i>	сайт жасаумен шұғылданатын маман
<i>копирайтер</i>	сайт үшін контент құрушы
<i>коучер</i>	қызметшілердің әлеуетін өсіретін маман
<i>интервьюер</i>	әлеуметтік зерттеулер үшін сауалнама, сұхбат жүргізетін маман
<i>девелопер</i>	жылжымайтын мүлік саласында, оны жобалау және құрылысын жүзеге асырумен шұғылданатын маман

 4. Қосымша дереккөздер материалын пайдалана отырып, «Мамандықтың бәрі жақсы...» деген тақырыпта дискуссионті эссе жазыңдар. Мәтін мазмұнында сан есімдердің мағыналық түрлерін стильдік ерекшеліктеріне сай қолданыңдар.

13-

сабақ

Нәтиже сабақ

 1. Меруерт болашақ жұмысы туралы ойлады. Оның не туралы армандағанын айтыңдар.

Меруерт қандай мамандықты таңдағысы келеді?

---



---





2. Төмендегі сөздермен тіркесетін етістіктер қатарын жалғастырыңдар.

Мамандық	Жұмыс орны	Еңбек нарығы
таңдау	табу	зерттеу



3. Жұмыссыздықтың себептері мен одан шығатын салдарды жазыңдар.

**1-себеп** – мамандықты дұрыс таңдамау. **Оның салдары** – бұл мамандықпен жұмыс істеу ұнамайды.

---



---



---

4. Сөз тіркестерінде дұрыс қолданылмаған сөздерді анықтаңдар.

еңбек нарығы	
жұмыссыздыққа ие болу	
жұмыссыз болу	
жалдамалы қызметкер	
табысқа тырысу	
табысқа қол жеткізу	
мамандық таңдауда қателесу	
қалыпқа салу	
мүмкіндікті қолдау	
жұмыссыздыққа кінәлі болу	
бейнет шегу	
рақатқа жету	
жұмыссыздық көрсеткіші	
жұмыспен қамту орталығы	



5. Мәтінді оқыңдар. Сұрақтарға жауап беріңдер.

...Бір оқиғаны айтуыма рұқсат етіңіздер. Өйелдер мейрамында мен ерте тұрып, өзіме қымбат жан үшін шағын ғана он сыйлық жасырып қойдым. Ол оянған соң, оған бірнеше сыйлық жасырып қойғанымды айттым. Ол тез арада тұрып,



оларды аса бір қызығушылықпен іздей бастады. Жарты сағаттан соң, үшеуі табылды. Ол орнына жайғасып, өзін өте бақытты сезінді. Осымен сыйлық саны бітті деп ойлады. «Олар үштен де көп», – дегенімде, ол орнынан тұрып, іздей бастады. Екеуін тапқан соң, осымен

біткен шығар деп іздеуді тоқтатты.

Түскі астан кейін мен сөз арасында: «Мен он сыйлық жасырып қойдым», – дедім. «Он?» деп ол таңғалды. Сонан соң ол сыйлықтарды қайта іздей бастады. Нәтижесінде он сыйлықты да тапты. Егер де мен он сыйлық жасырғанымды айтпасам, ол үшеуін тапқан соң, барлығын таптым деп тоқтап қалар еді. Сол сияқты, егер де мүмкіндіктер саны шектеулі деп есептесеңіз, осы шектеулі мүмкіндікті ғана табасыз. Өрине, егер тапсаңыз!

*(Джон Кехоның «Табыскер адамның санасы» мақаласынан.  
Аударған: М. Кемел. «Қазығұрт» ақпараттық-сараптамалық порталы,  
27 шілде, 2017 жыл)*

Әйелдер мейрамында қандай оқиға болды?	
Өзіне қымбат жан не істеді?	
Әйелдің басқа сыйлықтарды іздеуіне не себеп болды?	
Барлық 10 сыйлықты қалай тапты?	
Ол өздігінен сыйлықтардың барлығын таба алар ма еді?	



Дүкенбай Досжанның «Төрт патшаны көрген кейуана» хикаяты

1-

сабақ

Бабалар аңсаған тәуелсіздік



1. Дәйексөз бен суреттер арасында қандай байланыс барын анықтаңдар. Сұрақтарға жауап беріңдер.

Бүгінгі күнді түсініп-түйсіну үшін де, болашақтың дидарын көзге елестету үшін де кешегі кезеңге көз жіберуіміз керек.

*Нұрсұлтан Назарбаев*



Сұрақтар:

1. «Кешегі кезең» дегеніміз қандай кезең деп ойлайсыңдар?
2. Суреттегі тұлғалар сендерге таныс па?




2. Төмендегі сөздердің мағынасына көңіл бөліңдер, есте сақтаңдар. Үлгі бойынша сөз тіркестерін және сөйлемдер құраңдар.

Сөздер	Мағынасы
дербес	тәуелсіз
бодандық	тәуелділік
отаршылдық	күшпен бағындыру, ығыстыру
зиялылар	білімді, оқыған адамдар
төңкеріс	саяси өзгеріс, революция
мүдде	мақсат
қуғын-сүргін	қысымшылық, қуғындау
бетбұрыс	жаңа бағыт
наразылық	келіспеушілік

Үлгі:



 3. Мәтінді оқыңдар. Мәтін не туралы? Төмендегі сұрақтар бойынша пікірлесіңдер. Мәтінге тақырып қойыңдар.

1) Қазақ халқы – тумысынан еркіндікті сүйетін, кең далада өмір сүрген халық. Ата-бабаларымыз сонау көне түркі заманынан XVIII ғасырдың бел ортасына дейін өз билігі өзінде болып, дербес мемлекет ретінде тіршілік етіп келді. Жоңғар-қалмақ басқыншылары тынымсыз шабуыл жасап, бейбіт елдің берекесін алды. Ордабасыдағы жиында халық жау шапқыншылығына қарсы бірікті. Қазақ батырлары атаменкенді ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен қорғады.

2) Елді сақтап қалу үшін XVIII ғасырда Ресей бодандығына кірді. XVIII–XX ғасырларда қазақ даласында Ресей отаршылдарына қарсы бірнеше ірі ұлт-азаттық қозғалыстар болды.

3) XX ғасырдың басындағы қазақ зиялылары бастаған ұлт-азаттық көтерілісі қазақ халқының тарихында өшпестей із қалдырды. Ол тарихқа «Алаш қозғалысы» деген атпен енді. Ө. Бөкейхан, А. Байтұрсынұлы, Х. Досмұхамедұлы, М. Дулатұлы, Е. Омарұлы т.б. ұлы қайраткерлер 1917 жылы «Алаш» партиясын және «Алаш автономиясын» құрды. Алаш автономиясының Ұлттық кеңесі – Алашорда үкіметі құрылды. Қазақ зиялыларын ойландырған мәселелер – ұлттың бірлігі, жердің тұтастығын сақтау, қазақ халқын өркениетті елдердің қатарына қосу. Сонымен қатар надандық пен қараңғылықтан арылту, ең бастысы, дербес ел болу еді. Осы мәселелер шешілмей, қазақ халқының қараңғылық пен надандықтан ешқашан құтылмайтынын білді. Алашорда зиялылары өз ұлтын сүюдің, халқының бостандығы үшін еңбек етудің жолын көрсете білді және осы жолда өздерін құрбан етті.

Кеңес өкіметі қазақ халқының дербес мемлекет болуын қолдамады. Кеңес дәуірінде де қазақ елі одақтас республикалар құрамында орталыққа бағынышты болды.

4) 1986 жылы желтоқсан айында қазақ жастары наразылық білдіріп, өз талап-тілектерін айтуға Алматы қаласындағы алаңға шықты. Қаруланған әскерлерге қайсарлықпен қар-

сы тұрған қазақ жастарының қозғалысы еліміздің егемендігі мен тәуелсіздігіне жол ашқан тарихи бетбұрыс болды.

Республикамыздың егемендігін құрметтеу, ұлттық тіл мен мәдениеттің қарқынды дамуын қамтамасыз ету, саяси қайраткерлердің жергілікті тұрғындар арасынан жоғарылауына кедергі жасамау талаптарынан туындаған 1986 жылғы Желтоқсан қозғалысының жемісі – бүгінгі тәуелсіздігіміз.

(Г.Т. Қажиев, А. Асылханқызы, Б.А. Қағазов.  
«Тәрбие құралы» кітабынан)

**Сұрақтар:**


1. Қазақ халқы қай кезеңде дербес мемлекет болды?
2. Қазақ елінің тәуелсіздігіне қай кезеңде қауіп төнді?
3. Қазақ елі жоңғар қалмақтарына қарсы күресті ме?
4. Қазақ елі не себепті Ресей мемлекетіне тәуелді болды?
5. Ресей мемлекеті Қазақ елін дербес ел ретінде қабылдады ма?
6. Кімдер Қазақ мемлекетінің дербестігі үшін күресті?
7. Алаш қайраткерлері нені армандады?
8. 1986 жылғы желтоқсанда жастар үкіметтен нені талап етті?

**4. Қазақ елінің даму тарихын «Уақыт кестесіне» сызып көрсетіңдер.**




**5. Жұптық жұмыс. Ақпаратта қазақ халқының тарихындағы басқа елдермен қарым-қатынасы қандай етістіктермен сипатталған? Бір оқушы Қазақ елін, екінші оқушы көршілес елдерді сипаттайды. Кестедегі етістіктерді пайдаланыңдар.**

көтеріліске шығу, қарсы күресу, берекесін алу, шабуыл жасау, қорғау, дербес тіршілік ету, қорғану, сену, ұлтты сақтау, жерді иелену, автономия құру, бостандық үшін күресу, бағындыру, көмек сұрау, жердің тұтастығын сақтау, орталыққа бағыну, қолдамау



**6. Топтық жұмыс. Егер Қазақстан дербес мемлекет болғанда, Алаш қайраткерлері өз мақсаттарын қандай ретпен іске асырар еді? Керекті сөздерді мәтіннен табыңдар, сатылы түрде көрсетіңдер.**



2- сабақ

Алаш мұрасы – құнды қазына

1. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Қазақ тілінде қандай көмекші сөздер бар?
2. Есімдіктерге қандай сөздер жатады?
3. Есімдіктер қандай сөз таптарының орындарын ауыстыра алады?


Тілдік бағдар

Зат есім, сын есім, сан есімнің орындарына жұмсалатын сөздерді есімдік деп атайды. Есімдік жіктеледі, септеледі, тәуелденеді және көптеледі.

Есімдіктің мағыналық түрлері

№	Түрлері	Ереже мағынасы	Мысал түрлері
1	Жіктеу есімдігі	Өрекет иелерін жақ түріне қарай бөліп көрсетеді.	мен, сен, сіз, ол, біз, сендер, сіздер, олар
2	Сілтеу есімдігі	Нұсқау және көрсету мағыналарын білдіреді.	бұл, осы, сол, анау, мынау, сонау, осынау, ана, мына, әне, міне
3	Сұрау есімдігі	Жауап алу мақсатында қойылатын сұрақтар.	кім? не? неше? қай? қандай? қанша? қалай? қашан?
4	Өздік есімдігі	Өртүрлі тұлғадағы өз деген бір сөз ғана жатады.	өз, өзіміздің, өз-өзіне
5	Жалпылау есімдігі	Жалпылау, жинақтау мағынасын білдіреді.	барлық, бәрі, бар, барша, бұкіл, күллі, түгел, тегіс

6	<i>Белгісіздік есімдігі</i>	<i>Затты, сындық белгіні, сан мөлшерді жорамалдап көрсетеді.</i>	<i>кейбіреу, қайсыбір, әркім, әрбір, әлдекім, бірнеше, әлдеқандай</i>
7	<i>Болымсыздық есімдігі</i>	<i>Болымсыздық мағынаны білдіреді.</i>	<i>ешкім, ешбір, ешқайда, ешқашан т.б., дәнеңе, ештеңе</i>

 2. Берілген сөйлемдердегі көп нүктенің орнына есімдіктің қандай мағыналық түрін қоюға болады? Қолданылу ерекшеліктерін түсіндіріңдер.

1. Ата-бабаларымыз ... көне түркі заманынан XVIII ғасырдың бел ортасына дейін, ... билігі ... болып, дербес мемлекет ретінде тіршілік етіп келді. 2. ... мәселелер шешілмей, қазақ халқының қараңғылық пен надандықтан ... құтылмайтынын білді. 3. ... ойландырған мәселелер ... ұлттың бірлігі, жердің тұтастығын сақтау, қазақ халқын өркениетті елдердің қатарына қосу. 4. 1986 жылы желтоқсан айында қазақ жастары наразылық білдіріп, ... талап-тілектерін айтуға Алматы қаласындағы алаңға шықты. 5. ... ұлтын сүюдің, халқының бостандығы үшін еңбек етудің жолын көрсете білді және ... жолда ... құрбан етті. 6. ... көтерілістер ... өз жемісін берді. 7. ... – қасиетті тәуелсіздік.

**Керекті есімдіктер:** *өзінде, сонау, өз, осы, ол, ешқашан, барша, бізге, оларды, сол.*

 3. Алаш қайраткерлерінің нақыл сөздерімен танысыңдар. Ортақ ой-пікірлерін анықтап, салыстырыңдар, талдаңдар.


Елдің тұрмысын, тілін, мінезін білмеген кісі көш басын да алып жүре алмайды.

*Әлихан Бөкейхан*

Адамзаттың біртіндеп әрі үдемелі прогресінің мынадай нысанына: адамзаттың жарасымды адамгершілікті бірігуі – азаматтылықтың жемісі, азаматтылық – мәдениеттің жемісі, мәдениеттілік – оқу-ағартудың жемісі, ал оқу-ағарту – саяси бостандықтың жемісі екеніне кәміл сенемін...

*Жақып Ақбаев*

4. • Ә. Бөкейхан пікіріндегі сөздердің берілу ретіне назар аударындар.



• Сөздер неге мұндай ретпен берілген? Олардың берілу тәртібін өзгертіп көріңдер (тілін, мінезін, тұрмысын). Мұндай адам көшбасшы бола ала ма?

5. Сұрақтарға жауап беріңдер.

- 1) Мәдениеттілік білімді адамдарға ғана тән бе?
- 2) Оқу-ағарту жұмыстары саяси бостандыққа тәуелді ме?
- 3) Жақып Ақбаев «азаматтылық» деп нені түсінеді?
- 4) Азаматтылық неге мәдениетке тәуелді болады?

6. Алаш қайраткерлерінің пікірлерін қайта оқып, сызбаны дамытып түсіндіріңдер.



3-

сабақ

## Тәуелсіздік – тағдыр берген сый



1. Өлең қай уақытта жазылған деп ойлайсың? Автордың көңіл күйі қандай?

Қазақ елі азат,  
Қазақ жері азат,  
Қазақ ері азат,  
Бұдан нұрлы шақ бар ма?  
Бұдан асқан бақ бар ма?!  
Қуан, қазақ!  
Күн туды қуанатын!

(Базарбай Исаев)

2. Төменде берілген сөздер таныс па? Мағынасымен сәйкестендіріңдер. Төмендегі суретті жаңа сөздермен сипаттаңдар.

сантарап	желпілдеу, тербеле шайқалу
желбіреу	мекендеу
саялау	бір заңға бағынатын, құқықтық
дербестік	Ту
сыртқы қатер	құқылы
Көк байрақ	әр қилы
толыққанды	сырттан келетін қауіп
зайырлы	жеке, тәуелсіз
унитарлы	діни сенім бостандығы



3. Өлеңді тыңдаңдар. Автор қандай мәселені көтерген? Өлеңге қандай тақырып қоюға болады?



4. Өлеңді қайта тыңдаңдар. Тыңдалым мәтінінде берілген негізгі мәліметтерді суреттермен сәйкестендіріңдер. Мазмұны бойынша реттілігін белгілеңдер.

Үлгі:



№

Өнұран,  
Елтаңба

Өнұран да, Елтаңба да –  
өзімдікі...





5. Өлеңнен бейнелі сөздерді теріп жазыңдар. Сөздерді қолданып, Отан туралы өлең жазып көріңдер.

4-

сабақ

Өлем мойындаған Қазақстан



1. Мәтінді оқыңдар. Сұрақтарға жауап беріңдер.

### Тәуелсіздік – тағдыр берген сый

1991 жылғы сайлаудан кейінгі бірінші жұмыс аптасында, өзім 1991 жылдың 16 желтоқсанында қол қойған «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Тәуелсіздігі туралы» Заңның мәтінімен жұмыс істедім.

Өлемнің саяси картасында дәл осы күні жаңа тәуелсіз мемлекет – Қазақстан Республикасы пайда болды. Осылайша, тарихи әділеттік орнап, бабаларымыздың ұлы арманы орындалды.

Бұған дейін декларация түрінде ғана болған мемлекеттік тәуелсіздік енді конституциялық негізге ие болды. Заңдағы 18-баптың бірінші тармағы біздің елімізді ішкі және сыртқы саясатын жүргізетін тәуелсіз демократиялық-құқықтық мемлекет деп жариялады.

Меніңше, Тәуелсіздік күні тек ресми бекітілген мереке ғана болуға тиісті емес. Бұл күннің одан анағұрлым маңызы, үлкен мазмұны бар. Ол тәуелсіздік жолындағы күрестің нүктесін қоюмен бірге, оның басталған күні де болды. Бүгін әр қазақстандық оны өзінің жеке тәуелсіздігі мен табысты күні есебінде мерекелей алады.

Республиканың барлық халқы үшін маңызды, біздің әрқайсысымызға Қазақстанның азаматы болу құқығын сыйлаған «Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» Заңға арада бірнеше күн өткен соң, 20 желтоқсанда қол қойдым. Енді ел азаматтарын сыртқы қатерден қорғауды өз әскері қамтамасыз етеді. Менің 1992 жылдың 7 мамырындағы Жарлығыма сәйкес Қазақстан аймағында дислокацияланған ТМД Қарулы Күштерінің әскери бөлімдері республиканың жаңадан құрылған Қарулы Күштерінің құрамына енгізілді.

Рәміздер – мемлекеттіліктің атрибуты. Жас республикаға өзінің ерекшелігін айшықты да қысқа, түсінікті бейнеде ұқтыратын символдар қажет болатын. Сол жылдың 4 маусымында тәуелсіз Қазақстанның рәміздері бекітілді. Көк байрақта самғаған қыраны бар, Күннің нұры мен шаңырақ, қанатты тұлпар кейпіндегі Елтаңба бүкіл әлемге танылды.

Қазақстанның тәуелсіздігін алғашқы болып Түрік Республикасы мойындады. Оқиға Тәуелсіздік туралы Заңға қол қойылғаннан кейін бірнеше сағат өткенде жүзеге асты және қазақстандықтар түркі ынтымағының мұндай көрінісін жоғары бағалады. Келесі 11 желтоқсан күні Қазақстанды Ресей Федерациясы, 25 желтоқсанда Америка Құрама Штаттары мойындады. 1992 жылдың 3 қаңтарында – Қытай, ал жылдың соңына дейін тағы 102 мемлекет қосылды.

1992 жылдың 2 наурызында Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясының пленарлық мәжілісінде Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымына қабылданып, әлемдік қоғамдастықтың толыққанды мүшесіне айналды.

1995 жылдың 30 тамызында жалпыхалықтық референдум өткізілді. Референдумда ел азаматтарының 90 пайызға жуығы жаңа Конституцияны мақұлдап дауыс берді. Конституцияға сәйкес тәуелсіз Қазақстан демократияшыл, зайырлы, унитарлы, әлеуметтік-құқықтық мемлекет, президенттік республика деп жарияланды.

*(«Тәуелсіздік дәуірі» кітабынан)*

#### **Сұрақтар:**

1. Бұл кімнің сөзі?
2. Ақпаратта берілген қандай оқиғалар Қазақстанның тарихын қалыптастырды?



2. «Түртіп алу» әдісі бойынша мәтін мазмұнына талдау жасаңдар.

Маған таныс ақпарат	Мен үшін жаңа ақпарат	Менің сұрақтарым бар	Мен үшін түсініксіз сөздер
✓	+	-	?

3. Мәтіндегі ақпараттан төмендегі тезистерді дәлелдейтін айғақтарды анықтаңдар.

1. Тарихи әділеттілік орнап, ата-бабамыздың ұлы арманы орындалды.

2. Тәуелсіздік күні ресми бекітілген мереке ғана емес.

3. Рәміздер – мемлекеттіліктің атрибутикасы.

4. Төмендегі ақпараттарды нақтылаңдар. Сілтеу есімдіктері қай сөздің орнын ауыстырды?

1) ... дәл осы күні жаңа тәуелсіз мемлекет – Қазақстан Республикасы пайда болды.

2) ... сол жылдың 4 маусымында.

3) ... бұдан кейін 11 желтоқсан күні.

4) ... сол жылдың соңына дейін 102 мемлекет қосылды.

5. Жұптық жұмыс. Төмендегі сөздер бойынша ассоциация құрыңдар.

Зайырлы, демократияшыл, унитарлы, өлеуметтік-құқықтық, президенттік, мемлекеттілік.



6. Топтық жұмыс. Еліміздің жетістіктері туралы әңгімелескенде, не туралы айтар едің? Диаграмма түрінде көрсете аласың ба?

5-

сабақ

Ғылымы мен білімі қарыштаған Қазақстан



1. Қанатты сөзді оқыңдар, сұрақтарға жауап беріңдер.

Осы күнгі біздің көп мақтанышымыздың ең ірісі – ғылым.

*Мұхтар Әуезов*

**Сұрақтар:**

1. Бұл сөзді М. Әуезов қай уақытта айтты деп ойлайсың?

2. Не себепті М. Әуезов ғылымға «ең ірісі» деп анықтама берген?

**2. Сұрақтарға жауап беріңдер.**

1. Суреттер таныс па?
2. Назарбаев университеті туралы не білесің?
3. Назарбаев университетінде оқығың келе ме?
4. Еліміздегі басқа оқу орындарынан қандай ерекшелігі бар?



**3. Төмендегі сөздердің мағыналарын сөздіктен қараңдар. Үлгі бойынша сөз тіркестерін және сөйлемдер құраңдар.**

Терминдер	Анықтамасы	Сөз тіркесі	Сөйлем
жоба	анықталған мақсатқа жетудің жаңашыл бағыты	инновациялық жоба	Еліміздің білім саласын жетілдіру бағытында инновациялық жобалар ұсынылды.
бренд			
бакалавр			
магистрант			
докторант			
білім беру моделі			
контингент			
инновациялық			
мансаптық			
мәртебе			

**4. Мәтінді оқыңдар. Сұрақтарға жауап беріңдер.****Ұлттық арманның іске асырылуы**

2006 жылы Н.Ә. Назарбаев және Үкімет жоғары білім берудің ұлттық бағдарламасын жаңғыртудың қажеттілігін білді. Сондықтан үкіметке еліміздің жаңа елордасында ағылшын тілінде оқытатын әлемдік санаттағы университет ашуды тапсырды.

Осылайша, Назарбаев университеті пайда болды. Назарбаев университеті басқа білім беру жобасына қарағанда анағұрлым маңызды болды. 2009 жылдың қыргүйек айында оның құрылғандығы туралы жариялай отырып, «Жаңа университетті ашу – мемлекетіміздің дамуына, көптеген қазақстандықтар үшін ғаламдық жүйе құруға ықпал ететін маңызды ұлттық жоба. Жаңа университет ең үздік әлемдік білім беру моделі мен ғылыми практикаға жауап беретін, қазақстандық өзіндік ерекшелікті үйлестіре байланыстыратын ұлттық бренд болуы тиіс деп есептеймін», – деп өз баяндамасында ерекше атап өтті.

Қазір Назарбаев университетінде 4800 студент (дайындық бағдарламасының 757 тыңдаушысы, 2962 бакалавр, 894 магистрант, 128 PhD докторанттары және 95 медицина докторы) білім алып жатыр.

Назарбаев университетінің оқытушы-профессорлар құрамы контингенті 470-тен астам оқытушыны қамтиды, 400-ден астам ғылыми қызметкері ғылыми-зерттеу қызметімен айналысады. 2018 жылдың қыргүйек айындағы мәлімет бойынша оқытушылар құрамы әлемнің 55 елінің өкілдерінен құралған.

Университетте жоғары және жоғары оқу орнынан кейін білім беру бағдарламаларын ұсынатын *жоғары бизнес, инженерия, гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар, медицина, тау-кен және Жер туралы ғылымдар, жоғары мемлекеттік саясат, ғылым және технологиялар* мектептері жұмыс істейді.

*(НУ-дың 2018–2030 жылдарға арналған Стратегиясынан)*


**Сұрақтар:**

1. Назарбаев университеті қандай мақсатта ашылды?
2. Елбасы университет алдына қандай міндеттер қойды?
3. Университет қандай мамандарды даярлайды?

5. Назарбаев университеті сайтымен танысыңдар. Ақпараттарға талдау жасаңдар.

1. Сайт неше бөліктен тұрады?  
2. Сайтта университет өмірі туралы ақпарат жеткілікті берілген бе?

3. Сайтта талапкерлерге керек ақпараттар жеткілікті ме?  
4. Сен қандай сұрақтарға жауап таба алмадың?

 6. «Назарбаев университеті 10 жыл ішінде қандай мақсаттарға қол жеткізді?» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырыңдар.

*Дөңгелек үстел қатысушылары:*

Елбасы

Назарбаев университеті ректоры

Студенттер


Профессор-оқытушылар құрамы

Оқушылар

6-

сабақ

## Жұлдыздарға жол салған Қазақстан

 1. Сабақ тақырыбына назар аударыңдар. Тақырып бойынша өз болжамдарыңды бөлісіңдер. Жұлдыздарға жол салған тұлғалар туралы не білесіңдер?



2. Сөздерді дефинициясымен сәйкестендіріңдер.

ғылыми-зерттеу жұмысы  
тұзды шаң борама  
түйісу  
шаңды дауыл

кездесу, қосылу  
топырақ пен жел қосындысы  
анықтау, талдау, салыстыру  
ақ түсті шаң-тозаң



3. Ақпаратты тыңдаңдар, мына сандармен байланысты мәліметтерді түртіп жазып отырыңдар.

- 1) 1994
- 2) 1998
- 3) 5 рет
- 4) 2 рет
- 5) 2.09
- 6) 10
- 7) 309

**4. Ғарышкерлер туралы сыныптастарыңа әңгімелеңдер.**



Тоқтар Өубәкіров



Талғат Мұсабаев



Айдын Айымбетов

**5. Т. Өубәкіровтің сұхбатынан үзінді тыңдаңдар, ой бөлісіңдер.**

«Біздің космодромда «10-площадка» деп аталатын жан баласы аяғын бастырмайтын алаң бар. Сол алаңға ақ сақалды қария мен 94-тегі әже бастаған топ киіз үй құрып, ақ боз ат әкеліп, Талғат екеуімізге баталарын берді. Меніңше, бұл – бар қазақтың бізге деген құрметі, бізге деген ықыласы...

Міне, енді мен ғарышта жалғыз емеспін, халқыммен біргемін. Халқым Жерде асыға күтіп отыр. Теледидар алдынан кетпей, менің тілеуімді тіледі.

Мен ғарышқа ұшып бара жатқанда Жердегі барлық қазақ тойлап жатыпты».

**6. Төмендегі кесте бойынша 2 мәтінді салыстыра отырып, талдау жасаңдар. Сыныптастарыңмен ой бөлісіңдер.**

Талдау аспектілері	1-ақпарат	2-ақпарат
Стиль		
Тілдік ерекшеліктері: – етістік (шақтары) – сан есім – бейнелі сөздер – сөйлем түрі		

7. Төменде берілген жинақы мәтінді құру талаптарымен танысыңдар. Тыңдалым мазмұнын қайталап, еске түсіріңдер. Ойды жеткізетін тірек сөздер қатарын анықтаңдар, жинақы мәтін құрастырыңдар.

### Жинақы мәтін құрастыру үлгісі

*Жинақы мәтін дегеніміз оқырманның түсінуіне ыңғайлы етіп құрылған бастапқы мәтіннің ықшамдалып берілуі. Ықшамдау барысында мәтіннің негізгі мағыналық-құрылымдық бірлігі сақтала отырып, оқырман үшін басы артық элементтер алынып тасталады. Жинақы мәтін – негізгі мазмұн сақталған, екінші рет өңделген мәтін.*

#### **Жинақы мәтін формалары:**

*Тезис, аннотация, таныстырылым, конспект, кесте, сызба, тезистік жоспар, ықшамдалған мәтін.*

#### **Жинақы мәтін құрастыру жолдары:**

##### **Мазмұндық өңдеу:**

*– Мәтінді мақият оқу және негізгі, қосымша ақпараттарды анықтау; қосымша ақпараттарды сызып тастау.*

*– Негізгі ойды білдіретін тірек сөздерді, сөйлемдерді белгілеу.*

*– Автор ойын, баяндау желісін сақтай отырып, мәтіндегі негізгі ойды ықшамдау.*

*– Мәтін түпнұсқасының сілтемесін көрсету.*

##### **Мәтінге тілдік өзгерістер енгізу:**

*– Алынған ақпаратты барынша қысқа беру үшін лексикалық, грамматикалық бірліктерді дұрыс таңдай білу.*

*– Жинақы мәтін түпнұсқа мәтіннен 75%-ға дейін қысқа болады.*

*– Өз ойларыңды жинақы мәтінге қосуға болмайды. Жинақы мәтін тек автор идеясынан ғана тұруы керек.*

7-

сабақ

## Дүкенбай Досжанның «Төрт патшаны көрген кейуана» хикаяты



1. Ақпаратпен танысыңдар. Сұрақтарға жауап беріңдер.



Дүкенбай Досжан  
(1942–2013)

Дүкенбай Досжан 1942 жылы 9 қыргүйекте Қызылорда облысы Жаңақорған ауданында туған. Тұңғыш өлеңдер жинағы 1964 жылы жарық көрді. Алғашқы өлеңі 15 жасында жарық көрген. Жазушы проза саласында өнімді еңбек етіп, 11 роман, 22 хикаят, 100-дің үстінде әңгіме жазды. Дүкенбай Досжанның есімі АҚШ-тың «Әдебиет және өнер адамдары» энциклопедиясына, Ұлттық және «Абай» энциклопедиясына,



дияларына, Қазақстан Президенті жанындағы Даму институтының «Элита Қазақстана» анықтамалығына енген. Оның кітаптары әлемнің 20-дан астам тіліне аударылып, 7,7 млн таралыммен басылған. Ол Қазақстандағы ең оқырманы көп жазушы атанған. Жазушының «Үш тағдыр», «Балалықпен тілдесу», «Жан тәтті» сияқты т.б. көптеген шығармалары қатарында «Төрт патшаны көрген кейуана» хикаяты да оқырман жүрегінен орын тапқан құнды шығарма.

**Сұрақ:**

- Дүкенбай Досжан есімі таныс па? Ол туралы не білесің?



2. «Патша», «кейуана» сөздерінің мағынасын қалай түсінесіңдер?



3. Төмендегі сөздердің мағынасына көңіл бөліңдер, есте сақтаңдар. Үлгі бойынша сөз тіркестерін және сөйлемдер құраңдар.

Сөздер	Мағынасы
қарбалас	абыр-сабыр, асығыс уақыт
тәлім	тәрбие
кейінгі буын	кейінгі ұрпақ
тауқымет	ауыртпалық
зұлмат	ауыр, қиын
некен-саяқ	сирек
мизам	күздің мамыра-жай мезгілі
тыл	майданнан тыс тіршілік
кейуана	жасы ұлғайған шапартты, кеңпейіл әйел



4. Мәтінді оқыңдар. Төмендегі сұрақтар бойынша пікірлесіңдер.

Анам Жәмила 101 жасқа келіп, дүниеден озды. Қарбалас кеште жолға жиналды. Ұшақ ішінде анам марқұмның басынан төрт патшаны қалай өткергенін қағазға түсірейінші деп ойлады. Өмір сүре білудің өзі – үлкен өнер. Сол өнердің күнгейі мен көлеңкесіне зер салып, тәлім алар, құрығанда, кейінгі буынға сабақ болар тірі сөзі қалар. Ендеше тәуекел еттім. Қабыл алыңыз.

### Сталинді қалай көрдім?

«Атам қазақтың басынан өткізген тауқыметін, төңкеріс, ашаршылықты, одан берідегі бір түнде ұстап алып кететін зұлмат жылдарды жазып жүрсіңдер ғой. Қазақ десе – қай-қайсымыздың көз алдымызға азап елестейді, тозақ тұрғындарына ұқсап әлі күнге ел жалауға ұқсап желбіреп жүргеніне таңданамын кейде ...»

Ұлы Отан соғысы басталар алдында, біраз жыл бұрын Сарыұлы Досжанның шаңырағына түскен келіншекпін. Отасын жасының орта жастан асқанын сылтау етіп соғысқа алмаған. Елдегі ақсақ-тоқсақ, некен-саяқ еркектер көктем шыға жер жыртады, егіс салады, шөп шабады.

Мизам түсе ылдифа көшеміз ғой дегенде оқыс хабар жеткені. Арық торының үстінде салақтап ауданның өкілі жетті. Өкең: «Мына өкілге қымыз құй, жақсы хабар алып жетіпті», – дейді. «Жақсы хабар – пәшестің беті қайтып шегіне жосып бара жатқаны, әй, біздің Стекеңмен беттесуге ешкімнің дәті шыдамас», – деп басын қақшаң еткізіп көтеріп алады өкіл. «Стекең» деп отырғаны – халықтар көсемі Сталин.

Мәскеуде осы күзде көрме ашылады-мыс, ел-елден тылдағы еңбек озаттары бас құрайды, бұйырса, ауданның алдыңғы қатарлы сауыншысы Жанұзаққызы Жәмила – сіз барып қаларсыз деп ішкі қалтасынан қатталған қағаз алып, мұның қолына ұстатқаны.

Өстепкенің<sup>\*</sup> ашылу рәсіміне жер-жерден көп халық жиналыпты. Дүниеде қазақ пен орыстан өзге халық барын сонда көрдім. Өстіп тұрғанда «келе жатыр» деген сөз самалша желпіп өтті. Алаң төріне көз тіге қалыстық. Жүрегі құрғыр атша тулайды. Жанарым жасаурады. Қатарласа ығысқан еркектердің қайсысы Сталин екенін ажырата алмай әбден сасайын. Алаңдағы биікке көтерілер кезде бәрі ығысып ортадағы орта бойлы, мұртты кісіге жол берді. Жүрегім: «Сол Сталин», – деді.

Жанымдағы осетин ба, өзербайжан ба, есімде жоқ, зор дауыспен: «Жасасын Сталин!» – деп айғайлап жіберді. Өлгінің үні денемді дуылдатты, дүрілдеген дауыстан құлақ тұнды. Халықтар әкесі қағазға қарамай қою үнмен орысша сөйледі. Санама сіңгені төмендегіше болды:

<sup>\*</sup>өстепке – көрме

«Тылдың ержүрек тарландары! Тылы мықты елдің – жауынгері мықты. Тылдағы большевик еңбекшілерге ризамын, аузындағысын жырып майданға жіберді. Тапқанын «ұшақ, танк» жасауға деп әскери комиссариатқа өткізді. Мұндай ерлікті әлі еш ел жасаған жоқ. «Ура, жолдастар!» – деген кезде жанымдағы кісілердің бірі жылап, бірі «Сталин, Сталин» деуден дауысы қарлықты.

Кейінше, елге оралғанда «апа, арманыңыз жоқ, тірі Сталинді көрдіңіз, сізден тәу етіп, төбәрік алуға келдік» деушілер көбейді. Сұрайтыны: Сталинді қалай көрдіңіз?

Шырағым-ау, халықтар көсемін бір сағаттай сыртынан бағып, аз-кем сөзін тыңдадым, өз ортасынан деңгейі биік, басына бағы айналған көсем кісі-ау деймін. Өлгідей күн шуақты, мұртты кісінің сол бір қан қызыл қырғын зұлматқа еш жазығы жоқ деп ойлаймын.

#### Сұрақтар:

1. Жәмила кімнің шаңырағына келін болып түседі?
2. Ұлы Отан соғысы жылдары Жәмиланың өмірінде қандай оқиға болды?
3. Жеңіс туралы хабарды кім жеткізеді?
4. Жәмила орыс тілін жақсы білді ме?
5. Жәмила Сталинді қашан, қайда көрді?
6. Сталин не туралы сөйледі?
7. Сталинді сол кезде адамдар не үшін құрметтеді?

5. Мәтіннен алынған сөздерді ақпараттық маңыздылығына қарай бағалап, екі топқа ажыратыңдар (негізгі ақпарат – и, көмекші ақпарат – к).

- азап елестеу –
- тозақ тұрғындары –
- Ұлы Отан соғысы –
- Сарыұлы Досжанның шаңырағына түскен келіншек –
- отағасы жасы орта жастан асқан –
- некен-саяқ еркек –
- арық торының үстінде –
- аудан өкілі жетті –
- қымыз құю –
- жақсы хабар –
- Стекеңмен беттесу –
- Мәскеуде көрме ашылады –

## Тілдік бағдар

**Негізгі ақпарат** деп мәтінді дамытушы негізгі ойды жеткізетін оқиға бөліктерін, құбылыстың негізгі белгілерін айтамыз.

**Көмекші ақпарат** деп негізгі ақпаратты түсіндіретін, сипаттайтын, бөлшектерге бөлетін, қосымша белгілерін жеткізетін ақпаратты айтамыз.

*Мысалы, Ораз 6-сыныпта оқиды. Ол – ұзын бойлы, қалың, қара шашты бала. Ораз спортпен айналысады. Ол аптасына 3 рет спорт клубына барады.*

Мысалдағы қызыл түсті сөйлем негізгі ақпаратты жеткізеді. Ал көк түспен берілген сөйлемдер қосымша ақпаратты жеткізеді.

8-

сабақ

Д.А. Қонаев – халық жанашыры



**1. Мәтінді оқыңдар.** Қарамен берілген сөздерді мағынасына жақын сөздермен ауыстырып көріңдер.

**Керекті сөздер:** Президиум, қиындық туса, қаңғытып, көмектесіп, сөйледі, амандасу, еліміз, тілектер, тоқтап қалу, аузы ашылу, кемшілікті бетке айту, сынау, түсініксіз, жоғарыдан.

Өмір деген зырқыраған пойыз секілді. Біреулер жармасып мініп жатыр. Біреулер түсіп қап жатыр. Өстіп жүргенде ел ішінде елеулі оқиға болды. Кеңес одағының **жоғарғы төралқасына** ел ішінде сайлау өтеді десті. Депутаттыққа Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаев ұсынылады деді.

Дөңгеленген дүниеде неше түрлі халық бар. Солардың **басына іс түссе**, ұлт боп қалар тамыр дәрісі не осы деп ойлаймын. Мысалға, қазақтарды дүниеге **тентіретіп** жіберсе, басын біріктіріп, жойылып кетуден сақтайтын ұлттық дәстүрі, мол дастарқаны ма деп ойлаймын.

Ұзыннан жайылған дастарқанға біреу бауырсағын, біреу ірімшігін, біреу тандыр нанын, құрт, майын төгіп, сарымайдай сақтап әкелген қазы, шұжығын турап, мәре-сәре болып жатқанда... мәшине дүр еткені.

Әдемі көліктің түкпірінен ұзын бойлы кісі көрінді. Епті ауыздар:

– Қонаев кеп қалды! – деді. Бәріміз дастарқанға осылай қол созған күйі **аңырайып** қалыппыз.

Өлгі ұзын кісі қоңыр үнмен: «Сәлеметсіздер ме, бауырлар!» – деді. Жағалай бәрімізге **қол беріп**, амандасып шықты. Алақаны ұлпадай жұмсақ.

– Танысайық, **аманаттарың** болса, оны қысылмай, ұялмай айтыңыздар!

Үлкен кісі өзі **тілге келді**.

– Ендеше өзім бірер ауыз сөйлейін, жолдастар. Ұлы Отан соғысы бітті, жеңіс біздің қолда. Мал басы күрт өсті. Соғыс кезінде **өшіп тынған** көп зауыттар қайта өнім бере бастады. Сталин жолдас бесжылдық жоспарды ойдағыдай орындайды деп үлкен сенім артып отыр сіздерге. **Ортақ қазанға** неғұрлым мол астық құйып, мал өнімдерін көп беретін болсақ, қарнымыз тоқ, көйлегіміз көк деген сөз, жолдастар. Айтпақшы, осы ұжымның сегізжылдық мектеп құрылысы неге созылып кеткен? – деп колхоз төрағасына байыппен көз салған еді. Басқарма төмен қарап:

– Ағаш, шифер түспей жатыр, – деді **көмескілеп**.

– Түскен шифер, тақтайға ат қора салып алған!

– Ей, жайыңа отырсаң, неғылады!

– Қойыңдар, – деді үлкен кісі, – қандай жабдық жетіспейді, жазып бер, **қол ұшын жалғап** тапқызып берейін, – деді үлкен кісі күлімсіреп.

«Сол жолы Қонаев қалың жұрттың батасын алды, сол бата биік кісіге майдай жұғып жоғарғы Кеңеске депутат болып сайланды», – дейді Жәмила анам.

– Апа, әлгіде аузыңыздан «биік» деген сөз шығып кетті, сіздің әлгі сөзіңіз қай сөз? – дейміз.

– «Биік» деген сөз Қонаевқа көп үйлеседі, – дейді Жәмила анамыз, – жай ғана лауазым иесі болса, **сөзіне ілік іздеп** басшылардың **шаңын қағып**, сілкіп алар ма еді! Ауылдың белсенділерін **тұқыртқанда** не шығады деді ме, осылай шуақтана жымып күлді де қойды. Биік болмаса, сөйте ме?! Сол кезде ойлағам: «Әй, бұл кісі жердегі тіршілік иелеріне **биіктен қарап**, билік айтса болғаны дағы» деп ойлағам.

«Айтқаным келді, ол кісі елді қырық жылға жуық басқарды, екі тізгін, бір шылбырды қолынан түсірген жоқ, тәйірі!».

Осы сөзді айтқан Жәмила анамыз көрер көзге кәдімгідей зорайып, биіктеп, төбе басына шыққандай көрініп еді.

(Д. Досжан. «Төрт патшаны көрген кейуана» хикаятынан үзінді)

## 2. Сұрақтарға жауап беріңдер.


1. Бұл үзіндінің алдыңғы сабақта берілген мәтінмен байланысы бар ма?


2. Басты кейіпкер кім деп ойлайсың?

3. Д. Қонаев қандай адам болған?


4. «Биік адам» деп кімді атады?

5. Шығармадағы «ұлт болып қалар тамыр дәрісі» деген сөздің мағынасын қалай түсінесің?

 3. Негізгі кейіпкерлер кімдер? Кейіпкерлерге мінездеме беріңдер.

 4. Алдыңғы сабақтағы әңгімені еске түсіріңдер. Концептуалды картаны толтырыңдар. Басты кейіпкерлердің ұқсастықтары мен ерекшеліктеріне талдау жасаңдар.

Басты кейіпкер	Сыртқы портрет	Әрекеттер	Мінез-құлқы	Мақсаты

 5. Төмендегі сөз тіркестерінің мәтінде қандай мағынаны білдіретінін анықтаңдар, көркемдегіш құрал түрлеріне қарай ажыратыңдар.

- сарымайдай
- ұлпадай жұмсақ
- тілге келу
- биік кісі
- шаңын қағу
- басына іс түсу
- ортақ қазан
- зырқыраған пойыз секілді
- ел тізгіні
- тамыр дәрісі
- қалың жұрт

9-

сабақ

## Тәуелсіз Қазақстанның Тұңғыш Президенті

 1. Ойларыңды бөлісіңдер.

1. Дүкенбай Досжанның «Төрт патшаны көрген кейуана» шығармасы бойынша қандай ой түйдіңдер?

2. Тағы қандай ел басқарған тұлғаларды білесіңдер?

**2. Сөздікпен танысыңдар, мәтін мазмұнын болжаңдар.**

қауқылдасу	әңгімелесу
мәслихаттың ұйытқысы	ұйымдастырушы
резиденция	мемлекет басшысының мекені (Ақорда)
дидар	жүзі, бет-әлпеті
септесу	көмектесу
құйқылжыту	кідіріссіз, шебер сөйлеу
көмейіне құм құйылу	дыбысы шықпау
халықтың назарында	халықтың алдында болу

**3. Мәтінді оқыңдар. Мәтінге тақырып қойыңдар. Қарамен берілген сөздер мен сөз тіркестерінің мәтіндегі мағынасына назар аударыңдар.**

1999 жылдың наурызы. Немереммен аулаға шыққанбыз, үйреншікті орындыққа отыра бергенім сол еді, «Апа, қалайсыз?» – деп Күләшім жетіп келді. **Қауқылдасып**, халжай сұрасып жатырмыз.

«Ой, апа, бес кісі болып Астанаға барып қайттық, Шамалғандағы... Абай мектебінде... осы күнгі Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлымен баяғыда бірге оқығанбыз деп сөз ретінде айтушы едім ғой: сол кісінің алдын көрдік», – дейді. «Қой, үйге жүр, дастарқан басында отырып тыңдайын», – деп әлгі Күләшті үйіме ертіп келдім. Үстел үстіне аппақ дастарқан жайып, мұздатқыштан қазы-қартамды алып тұрап, бауырсақ төгіп, құрт-майымды жағалатып қойып жатырмын. Дәмді **мәслихаттың ұйытқысы** қою шай мен қазақы дастарқан ғой, шіркін.

Әлгі әңгімеден кейін екі-үш ай өтті ме, өтпеді ме, апақсапақ уақытта баяғы Күләшім қайыра есік қағады.

– Баяғы ауылға әкім етіп сайлап алған Байбақтинов келді үйіме, Президент бір топ ауыл үлкендерін өз **резиденциясында** қабылдамақшы екен, күні ертең!.. Қабылдау тізіміне енгізген бір **кейуана** аяқастынан ауырып қалыпты!.. Көзге көрінетін кім бар дегенде сізді атап едім!.. Ертең Президент қабылдауына барасыз, Алла бұйыртса!

Президент қабылдайтын үлкендердің тізіміне ілініп, алтын сарайға жеткенім, сірә, есімнен кетпес. Бір қолтығымнан әкім бала Байбақтинов, бір қолтығымнан Әмірова Күләш

қолтықтап алып сырты аппақ қардай, іші сары алтындай, мұнтаздай кең сарайға келіп кірдік.

«Келе жатыр!» деген сөзді құлағым шалды.

Президент жылдам еніп жақындап келіп сәлемдесті.

– Ой, апа, жасыңыз нешеде? – деді.

– Тоқсанның үстіндемін, балам, жүзге жуықтадым. Көзім нашарлап, бет-жүзіңді анықтап көре алмай тұрмын, балам!

Президент қасындағы көмекшісіне бұрылды.

– Мына кісінің көзін емдетіңдер, жақсы көзілдірік әперіңдер!

– **Дидарыңа** қанып, батамды берейін деп келдім, шырағым!

Бұрындары құлағым бірде ашылып, бірде жабылып, түк естіртпеуші еді, бұл жолы Жаратқан ием септесті ме, Президент баламның дауысын анық естідім, кәдімгідей қадалып, қазақы тілмен **құйқылжыта нақыштап** сөйлей жөнелді. Құйып алар құлақ болса, біраз шаруаның басын шалып, жағалай отырғандарға түсінікті ғып айтып берді.

Сөзінің мағынасы теңіз түбінде терең бе деп қалдым.

Сол ұшырасу үстінде екі бірдей нәрсе есімде қалыпты. Бірі: Нұрсұлтан баламның жүзінен ниеті көрініп тұрды. Екінші: Шамалған жақтан келген бір кісі «пенсиям аз, пенсиям аз!» деп құлақты жеп қойды. Сол мезетте Нұрсұлтан балам: «Ақсақал, балаларыңыз бар ма?» – деп сұрады. Өлгі кісі: «Иә, бар, бес балам бар, бәрі жоғарғы оқуды бітірген», – деп жауап берді. Нұрсұлтан балам: «Қазақта қартайған ата-анасын балалары асырайды, сол салтпен сізді де балаларыңыз бағып-қақсын», – деді қолмен қойғандай етіп. Шамалғаннан келген кісінің **көмейіне құм құйылды**.

Беу, дүние-ай!.. Біраз сөзін ұмытып қалыппын, қартайған кісіден не сұрап жарытасың! Бір қолтығымнан ауыл әкімі Байбақтинов, келесі қолтығымнан Күләш сүйемелдеп, үйге жеткізіп салғаны есімде. Немере қызым: «Әже, қарыныңыз ашты ма?» – деп алдымнан нан ұстап жүгіріп шыққанын білемін. Төсегіме бас қойып жатып ернімді жыбырлатып: «Тоқпын, тоқпын, құлындарым!» – деппін. Президентіміз, Нұрсұлтандай баламның дидарын көріп, дегенін естіп, тірі сөзіне тойып қайттым!.. Халқының назарында жүрсін!.. Тіккен туы құламасын!..

*(Д. Досжан. «Төрт патшаны көрген кейуана» хикаятынан үзінді)*





**4. Сұрақтарға жауап беріңдер.**

1. Оқиға қай уақытта болған?
2. Шығармадағы басты кейіпкер кім деп ойлайсың?
3. Кейіпкер кіммен кездесті?
4. Кездесуге кім себепші болды?
5. Елбасын кейуана қалай сипаттайды?
6. Кездесуде есте қалған 3 детальді атаңдар.



**5. Мәтіннен төмендегі сөз тіркестері берілген сөйлемдерді тауып оқыңдар, оқиғаның әрі қарай дамуын баяндаңдар.**

- дастарқан басында тыңдайын
- жақсы көзілдірік
- қайыра есік қақты
- құйқылжыта нақыштап
- кейуана ауырып қалыпты
- алтын сарай
- екі нәрсе есімде қалыпты

**6. Мәтіннен төмендегі тұжырымдарды дәлелдейтін айғақтар келтіріңдер.**

1. Елбасы қазақ халқының салт-дәстүрін жақсы біледі.
2. Елбасы – қарапайым тұлға.
3. Елбасы – қамқор басшы.
4. Елбасы – қазақ тілін терең білетін шешен.

10-

сабақ

**Тарихпен бірге жасасқан кейуана**

1. Дүкенбай Досжанның «Төрт патшаны көрген кейуана» хикаятының толық мазмұнын еске түсіріңдер. Кестені толтырып, әңгімелесіңдер.

Бөлімдері	Көтерілген мәселелер	Басты кейіпкерлер	Негізгі идеясы	Құндылықтар



2. Мәтінді тыңдаңдар. Әңгіме бойынша кейуанаға мінездеме беріңдер. Сызбаны қолданыңдар.



3. Мына суреттер таныс па? «Елбасы жолы» киноэпопеясын көріңдер. Оқылым мәтінімен қандай байланыс бар? Ортақ мәселе мен ерекшеліктеріне сипаттама беріңдер.



4. Д. Досжанның «Төрт патшаны көрген кейуана» хикаяты үзінділерін еске түсіріңдер. Кейіпкер кездескен төртінші патша кім болуы мүмкін? Өз ойларыңды ортаға салыңдар.


11- сабақ

Тәуелсіздік – Мәңгілік ел мұраты

1. Сурет таныс па? «Мәңгілік ел» қақпасы туралы не білесіңдер?




2. «Мәңгілік ел» ұғымына ассоциация құрыңдар. Сыныптастарыңмен ой бөлісіңдер.



3. Төмендегі сөздердің мағынасына көңіл бөліңдер, есте сақтаңдар. Үлгі бойынша сөз тіркесін, сөйлемдер құраңдар.

Сөздер	Мағынасы
бақуатты	бай, қуатты
терезесі тең	тең дәрежелі
түтіні түзу	жағдайы дұрыс
іргетас	негізі
ұйыстыру	біріктіру
алауыздық	араздық, жік-жікке бөліну
құрдымға жіберу	құртып жібер
тіршілік тезі	өмір қиыншылықтары
өткеннің тағылымы	өткеннен сабақ алу

Үлгі:



4. Мәтінді оқыңдар. Төмендегі сұрақтар бойынша пікірлесіңдер.

### Қадірлі халқым!

Мәңгілік ел – ата-бабаларымыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы.

Ол арман – әлем елдерімен терезесі тең қатынас құрып, әлем картасынан ойып тұрып орын алатын Тәуелсіз Мемлекет атану еді.

Ол арман – тұрмысы бақуатты, түтіні түзу ұшқан, ұрпағы ертеңіне сеніммен қарайтын бақытты ел болу еді.

Біз армандарды ақиқатқа айналдырдық. Мәңгілік елдің іргетасын қаладық.

Мен қоғамда «Қазақ елінің ұлттық идеясы қандай болуы керек?» деген сауал жиі талқыға түсетінін көріп жүрмін. Біз үшін болашағымызға бағдар ететін, ұлтты ұйыстырып, ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол – Мәңгілік ел идеясы.

Тәуелсіздікпен бірге халқымыз Мәңгілік мұраттарына қол жеткізді.

Біз еліміздің жүрегі, тәуелсіздігіміздің тірегі – Мәңгілік елордамызды тұрғыздық.

Қазақтың Мәңгілік ғұмыры ұрпақтың Мәңгілік болашағын баянды етуге арналады.

Ендігі ұрпақ – Мәңгілік қазақтың перзенті. Ендеше, Қазақ елінің ұлттық идеясы – Мәңгілік ел!

Мен Мәңгілік ел ұғымын ұлтымыздың ұлы бағдары – «Қазақстан-2050» Стратегиясының түпқазығы етіп алдым.

Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен гөрі оны ұстап тұру әлдеқайда қиын.

Бұл – әлем кеңістігінде ғұмыр кешкен талай халықтың басынан өткен тарихи шындық. Өзара алауыздық пен жан-жаққа тартқан берекесіздік талай елдің тағдырын құрдымға жіберген. Тіршілік тезіне төтеп бере алмай, Жер бетінен ұлт ретінде жойылып кеткен елдер қаншама?!

Біз өзгенің қателігінен, өткеннің тағылымынан сабақ ала білуге тиіспіз. Ол сабақтың түйіні біреу ғана – Мәңгілік ел болу біздің өз қолымызда. Бұл үшін өзімізді үнемі қамшылап, ұдайы алға ұмтылуымыз керек.

Байлығымыз да, бақытымыз да болған Мәңгілік Тәуелсіздігімізді көздің қарашығындай сақтай білуіміз керек.

«Қазақстан-2050» – Мәңгілік елге бастайтын ең абыройлы, ең мәртебелі жол. Осы жолдан айнымайық, қадірлі халқым! Өрбір күніміз мерекелі, өрбір ісіміз берекелі болсын! Дамуымыз жедел, келешегіміз кемел болсын! Жарқын іспен күллі әлемді таң қылып, Жасай берсін Елдігіміз Мәңгілік!

*(Н.Ә. Назарбаев. «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауынан)*

#### **Сұрақтар:**

1. Автор қандай тақырыпта сөз сөйледі?
2. «Мәңгілік ел» идеясы қандай ұғымдарды қамтиды?
3. «Мәңгілік ел» сөзінің тарихпен байланысы бар ма?

**5. Мына қатардан артық сөзді табыңдар.**

- 1) халық, ел, жұрт, алаш, ауыл, топ, қауым
- 2) сабақ, тағылым, мәселе, өнеге, ақыл, кеңес
- 3) бірлік, ауызбірлік, тіршілік, ұйымдасу
- 4) тең құқылы, терезесі тең, бірдей, бірге, біреу
- 5) құрдымға кету, жойылу, өркендеу, құру, жоғалу
- 6) қателесу, адасу, жолдан шығу, алауыз болу

**6. Мәңгілік елдің саяси географиялық сипаттамасы мәтінде қандай сөздермен берілген?**

Мәңгілік елдің аумағы	
Мәңгілік елдің әлемдегі орны	Терезесі тең
Мәңгілік елдің халқы	
Мәңгілік елдің жастары	
Мәңгілік елдің экономикасы	
Мәңгілік елдің дұшпандары	

**7. «Елбасы» сөзін өздеріңнің Мәңгілік ел туралы ассоциацияларыңмен салыстырыңдар.**

12-

сабақ

Уақыт сынынан өткен ел құндылықтары

**1. Сұрақтар бойынша пікірлеріңді айтыңдар.**

1. «Құндылық» сөзінің мағынасын қалай түсінесіңдер?
2. Еліміздің құндылықтарына нені жатқызар едіңдер?

**2. Мәтінді тыңдаңдар. Құндылық түрлерін тізіп жазыңдар, қысқаша түсініктеме беріңдер.**


Құндылықтар	Мазмұны

**3. Сөйлем мазмұнына қарай керекті сөздерді қойыңдар. Есімдіктерді анықтап, мағыналық түрлерін ажыратыңдар.**

1. Егеменді дамудың 22 жылында барша қазақстандықтарды біріктіретін, ел болашағының ... қалаған басты құндылықтар жасалды. 2. Үшіншіден, бұл – ... қоғам және жоғары руханият. 3. Төртіншіден, бұл – индустрияландыру мен ... негізделген экономикалық өсім. 4. Жетіншіден, бұл –

еліміздің ұлттық қауіпсіздігі және бүкіләлемдік, өңірлік мәселелерді шешуге ... тұрғыдан қатысуы. 5. Біз өз халқымыздың ... жолында ұлы мақсаттарды алға қоямыз, сондықтан мен барлық саяси партияларды, қоғамдық бірлестіктерді, барша қазақстандықтарды «Қазақстан-2050» Стратегиясының басты мақсатына жету жөніндегі жұмысқа белсене қатысуға шақырамын! 6. ... танытпаңыздар.

**Керекті сөздер:** жаңашылдық, әлемдік, ырыздығы, жауапсыздық, негізін, тең құқылы.

 **4. Топтық жұмыс.** Қазақ халқының ұлттық рухани құндылықтарын киіз үй құрылымы түрінде көрсетіңдер. Қай құндылық керегенің қызметін атқарады? Қай құндылықты шаңыраққа теңеуге болады? Қай құндылықтар уықтарға ұқсайды? Қай құндылықты сықырлауыққа ұқсатуға болады?

- туған жер
- ағайын
- бірлік
- ар-намыс
- ұрпақ
- салт-дәстүр
- тіл
- дастарқан
- қонақжайлылық
- үлкенге құрмет, кішіге ізет
- қанағатшылдық
- еңбек



**5. Сұрақтарға жауап беріңдер.**

1) Киіз үйдің іргесі берік болу үшін керегесі мықты болуы керек пе? Ал рухани дүниеде қай құндылық негізгі болып табылады?

2) Киіз үйдің биік, еңселі болуы уықтың ұзындығына, мықтылығына байланысты. Ал рухани дүниеде ұлттың еңсесін көтеретін, биік ететін қай құндылық?

3) Киіз үйдің шаңырағы мен керегесін не байланыстырады? Ал рухани дүниеде барлық құндылықты біріктіретін қандай құндылық?

13- сабақ

Нәтиже сабақ



**1. Бұл жылдардың еліміздің тарихымен байланысы бар ма?**

1991      1994      1995      1998      2009

## 2. Қазақстан суретшілерінің туындыларымен танысыңдар.

1. Бұл суреттер қай кезде салынған?
2. Әр суретші өз шығармасында қандай тарихи шындықты бейнеледі?
3. Суреттер арасында ұқсастық бар ма?
4. «Тәуелсіз Қазақстан» тақырыбындағы көрмеге қай суретті қояр едің?



Өбілхан Қастеев



Өбілхан Қастеев



Өсемқұл Бейбіт

## 3. Тарау бойынша сөздік қорларыңды қанша сөзбен толықтырдыңдар? Естеріңде қалған сөздерді төмендегі сызба бойынша жазып шығыңдар.

Зат есімдер: ...

Сын есімдер: ...

Етістіктер: ...

## 4. «Менің елім» тақырыбына эссе жазу үшін керекті сөздерді іріктендер.

алауыздық береке тағдыр мәңгілік мұраттары бағдар  
Мәңгілік ел терезесі тең бақуатты ел ұлтты біріктіру  
шаңды дауыл зайырлы

## 5. Мәтінді тыңдаңдар. Төменде берілген кестедегі сұрақтар мен жауаптарды сәйкестендіріңдер.

1	Бұл оқиға қашан болды?	Оны көзден таса қылмай, жұрттың бәрі кемеңің ұшу траекториясын бақылап, жоғары қарап тұр.
2	Мыңдаған халықтың назары қайда болды?	Біздің елімізден жұлдыздарға қарай жол салынды.
3	Зымыран қайда самғап барады?	1991 жылы 2 қазанда.
4	Жұрттың бәрі нені бақылап тұрды?	Зымыран Байқоңырдың үстіндегі ашық аспанда самғап барады.
5	Тыныштықты не бұзды?	Мыңдаған көздер «Союз-ТМ13» ғарыш кемесі тұрған позициясына қадалды.
6	Не себепті өздерін бақытты сезінді?	Тыныштықты ду қол шапалақтау бұзып жіберді.

## 6. Мына сызба бойынша Қазақстанның қол жеткізген зор табыстарын санамалап, айтып шығыңдар.



Сәбит Оразбайдың  
«Өмірдің өзі – театр» әңгімесі

1-

сабақ

## Театр не үшін керек?



## 1. Сұрақтар бойынша пікірлесіңдер.

1. Адамдар театрға не үшін барады?
2. Қоғам өмірінде театрдың орны қандай?



## 2. Қарамен берілген сөздердің мағынасын анықтаңдар.

1. «Еңлік–Кебек» спектаклінде жастар қиянатқа қарсы күреседі.

\_\_\_\_\_ жамандық

\_\_\_\_\_ зұлымдық

2. Қ. Сәтбаев бос уақытында өлең жазуды ермек етті.

\_\_\_\_\_ айналысу

\_\_\_\_\_ уақыт өткізу

3. Эпостық жырларда батырлар намыстарына кір жүк-қызбады.

\_\_\_\_\_ ар сақтау

\_\_\_\_\_ арды қорғау

4. Терең білім алу үшін жастарға жайлы жағдай жасау керек.

\_\_\_\_\_ керекті жағдай

\_\_\_\_\_ жан-жақты жағдай



## 3. Театр туралы пікірлермен танысыңдар.


Жүсіпбек Аймауытов: «...театр деген нәрсе ермек емес, көңіл көтеру де емес, ол – үлгі, ол – тәрбие, өнер орны», – дейді.

Иә, рас, себебі, онда ізгілік пен махаббат, зұлымдық пен қиянат секілді қасиеттердің арақашықтығын, олардың айырмасын ашады. Зұлымдықтарды сынап, адамдарға ізгілік жолын, имандылық жолды көрсетеді. Театр өнерін жинақтаушы, ұйыстырушы деп тек қана әртістер мен режиссерлерді, суретшілерді, драматургтерді, композиторларды ғана емес, сонымен қатар көрерменмен диалог тудырушы өнер ретінде тану керек. Бұл өте маңызды. Жалпы театр өнері тек көрерменді ғана емес, сол өнер адамының өзін, тіпті әлемді өзгертеді. Мүмкін өнердің мақсаты да осы шығар: адамды өзгерту және әлемді тану...



Мұхтар Өуезов өзінің «Жалпы театр өнері мен қазақ театры» деген мақаласында: «...театр өнерінің ұрығы елдің әдет-салтынан, ойын-сауығынан, өлең-жырынан басталған. Театр өнерін туғызатын жайлы топырақ, қолайлы шарт елдің өз денесінен шыққан. Адам өзін-өзі сақтап қалуы үшін, рухани құндылықтарына кір жақпас үшін үнемі театрдан сабақ алып отыруға тиісті», – дейді.

Немістің танымал режиссері Михаэль Тальхаймер «The New Times» газетіне берген «Егер қоғамда жара болса...» деген сұхбатында: «Егер қоғамның жаны жаралы болса, театр оны «бәрі жақсы болады» деген сөзбен емдеуге тиісті емес, керісінше, сол жараны нұқып көрсетуі керек, қаттырақ айтсам, сол жарасына саусағын батыру керек. Ауырту керек. Сол кезде ғана театр көрермен алдындағы өз борышын өтейтіні анық», – дейді.


 4. Үш түрлі пікірде берілген негізгі ойды табыңдар.

- 1) Мұхтар Өуезов
- 2) Жүсіпбек Аймауытов
- 3) Михаэль Тальхаймер


1. Театрдың дамуы үшін жақсы орта қалыптасып, халық театрды қабылдауы керек.

2. Театр қоғамдағы маңызды мәселелерді дәл көрсетіп отыруы керек.

3. Театр адамның ойын, пікірін өзгертуі, ізгілікке шақыруы керек.

 5. Мәтіннен мына сөз тіркестері берілген сөйлемдерді табыңдар. Оларды перифразалаңдар. Ауыспалы мағынада тұрған сөздерді тура мағынадағы сөздермен ауыстырыңдар. Бұл сөз тіркестері қай стильге тән?

жаны жаралы  
ізгілік жолы, имандылық жолы  
саусағын батыру, ауырту  
көрерменмен диалог  
өлемді өзгерту  
өз борышын орындау

 6. Оң жақтағы сөйлем құрылымын қолданып, сол жақ бағандағы сөздермен сөйлемдер құраңдар. Мұндай сөйлем түрлерінің публицистикалық стильде неге жиі қолданылатынын түсіндіріп көріңдер.

1. Театр/көңіл көтеру/демалу/  
уақыт өткізу  
2. Театр/әдемілік/музыка/  
белгілі актерлер

Қандай орын?  
... емес, ... емес, тіпті ... емес

1. Ізгілікке сену/ертегі 2. Намыс/батырлар 3. Театр/салт-дәстүр/әдет-ғұрып	Не неден басталған? Не ... +дан/ден/тан/тен/нан/нен басталған.
1. Көрермен/талғам 2. Халық/жан 3. Қоғам/ауру	Кімнің несін көрсетеді? ... ның/нің/дың/дің/тың/тің ... + ін/ын/н көрсетеді.
1. Көрермен/ізгілік 2. Жастар/жаңалық 3. Халық/шындық 4. Қоғам/жан жарасы, ұмтылу	Кімге нені ашады? ... +ға/ге/қа/ке/на/не ... +ны/ні/ды/ді/ты/ті/н ашады.
1. Театр/дамыту/ұмтылуға тиіс 2. Ауру/емдеу/ұмтылу	Не істеу керек/керек емес? ... +у керек/...+у керек емес.
1. Кинотеатр/театр 2. Цирк/театр 3. Эстрада/театр	...Неге қарағанда театрдың тарихы терең? ... +ға/ге/қа/ке қарағанда театр танымал.

2-

сабақ

## Театр және қазіргі заман



1. Театрдың қоғамдағы орнын білдіретін 3 сөзді атаңдар.

2. Театрға анықтама беріңдер. Ойларыңды бейнелі сөздермен жеткізіп көріңдер.

1) Театр неге ұқсайды? (театр – ... , театр – ... , театр – ...)

Ассоциацияларды бейнелі сөздермен жазыңдар.

2) Театрды немен салыстыруға болады?

*Секілді, сияқты* шылауларын қолданып, басқа заттармен салыстырып көріңдер.

3) Театрды адам орындайтын қандай әрекеттермен сипаттауға болады? Мысалы, адам үйретеді – театр үйретеді.

3. Театрдың қазіргі қоғамдағы орны туралы сыныптастарыңның пікірін білу үшін 5 түрлі тезис құрастырыңдар. Оқушылардың тезистер туралы пікірін білу үшін (келісемін/келіспеймін) сауалнама жүргізіңдер.

1. Театр қоғамдағы өзекті мәселені көрсетеді.

2. Театр ...



4. Сауалнама қорытындысын, бейнелі сөздер қатарын қолданып, «Театр не үшін керек?» тақырыбында пікірталас эссесін жазыңдар.

*Эссе жазуға дайындық:*

1) Театр туралы оқушылардың жауаптарын тізіп жазыңдар (мысалы, театр адамдарға ізгілік жолын көрсетеді).

2) Пікірлерді ұқсастығына қарай топтастырыңдар, 2 қолдаушы, 1 қарсы пікірді анықтаңдар (мысалы, театр қоғамдағы өзекті мәселені көрсетеді).

3) Кіріспе жазыңдар.

Театр туралы пікірлер қандай мәселемен байланысты айтылды?

#### Пікірталас эссе құрылымы

**Кіріспеде** негізгі тақырыпты ата. Сен не туралы жазасың? Тақырыппен байланысты мәселелерді анықта, бұл мәселенің қалыптасуын түсіндір. Өзіңнің келісетін/келіспейтіңді айт. Тақырып бойынша өзің тоқталатын мәселелерді атап өт.

**Негізгі бөлімді** бірнеше тақырыпшаға бөл. Бұл сенің зерттеу жұмысыңның бөліктері болады. Олар бір-бірімен байланысты болуы керек. Өз ойыңды тұжырымдап бер. Мәселен, 1 қолдаушы 2 аргументті келтір. Оларды түсіндір, айғақтар келтір. Енді 1 қарсы аргумент келтір. Оның айырмашылығын түсіндір.

**Қорытынды бөлімде** мәселені шешуге бағытталған ұсыныстарды беру керек.

#### Эссе жазуға көмектесетін көмекші сөздер

Оның басты себебі	Тақырып бойынша негізгі мәселені атау
Осымен байланысты	Мәселенің туындау себептері
Өйткені	Мәселені негіздеу
Соған қарамастан	Қарсы пікірлерді, қарсы айғақтарды ұсыну
Әрине	Нақтылау
Дегенмен	Қарсы пікірді айту үшін сөйлемді осы сөзбен бастау
Сондықтан	Белгілі бір әрекеттің нәтижесінен шығатын салдар

3-

сабақ

### Театр тарихынан

1. Театр тарихында жиі аталатын елдермен танысыңдар.

1. Бұл елдер театр тарихында қандай орын алады?

2. Бұл елдерде театр қалай дамыды?

3. Театрмен байланысты қандай қызықты оқиғалар болды деп ойлайсың?

Австрия, Ресей,  
Италия, Хорватия,  
АҚШ

**2. Сөздер қатарымен танысыңдар.**

1) Сөздердің театрмен қандай байланысы бар деп ойлайсыңдар?

орын сайланады  
кейіпкерді сомдау  
партер  
пьесалар жазумен қатар  
«финита ля комедия»  
орыс поэзиясының күні  
қойылым

2) Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Қай сөз тіркесінде ауыспалы мағынадағы сөздер берілген?
2. Қай сөздерді «театр сөздері» деп атауға болады?
3. Қай сөздер кәсіби сөздер болып табылады?



3. Мәтінмен танысыңдар. Театр тарихы туралы толық ақпарат берілді ме?

**Театр тарихынан**

1. Театрдың дүниеге келуі, қалыптасуы адамзаттың дамуымен байланысты. Өйткені театр – адам ойының, шығармашылығының туындысы.

2. Орта ғасырларда әйел адамдарға тек құлдар мен күлкілі кейіпкерлер бейнесін ғана сомдауға рұқсат берілген. Орыс поэзиясының күні саналатын Пушкиннің заманындағы театрларда орындықтар саны шектеулі болатын. Партердің алдыңғы қатарында тек беделді қонақтарға ғана арналған бірнеше орын болған. Ал қалғандары қойылымды тұрып тамашалайды екен. Көпшілік жағдайда билетті мұндай жерлерге клерктер, студенттер мен өнерге жақын адамдар алатын. «Браво!» деген мадақ сөз де осы адамдар жақтан жиі естілетін.

3. Әлемде билет алу жүйесі ерекше театр бар. Ол АҚШ-тың Вирджиния штатында орналасқан. «Бартер театрына» кіру билетін ақшаға емес, тамаққа айырбастап алады.

4. Еуропадағы ең көне театр Хорватия елінде орналасқан. Иония театрларында бір қолы жоқ жауынгерлердің қасына тақыр бас құлдарды отырғызатын болған. Қойылым ұнаған жағдайда жауынгерлер шапалақтау үшін бір қолының алақанымен құлдың басынан соғады екен.

5. Ежелгі Рим театрлары комедияларында тек гректерді күлкіге айналдырса, гректер де өз кезегінде римдіктер өмірін мысқылдайтын болған.

6. Алғаш рет фонограмма Ежелгі Римде пайда болған. Ливий Андроник есімді драматург пьесалар жазумен қатар, сол қойылымдарда өзі ойнайды екен. Бір күні оның дауысы шықпай қалып, қойылымды шегерудің орнына сахна артына актер орнына сөйлейтін адам қояды. Ал өзі сахнада тек аузын жыбырлатып қана тұрған.


7. Сицилияда бір ай шамасына созылатын қойылым көруге болады. Ал көне заманда, тіпті бір жылға созылатын қойылымдар да болған. Күндіз жұртшылық жұмыс жасаса, кешке қарай қойылымның жалғасын көру үшін театрға әрең үлгеретін болған.

8. XVI ғасыр театрларында әйел адамдар көбіне Франческа, Коломбина, Эсмеральда есімді кейіпкерлерді сомдайтын. Өйткені ол кезде бұл есімдер кең таралған болатын.


9. Грек ақыны Фридрих өзінің «Милетті жаулау» деп аталатын пьесасы үшін көп көлемдегі айыппұл төлеген. Оның бір ғана себебі бар. Бұл қойылым барысында көрермен көз жасын тия алмағаны үшін қолданылған шара болыпты-мыс.

10. Кез келген нәрсенің аяқталғанын білдіру үшін қолданылатын «финита ля комедия» тіркесін, әдетте Рим театрларының актерлері қойылым біткен кезде айтады екен. Италияндық комик Бианконеллидің жұрт алдында көңілді пантомима көрсетемін деген талпынысы сәтсіздікпен аяқталғаны баршаға мәлім. Ол қойылым барысында бөтелке ұстап тұрып, оның итальян тіліндегі нұсқасын айтқан. Осы оқиғадан кейін «бөтелке» деп аударылатын «фиаско» сөзі «сәтсіздік», «масқара болу» деген мағынада қолданылатын болды.


*(Қазақстан. Ұлттық энциклопедия, 8-том)*

 4. Қай тезис ақпарат мазмұнына сай келеді?

1. Театр адамдарды әдемілікке шақырады.
2. Театр адамдардың өмірге құштарлығын оятады.
3. Театр адамдарды шабыттандырады.
4. Театр адамдарды шығармашылыққа үйретеді.
5. Еуропада театрдың дамуы өркениеттің даму деңгейін көрсетеді.

 5. Театрға тән белгілерді анықтап, топтастырыңдар. Кестемен танысыңдар, оны толықтырыңдар.


	Мәтінде детальға сай берілген ақпарат
сахна	
...	
кейіпкерлер	құлдар мен күлкілі кейіпкерлер
...	

 6. «Театр тарихы – адам мәдениетінің даму айнасы» деген тақырыпқа дөңгелек үстел өткізіңдер. Қатысушылар: актер, режиссер, сценарист, өнертанушы, театр сыншысы, тілші, көрермен.

4-

сабақ

## Қазақ театрының тарихы

 1. Ақпаратта қазақ операсы мен фильмі туралы қандай мәліметтер берілуі мүмкін? Өз болжамдарыңды айтыңдар.

 2. Екі мәтінді салыстырып оқыңдар, жоспарды реттендер.

### 1-мәтін. Қазақ опера театры

Қазақ халқының мәдениетінде опера жаңа көркем жанр болып қалыптасты. Қазақ операсы 1930 жылдары пайда болды. Қазақ музыка өнерінде Е. Брусиловскийдің «Қыз Жібек», А. Жұбанов пен Л. Хамидидің «Абай» және М. Төлебаевтың «Біржан мен Сара», «Айман–Шолпан» опералары дүниеге келді. Бұл операларда қазақтың халық әндері мен күйлері қолданылды.

1944 жылы ұлы ақынның 100 жылдық мерейтойы қарсаңында «Абай» операсы қойылды. Бұл операның музыкасын жазған – әйгілі композиторлар Ахмет Жұбанов пен Латиф Хамиди. «Абай» операсы жыл сайын Қазақ опера театрының маусымын ашады.

Қазақ опера театры – өзінің шымылдығын 1934 жылы М. Өуезовтің пьесасы бойынша «Айман–Шолпан» музыкалық комедиясымен ашты. Бұл спектакль үш айдың ішінде

### 2-мәтін. Қазақ драма театры

Театр шымылдығы М. Өуезовтің «Еңлік–Кебек» трагедиясының 3-актісімен (С. Қожамқұловтың қоюы бойынша) және халық өнерпаздары қатысқан үлкен концертпен 1926 ж. Қызылордада ашылды. Театр труппасы 1929 ж. Алматыға қоныс аударды. 1937 ж. академиялық театр атағын алды. Театрға 1961 ж. жазушы, драматург М.О. Өуезовтің есімі берілді.

Театр алғаш рет құрылған жылы онда Иса Байзақов, Өміре Қашаубаев, Қалибек Қуанышбаев, Елубай Өмірзақов, Серке Қожамқұлов, Жұмат Шанин, Шара Жиенқұлова және тағы басқа өнер тарландары қызмет етті. Олар театр тарихында өшпес із қалдырды. 1934 жылы қазақ драма театрының құрылуына негіз болды.

1936 жылы театр қазақ әдебиеті мен өнерінің Мәскеуде аса табысты өткен онкүндігіне қатысты.

100 рет қойылған. Ал 1936 жылы Мәскеуде өткен Қазақ әдебиеті мен мәдениетінің онкүндігінде қазақтың «Қыз Жібек» операсы тұңғыш рет үлкен табысқа жетті. «Қыз Жібек» операсының либреттосын Ғабит Мүсірепов, музыкасын Евгений Брусиловский жазған. 1941 жылы Қазақ опера және балет театрының ғимараты салынды. Бұл театр сол кезде Алматыдағы ең әсем, сәулетті ғимараттың бірі болды. 1945 жылы Абайдың туғанына 100 жыл толуына орай театрға Абай есімі берілді.

М. Өуезовтің 1940 жылы режиссер А. Тоқпанов сахналаған «Абай» спектаклі театрдың көркемдік тұрғыдан үлкен жетістігі болды. Қойылымдардың, мысалы, «Хан Кене», «Түнгі сарын», «Біздің жігіттер» т.б. музыкалық көркемдеулеріне негізінен А.В. Затаевичтің «Қазақтың 500 әні» жинағындағы өндер пайдаланылып келді. Қазақ драма театрын дамытқан, көркейткен белгілі режиссер Ө. Мәмбетов болды. Ол театрды басқарған жылдар «Мәмбетов кезеңі» деп аталды. Ө. Мәмбетов қойған «Біз періште емеспіз» (Қ. Мұхамеджанов), «Ғасырдан да ұзақ күн» (Ш. Айтматов), «Кемеңгерлер мен көлеңкелер» (С. Жүнісов) драмалары театр сахнасынан әлі де түскен жоқ.

### Жоспар:

#### 1-мәтін

- 1) Қазақ опера және балет театрының қалыптасуы.
- 2) Алғашқы қазақ операсы.
- 3) Қазақ операларын жазған композиторлар.
- 4) Қазақ операсының негіздері.
- 5) Танымал болған опера.
- 6) Театр ғимараты.

#### 2-мәтін

- 1) Алғашқы қазақ театры.
- 2) Қазақ драма театрының қойылымдары.
- 3) Мәскеудегі онкүндік.
- 4) Алғашқы режиссерлер.
- 5) Қазақ театрының өрлеу дәуірі.
- 6) Қазақ театрын жасаған тұлғалар.

3. Екі өнер орны туралы мәліметтерді қандай белгілері бойынша салыстыруға болады? Салыстыру белгілері бойынша қорытынды жасаңдар.

– қалыптасу уақыты:

– ...

– ...

4. Мәтінде кездесетін мына сөз тіркестерінің мағынасын ашып түсіндіріңдер.

«Мәмбетов кезеңі»  
көркемдік тұрғыдан  
театр сахнасынан түскен жоқ

5. Мәтінде берілген қай қойылымдарды көрдіңдер? Олардың мазмұны естеріңде ме? Сыныптастарыңа әңгімелеңдер.

1. Қойылым қалай аталады? Не туралы?
2. Басты кейіпкер кім?
3. Кейіпкермен байланысты детальдарды естеріңе түсіріңдер.
4. Қойылымдағы оқиғаны баяндау үшін оқиға орнын, адамдармен байланысты детальдарды естеріңе түсіріңдер.
5. Бұл қойылым саған ұнады ма? Неге?

5-

сабақ

Көрермен

1. Тілшілер «Жастар театрға бара ма?» деген тақырыпта сауалнама жүргізді.

1. Сауалнамада қандай жауаптар болады деп ойлайсыңдар?

2. Сауалнамада қандай сөздерді естимін деп күтесіңдер? Кемінде 4 сөз жазып көріңдер.

2. Сауалнаманы тыңдаңдар. Естіген жауаптарды белгілеңдер.

- Жиі барамын.
- Уақыт жоқ.
- Театрға бару қазір «мода» емес.
- Барып тұрамын.
- «Қара шекпен» қойылымы.
- Қызықты қойылым болса, барамыз.
- Рухани байлық алу үшін бару керек.
- «Ақтастағы Ахико».
- «Бір түп алма ағашы» қойылымы.
- «Қызыл орамалды шынарым».





**Сұрақтар:**

1. Сұхбат берушілер қай сұраққа жауап берді?
2. Театрға бару жастарға ұнай ма?
3. Қандай театрдың аттары аталды?

3. Белгілі драматург Д. Исабековпен болған сұхбаттан алынған үзіндімен танысыңдар. Сұхбат қандай тақырыпта жүрді? Болжам жасаңдар.



4. Д. Исабековтің театр туралы пікірін тыңдаңдар. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Жазушы сөзінің басты идеясы неде?

2. Қазақстанда драматургия дамыған ба, дамымаған ба?

3. Театр үшін не маңызды?

4. Автор қандай пьесалар жазған?

5. Театр режиссері мен драматург арасында қандай қиындықтар бар?

6. Қазір қазақ драматургиясы жақсы дамыған ба?

7. Репертуарға Дулат Исабеков қандай баға берді?

8. Автор тапсырыспен пьесалар жазды ма?

5. Театрды жарнамалаңдар. Көрермендер сипаты бойынша жарнама мәтінін толтырыңдар. Алдымен сұрақтарға жауап беріп алыңдар.

**Бағдарлама сценарийі**

**Жүргізуші:** Театрды бір адам білетін болса, оларға ақсақалдық айтатын болса, ол – Дулат ағамыз. Ал, аға, бауырларыңыздың да әңгімесін естідіңіз, жастардың да әңгімесін естідіңіз.

**Жазушы:** ...

Менің мақсатым (бір мақсатты таңдаңдар. Ол жарнама мәтінінің мазмұнын анықтайды)	Менің аудиториям (сұрақтарға жауап беріңдер)	Жарнама мәтіні Назар аудартатын сөз!
	Бұл жазба кім үшін жазылу керек?	
<ul style="list-style-type: none"> <li>• Затты, оқиғаны сипаттау</li> <li>• Өрекетті істеуге шақыру</li> <li>• Оқиғаны баяндау</li> <li>• Түсіндіру</li> </ul>	Бұл тақырып туралы олар не біледі?	
	Олардың не білгенін қалаймын?	
	Менің тақырыбымның қай бөлігі оларды қатты қызықтырады?	

6-

сабақ

## Театр саңлақтары



## 1. Пісірлесіңдер.

1. Қазақ театрының қандай танымал актерлерін білесіңдер?

2. Актерлер қалай танымал болады?



## 2. Қазақ театрының актері туралы ақпараттық слайдтарға қараңдар.

1. Сен ақпараттан не күтесің?

2. Ақпаратта кездесуі мүмкін сөздердің тізімін жаса.

3. 3-слайдтағы сөздерді дыбыстап көр.

4. Бұл сөздердің мағынасын сөздіктен қара.

Елубай Өмірзақов



Е. Өмірзақов сомдаған рөлдер

- «Амангелді» фильміндегі Амангелді бейнесі
- «Алдаркөсе» фильміндегі бақсының рөлі
- «Атамекен» фильміндегі ақсақал бейнесі



Е. Өмірзақовтың ерекшелігі

- қағилез
- ширақ
- аңгімешіл
- жомарт
- парасатты
- ұлттық образды жасау
- ұлы актер



## 3. Ақпаратты тыңдаңдар. Есмұхан Обаев актер туралы қандай ойды айтқысы келді?

1. Табиғи талант.

2. Театрды қасиетті орын деп бағалады.

3. Қазақ театрында ұлттық образды қалыптастырды.

4. Театрды құрды.

5. Жақсы өн айтты.



## 4. Ақпаратты қайта тыңдаңдар. Талқылаңдар, анықтаңдар.

1. Е. Обаев Е. Өмірзақовтың актер ретінде қандай басты ерекшелігін атады?

2. Е. Обаевтың пікірі негізделді ме?

3. Е. Өмірзақов туралы ақпаратта қандай мәліметтер жеткіліксіз болды?

7-

сабақ

## Серке Қожамқұлов

1. Қазақ театры туралы ақпараттың 2-бөлімін тыңдаңдар. Сұрақтар бойынша пікірлесіңдер.

1. Серке Қожамқұлов туралы ақпараттың басты идеясы неде?

2. «Сом-сом бейнелерді жасады» деген сөзді қалай түсінесің?

3. Серке Қожамқұловтың театрға деген көзқарасын автор немен салыстырды?

Серке Қожамқұлов

- сахна саңлағы
- қазақ өнерінің алғашқы қарлығашы
- сом-сом бейнесі
- шеберлік мектебі



2. Ақпаратты қайта тыңдаңдар. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Серке Қожамқұловтың өмірге деген махаббаты ақпаратта қалай берілді?

2. Серке Қожамқұлов қандай ұлттық образдарды қалыптастырды?

3. Серке Қожамқұловтың актер ретіндегі басты ерекшелігін көрермендер қалай бағалады?

- Қарабай («Қозы Көрпеш–Баян Сұлу» пьесасы)
- Еспембет («Еңлік–Кебек»)
- Қоңқай («Ақан сері»)
- Ұлттық бояу



3. Серке Қожамқұлов пен Елубай Өмірзақов туралы ақпаратты салыстырыңдар. Актерлік шеберліктеріндегі ұқсастықтары мен ерекшеліктеріне талдау жасаңдар.

Е. Өмірзақов	С. Қожамқұлов
тума талант	халық арасынан шыққан талант иесі

Ұқсастықтары

Ерекшеліктері

4. Өздеріңе ұнайтын спектакль, актер туралы ақпарат дайындаңдар.

8-

сабақ

## Өмірдің өзі – театр

1. Өз облысыңда қандай театр бар? Бұл театрды қандай белгілі адамдар қалыптастырды? Театрдың репертуарында қандай қойылымдар бар? Театр адамдарды неге үйретеді?

**2. Әңгімені оқыңдар. Тапсырма түрлерін орындаңдар.****Өмірдің өзі – театр***(естелік кітаптан үзінді)*

Елағаң – Елубай Өмірзақов Амангелдінің рөлін ойнап, қазақты дүниежүзіне танытқан кісі ғой. Бұл кісі – ешкімге ұқсамайтын, қалжыңы қалтасында жүретін адам. Өзі өмірі күлмейтін. Күлсе де, теріс қарап, мырс-мырс ететін. Күлген кезде жарықтықтың екі иығы көтерілетін, бітті. Театрдың ішінде бөлме болатын, әртістердің бәрі келіп, демалып отыратын. Темекі тартатын жер емес, демалыс бөлмесі дейтін.

Қыстың аяқ кезі. Бір күні театр әртістері демалып отырғанбыз. Елағаң: «Мен өмірімде дәрі ішкен адам емеспін. Ал мынау тұмаудың мың да бір емі – сарымсақ (тау пиязы) екен», – деді. Бәріміз тыңдап отырмыз. Он шақты адамбыз. Елағаңның сырын білетіндер мырс-мырс күліп қояды. Қасымда отырған кісіден «Неге күлесіз?» деп сұрасам, «Қарап отыр, қазір Елағаң үш-төрт адамды тексереді», – деді. Тыңдап отырмыз. Содан Елағаң әңгімесін соза түсті: «Бұл – тау пиязы, жаңа айттым ғой, мың да бір ем. Бір-бірден екі танаудың ішіне салып алсаң, ешқандай ауру, әсіресе тұмау жоламайды. Тіпті дәрінің керегі жоқ», – деді.

Елағаң екінші тәжірибесін айтты: «Алдымызда 1 май мерекесі келе жатыр. Бәріміз жылдағыдай парадқа шығамыз (*Ол уақытта парадқа шығу ұлкен дәреже еді. Әрбір еңбек ұжымы міндетті түрде шығатын*). Менің үйде ақ брезенттен тігілген топылиым<sup>\*</sup> бар. Биыл ештеп көнеріп қалған болуы керек. Соның сыртына тіс жуатын пастаны баттастырып жағамын да, қазанда қайнап тұрған суға бір батырып, тез ала қоямын. Сол қалпында аппақ болып қатады да қалады», – деді. Елағаң әлі сөйлеп отыр. Біз тыңдап отырмыз.

Елағаңның тәжірибесін бірінші болып қолға алған – Мәлік Сүртібаев ағамыз. Екі танауына тау пиязын салып алып, театрда жүреді. Бір күні троллейбуспен қызметке келе жатады. Жерде қар бар, күн суық кез екен. Ол кезде троллейбустың алдыңғы жағында орындықтардың орналасуы бір-бірден болатын. Екі орыс кемпірі сол орындықтарда

\* топылиым – туфлиім

қарсы отырып, темекіні заулатып келеді екен. Солардың маңайына жайғасады. Ойламаған жерден қос танауы жыбырлап, түшкіргісі келеді. Мәліктің өзі айтады: «Шалқайып тұрып түшкіргенімді өзім де байқамай қалдым. Қос танауымдағы екі сарымсақ әлгі екі кемпірдің маңдайларына барып сарт етіп, жабыса қалды. Кемпірлер: «Это что за безобразие!» – деп айғайды салды. Кешірім сұрап жатырмын. Онымды елейтін олар жоқ, байбаламға салып жатыр. Троллейбус ішіндегілер де ыңғайсызданып, біресе қос кемпірге, біресе маған қарайды. Кейбірі не болғанын түсінген де жоқ. Мен ұялғанымнан театрға жетпей, Калинин көшесінен түсіп қалдым», – деді.

(Сәбит Оразбай)

### 3. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Елубай Өмірзақовты театр әртістері қалай атайтын еді?
2. Оқиға қай жерде болған?
3. Бұл орынға әртістер не үшін жиналатын еді?
4. Елубай Өмірзақовтың әңгімесін адамдар қалай тыңдады?
5. Елубай Өмірзақов қандай тәжірибелерін бөлісті?
6. Елубай Өмірзақов қалжыңды қалай айтатын еді?
7. Ол шын болған әңгімені айтты ма, жоқ әлде ойдан құрастырды ма? Қалай ойлайсың?
8. Елубай Өмірзақовтың әңгімелеріне сенген адамдар болды ма?

### 4. Әңгімеге талдау жасаңдар.

• Әңгіменің негізгі идеясы	• Әңгімедегі басты деталь
• Әңгіме авторының негізгі мақсаты	• Әңгімедегі мезгілді білдіруші сөздер

5. Әңгімеден көсемше (*-ін, -ыл, -п*) формасындағы етістіктерді тауып, оларға сұрақ қойыңдар.

**Үлгі:** Елағаң – Елубай Өмірзақов Амангелдінің рөлін *не істеп?*

- ойнап, қазақты дүниежүзіне танытқан кісі ғой.
- Қазақты дүниежүзіне қалай танытқан кісі?
  - Амангелдінің рөлін ойнап ...

**Көсемшелі оралым**

Көсемше өзіне тәуелді сөздермен жай сөйлем құрылымын кеңейтіп, негізгі әрекеттің өту сипатын, мезгілін, мақсатын білдіреді. Ол сөйлемде ерекше интонациямен айтылады.

Мысалы:

– *Театрға келе жатып, кинода ғана көретін актерлерді кездестірдім.*

– *Актерлерді қашан кездестірдің?*

– *Театрға келе жатып кездестірдім.*

Жай сөйлем құрылымын кеңейтіп, күрделендіріп тұратын көсемше мен оған тәуелді сөздер қатарын **көсемшелі оралым** деп атайды.

Көсемшелі оралым көсемшенің **-а/е/й, -ып/іп/п, -ғалы/гелі/қалы/келі** жұрнақтары арқылы жасалады.



**6. Екі жай сөйлемнен көсемшелі оралымды жай сөйлем құраңдар.**

*Үлгі:* Жолсерік жолаушылардың билетін тексеріп жатыр. Бір-бірлеп кіргізіп жатыр > Жолсерік жолаушылардың билетін тексеріп, бір-бірлеп кіргізіп жатыр.

1. Кішкентайлар улап-шулап жүгірді. Пойызға кіріп кетті.

2. Серік қарт анасы мен әжесін көрді. Басқа да туған-туысқандарымен танысты.

3. Асқар жаңа қойылымға билет алды. Бүгін ата-анасын театрға шақырғысы келді.

4. Көрермендер залға кірді. Өз орындарына жайғасты. Көрермен залының шамы сөнді. Сахна пердесі ашылды.

5. Батырхан ағасына азын-аулақ сәлем-сауқат әперді. Кешке қарай пойызға шығарып салды.

6. Театр шамдары алыстан жарқырайды. Жолдан өтіп жатқан жүргіншілердің назарын аударады.

7. Асан келгелі атасының қолы ұзарды. Көп істі немересі атқарды.

8. Атам ағаш екті. Қораның іші гүлденіп кетті.

**1. Сөздермен танысыңдар.**

1. Туынды сөздер жасауға қандай түбірлер негіз болып тұр?

2. Жаңа сөздерді жасауға қандай көмекші сөздер мен жұрнақтар қолданылды?

3. Жұрнақтар түбір сөзге қандай мағына қосты?

қайраткер, мүдделес, шығармашылық, қарабайыр, сахналық, құндылық, жасампаздық, жетістік, қойылым соңы, туынды

**2. Төменде оқылатын мәтіндегі қазіргі қазақ театрындағы өзекті мәселелер туралы сұрақтарға жауап беріңдер.**

1. Бұл тақырып бойынша сен қандай сұрақтар қояр едің?

2. Театр өмірінде қандай қиындықтар бар деп ойлайсың?

Сыныптастарың не ойлайды?

3. Жоғарыда берілген сөздердің ішінде қай сөз театр саласының қиындығына қатысты?

**3. Театр туралы кәсіби мамандардың пікірлерін салыстырыңдар. Өз ойларыңмен ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтаңдар.**

Амангелді Мұқан,

М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Театр және кино бөлімінің меңгерушісі

Мемлекеттің басты құндылығы – адамдар. Сол адам жанын зерттеп, оның ішкі рухани әлемін өңдеп, жасампаздық пен тазалықтың, адалдық пен шындықтың дәнін егетін мәдениеттің үлкен ордасы – театр өнері. Осы қуатты құрал – театрдың қоғам өмірінен алар орны мен рөліне жеткілікті мән берілмей келгені анық. Кез келген елдің мәдени дәрежесі, ең алдымен, театр өнерінің жетістігімен бағаланады.

Бұл салада жедел түрде қолға алатын өзекті мәселелер аз емес. Олардың ең бастыларының бірі – театрларда ұлттық құндылықтарды басты назарда ұстай отырып, заманауи менеджментпен басқару ісі.

Облыстардың басым бөлігі бүгінгі күні театр ғимаратын мереке жиын өткізу орнына, ал әртістерді алаңда театрландырылған қойылымдар мен мерекелік жиындар өткізушілер ретінде қажетіне жұмсап, халық арасында да сол көзқарасты қалыптастырды. Осыдан кейін театрларымызда таза шығармашылық ізденістерге, көрерменге ой салатын соны туындылар мен сахналық формалармен көрінуге уақыт та, көңіл күй де қалмайтын секілді.

**Сәния Қабдиева, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, өнертанушы**

Қазіргі қазақ театр өнерінде буын алмасу мәселесі аса маңызды болып тұр. Бұл драматургияға, режиссураға және актерлік өнерге қатысты мәселеге айналды. Театр қашан да өз кезеңінің асқақ рухын көрсетуге тиіс. Ал сахнада өзекті мәселені арқау еткен дүниені қою үшін заманауи драматургиялық материал қажет. Бірақ жас режиссерлер өздерімен мүдделес драматургтерді таппайды. Ал қазір жақсы драматургтерді табу қиын. Авторлар көрерменді толғандыратын күрделі мәселелерді айтып, өздерінің шығармашылық келбетін табудың орнына жағымды-жағымсыз болып бөлінген, бір бояумен әрленген кейіпкері бар, қарабайыр, ашық тартысқа құрылған, шындыққа жанаспайтын оқиғаларды ойдан шығарып жүр. Жақсы деп бағалауға татымайтын дүниелердің көбеюі актерлік және режиссерлік кәсібилікті ғана емес, жалпы сахналық мәдениеттің деңгейін, көрермен талғамын төмендетті.

Кәсіби мамандар пікірі		Сенің пікірің
Амангелді Мұқан	Сәния Қабдиева	

4. Ақпараттан ең маңызды деген 3 ойды анықтауға тырысыңдар. Өз таңдауларыңды түсіндіріңдер, маңыздылығын сынып алдында дәлелдеп сендіріңдер.

**Дәлелді қалай келтіру керек?**

1. Тақырып бойынша 1 тезис құрастыр (Театрға адамның жан дүниесіне әсер ететін құрал ретінде назар аудару керек).
2. Осы тезисті түсіндір (театр жақсылықты, махаббатты, ізгілікті насихаттайды).
3. Нақты мысалды немесе белгілі адамның пікірін келтір.
4. Ойыңды қорытындыла.

5. Топпен бірге сыныптастар пікірлерін тыңдаңдар. Пікірді бағалау критерийлерін мына бағыттар бойынша құрастырыңдар. Өр бағытты кемінде 2 критерийге бөліңдер.

Бағалау критерийлері	
Сөз мазмұны	
Тыңдаушы	
Сөз құрылымы	
Сөздік қор мен сөйлем құрылысы	



**?** 1. Суреттерге қараңдар. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Олар туралы не білесіңдер?
2. Оларды неге танымал актерлер деп айтамыз?



Асанәлі Өшімов



Досхан Жолжақсынов



Дулыға Ақмолда



2. Мәтінді оқыңдар. Мәтіннің негізгі идеясын анықтаңдар.

**Негізгі идеясы:**

1. Актер болу үшін ең алдымен еңбекқор адам болу керек.
2. Актер жан дүниесі бай адам болуы керек.
3. Актер өнердің әр түрін білуі керек.

### Актер болуды армандайсың ба?

Актер болуды армандайсың ба? Актер болу үшін адам бойында қандай қасиет болуы керек?

*1-қадам.* Актерге қандай қасиет керектігін ескер: Актер бірінші кезекте денесін игере білуі тиіс; Актер әнді жақсы айта білуі керек.

Актердің сөз саптауы өте жақсы және сөздік қоры өте бай болуы тиіс. Ол қазақ тілін терең біліп, еркін сөйлей алуы керек. Сондықтан әдеби кітаптарды үнемі оқып отыруы тиіс. Ең бастысы – құштарлық.

*2-қадам.* Шығармашыл, қиялшыл адам бол. Болашаққа сеніммен қарайтын, жауапты адам бол.

*3-қадам.* Өзіңді тәрбиеле. Сындарды қабылдап, басқалардың пікірлерімен санасуды үйрен.

*4-қадам.* Актерлік қабілетіңді байқағың келе ме әлде актерлікті мамандық ретінде таңдағың келе ме? Өз мақсатыңды анықта.

*5-қадам.* Өмірге құштар бол. Жаңаны байқайтын, тың ойларды ұсынып, адамдарды жаңаға бастайтын адам бол.

*6-қадам.* Үнемі ізденісте жүр. Байқағыш, жаңаны тез қабылдайтын, танитын икемді адам бол.



3. Тест сұрақтарын топтағы 3 оқушыға қойып, жауап алыңдар. Жауаптар бойынша қорытынды жасаңдар. Кім актер бола алады деп ойлайсыңдар?

### Сен актер бола аласың ба?

Сұрақтар	Толық келісемін	Келісемін	Жауап беру қиындау	Келіспеймін	Толық келіспеймін
1. Актердің зияткерлік деңгейі басқалардан жоғары болуы керек пе?					
2. Сен адамдарға әсер етуге, олардың көздеріне түсуге көп көңіл бөлесің бе?					
3. Сенің ойларың ешкімге ұқсамай ма?					
4. Тәуекелшілсің бе?					
5. Сен өз құрдастарыңмен салыстырғанда еңбекқорсың ба?					
6. «Адамдар мені қалай қабылдады?» деген сұрақ сені жиі мазалай ма?					
7. Сенің өзіңе көңілің тола ма?					
8. Сен жалғыздықты сезесің бе?					
9. Сен адамдарды басқарасың ба?					



4. Төмендегі сөздерді қолдана отырып, өз сыныптастарың мен өзіңнің актерлік қабілетіңді сипатта.

тәуекелшіл, жаңашыл, ерекше ойлы, сөзге шешен, жауапты, икемді, сезімтал, адамдарды сүйеді, көшбасшы, ұялшақ, батыл, ынжық

Мен сөзсіз .../Ол шынымен де.../Расында .../Болашақта .../жақсы актер шығатынына/болатынына сенемін. Себебі .../... болады деп үміттенемін. Өйткені .../

**1. Сұхбатты тыңдаңдар, оқыңдар.**

*(Дастан мен Мәжит сыныбымен театрға барады. Сынып жетекшісі Сәуле Қасымқызы оқушылармен сөйлесіп жатыр.)*

*Сәуле Қасымқызы:* – Балалар, біз бүгін Абай атындағы опера және балет театрындағы «Ұйқыдағы ару» балетіне барамыз. Сендерге театрда жүріп тұру мәдениеті туралы айтқым келеді.

Театрға бару – мен үшін үлкен мереке. Ал мереке дайындықты керек етеді. Театрға барар алдында қандай дайындық жасау керек? Біріншіден, өз орның туралы біліп ал. Ол қай қатарда, нешінші орын? Орынға қалай баруға болады?

*Дастан:* – Мұғалім, театрға қандай киім кию керек?

*Сәуле Қасымқызы:* – Театрға әдемі киім киіп келу керек. Әдетте, театрға ерлер қара түсті костюм, ал әйелдер кешкі көйлек киеді. Әрине, сендер джинсымен келсеңдер, театрға кіргізеді. Бірақ қыздар джинсымен театрға келмеуі керек. Қыста қыздар театрға туфли алып барады. Гардеробта етіктерін ауыстырып киеді. Қазір көктем ғой. Сендер туфли киіп жүрсіңдер. Аяқкиімдерің таза болуы керек.

*Орал:* – Мұғалім, мен театрға жаттығудан кейін келемін. Қолымда дорба болады. Оны театрға алып кіруге бола ма?

*Сәуле Қасымқызы:* – Дорба, газет ұстамаған дұрыс. Дорбаны гардеробқа өткізу керек.

*Салманат:* – Егер мен кешігіп келсем, өз орныма отыра аламын ба?

*Сәуле Қасымқызы:* – Егер сенің орның қатардың ортасында болса, өз орныңды ертерек тап. Өйткені кеш келсең, басқа отырған адамдарға кедергі келтіресің. Ал кешіксең, отырғандарға бетіңмен қарап, кешірім сұрап, өз орныңа өтуіңе болады.

Егер сенің орның бос болмаса немесе кешіксең, театр қызметшісіне айту керек.

Орындыққа қисаймай отыру керек. Өйткені сенің артыңда отырған адам сахнаны көре алмауы мүмкін.

*Анель:* – Су, шырын алып баруға бола ма?

*Сәуле Қасымқызы:* – Театрға шоколад, кәмпит, тағам түрлерін алып баруға болмайды.

Спектакль аяқталған кезде бірден гардеробқа жүгірмеу керек. Театр әртістеріне, әншілеріне қол шапалақтап, құрмет көрсету керек. Орындарыңнан тұрасыңдар. Қол соғасыңдар.

**2. Сұрақтар мен жауаптарды сәйкестендіріп айтыңдар.**

Сұрақтар	Жауаптар
1. Театрға тағам апаруға бола ма?	1) Спектакльге кешіккен адам театр қызметшісіне баруы керек.
2. Спектакль аяқталған кезде не істеу керек?	2) Спектакльден соң, актерлерге қол шапалақтау үшін орыннан тұру керек.
3. Егер адам спектакльге кешіксе, не істеу керек?	3) Театрға джинсы киюге болмайды. Әдемі, таза киім кию керек.
4. Киімді гардеробқа өткізбеуге бола ма?	4) Киімді өзіңмен бірге залға алып кіруге болмайды.
5. Спектакльге қандай киім киюге болмайды?	5) Шырын, суды театрға апаруға болмайды.

**3. Сұхбатты рөлге бөліп оқыңдар, ойнаңдар.**

**4. Суреттерге қараңдар. Бұл адамдарға қандай кеңес беруге болады?**



**5. Топтық жұмыс. «Театрға бару керек» деген тақырыпта пікір айту үшін SWOT сараптама жүргізіңдер. Топта өз пікірлеріңді дәлелді жеткізіңдер. Пікірде көсемшелі оралымдарды қолданыңдар.**

Театрмен байланысты жиі айтылатын қауіптер:	Театр мүмкіндіктері:
Театрдың жақсы жақтары:	Театрдың әлсіз жақтары:

12-

сабақ

**Баспасөз парағы****1. Сұрақтарға жауап беріңдер.**

1. Баспасөз парағы дегеніміз не?
2. Ол не үшін жазылады?

**2. Баспасөз парағының үлгісімен танысыңдар. Сұрақтарға жауап беріңдер.**

<b>Тақырып:</b>	Оқушылар спектакль қояды.
<b>Кіріспе:</b>	2019 жылдың 5 қазанында №144 мектепте «Жас театр» үйірмесінің тұсаукесер рәсімі өтеді.
<b>Негізгі бөлім:</b>	<p>№144 мектепте «Жас театр» үйірмесі 1 қыргүйектен бастап жұмыс істейді. Үйірме жетекшісі – Т. Жүргенов атындағы өнер академиясының түлегі Жұлдыз Омарова. Үйірмеге 5–11-сынып оқушылары қатысады. «Жас театр» үйірмесінде оқушылар:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– әдеби шығармалар жазуды;</li> <li>– спектакльдер қоюды;</li> <li>– актер болып ойнауды;</li> <li>– көркемсөз оқуды;</li> <li>– өз сценарийлерін жазуды;</li> <li>– фильмдер түсіруді үйренеді.</li> </ul> <p>Тұсаукесер рәсімінде үйірме мүшелері «Менің атым – Қожа» повесі бойынша алғашқы қойылымын көрермендерге ұсынады және «Оқушылар не туралы жиі сөйлеседі?» деректі фильмін көрсетеді.</p>
<b>Қорытынды:</b>	Сіздерді осы шараға қатысып, қуанышты бізбен бірге бөлісуге шақырамыз.
<b>Мектептің мекенжайы:</b>	Алматы қаласы, Алатау ауданы, №144 мектеп-лицейі, Райымбек даңғ., №54.

**Сұрақтар:**

1. Баспасөз парағы неше бөлімнен тұрады?
2. Баспасөз парағында тақырып беріле ме?
3. Мәтін қандай ақпараттан басталды?
4. Негізгі бөлімде не туралы ақпарат берілді?
5. Бұл ақпарат кімдерге арналды?
6. Ақпарат кімдерді қызықтыруы мүмкін?
7. Ақпарат жеткілікті берілді ме?
8. Мәтінде қандай сөйлемдер жиі қолданылды?
9. Етістіктер қай шақта қолданылған?

**3. Баспасөз парағында қара әріппен берілген сөздерге назар аударыңдар.**

4. Жарнама бойынша баспасөз парағын толтыруға керекті сөздер қатарын жазыңдар.



5. Хабарландыру бойынша баспасөз парағын жазыңдар.

6. Топтық жұмыс. Өз мектептеріңде өткізілетін «Қазақ театрының сақлақтары» тақырыбындағы кешті өткізу жоспары туралы айтыңдар.

- 1) Кештің бағдарламасын талқылаңдар.
- 2) Бағдарламаға сай баспасөз парағын дайындаңдар.

13-

сабақ

Нәтиже сабақ

1. Керекті сөздерді қойыңдар.

1. Театр ... көтеретін орын емес.
2. Театр уақыт өткізіп, ... ететін орын емес.
3. Театр – ... ордасы.
4. Театр ... ізгілікке шақырады.
5. Театр ... орын алған мәселелерді көрсетіп, ой салады.

Керекті сөздер: ермек, көңіл, көрерменді, өнер, қоғамда.

2. Сөздерді анықтаңдар.

1. Актерлік ш...р...к уақытпен қалыптасады.
2. Е. Өмірзақов қазақ театры тарихында сом-сом б...н... жасады.
3. М. Өуезов драма театрында жаңа қ...й...м жыл сайын ұсынылады.
4. С. Қожамқұлов – ү...т... образдарды сомдаған актер.
5. Театр қойылымдары з...л...д... пен м...х...тың күресін көрсетеді.

**3. Мәтінді оқыңдар. Қойылым оқиғасы қайда өтеді?**


- |              |               |
|--------------|---------------|
| 1. Ресей     | 3. Нұр-Сұлтан |
| 2. Қазақстан | 4. Петропавл  |

Солтүстік Қазақстан облыстық драма театрының ұжымы көрерменін ерекше пьесамен қуантты. Сценарийге арқау болған – шетелдегі қазақ жастарының қазіргі тірлігі. Қойылымның «Бір, екі, үш» деп аталуы да тегін емес. Театр ұжымы осылайша ана тілінде сөйлеуге ұялатын Ресейдегі қандастардың қазақша үшке дейін ғана санай алатынын көрсеткісі келіпті. Пьесада жұмыс бабымен Мәскеуде тұрған екі қазақтың өмірі баяндалады. Тәуелсіздік алған соң, ата-аналары елге көшіп кеткенде, Жолан мен Қайрат Ресейде қалып қойған. Оқиғаның желісі ағайындылардың кішісі «үйленемін» дегенде басталады. Екі жігіттің бөліске түсетін ортақ дүниелері – бір бөлмелі пәтер. Інісі ағасына қастандық жасап, үйге өзі ие болмақшы. Ал ағасы болса, інісі мен болашақ келіннің арасына іріткі салады.

Пьесаның авторы – Мәскеуде тұратын қандасымыз Олжас Жанайдаров. Оның бұл еңбегі 2001 жылы Ресейде ең үздік туынды болып танылыпты. Көрермен тұрмақ, актерлердің өзі әрең қабылдайтын психологиялық драманы автор өмірден алған.

**4. Сұрақтарға жауап беріңдер.**

1. Қойылым қалай аталады?
2. Пьеса авторы қайда тұрады?
3. Пьеса қандай оқиғаға құрылған?
4. Автор пьеса арқылы қоғамдағы қандай мәселеге назар аударғысы келді деп ойлайсың?

**5. Қазіргі театрдың басты мәселесін табыңдар. Себеп-салдар тізбегі бойынша анықтаған мәселеге талдау жасаңдар.**

Сәкен Сейфуллиннің «Көкшетау»  
поэмасы, Ілияс Жансүгіровтің  
«Жетісу суреттері» өлеңі

1-

сабақ

## Саяхатқа шығамыз



1. Қазақстандағы туризмнің символы болатын 4 орынды атаңдар. Өз таңдауларыңды түсіндіріңдер.

- Бұл орындардың неге туризм символы болатынын түсіндіретін себептерді атаңдар, жазыңдар. Парталастарыңмен талқылаңдар.
- Таңдаған орындарыңды маңыздылығына қарай орналастырыңдар.



2. Сұхбаттан алынған үзінділерді оқып, оның мазмұнын болжаңдар.

Қандай орындарда болу керек?

Бұл қаладан Ұлы Жібек жолы өткен екен.

Оны отбасымызбен шешеміз.



3. Сұхбатты тыңдаңдар, оқыңдар.

*(Сәкен Тараз қаласында тұрады. Ал Дэвид Алматы қаласында халықаралық мектепте оқиды. Сәкен мен Дэвид электронды пошта арқылы танысты. Олар қазақ тілінде хат алмасады, телефонмен сөйлеседі).*

*Сәкен:* – Дэвид, сен қазір не істеп отырсың?

*Дэвид:* – Менің сен үшін үлкен жаңалығым бар. Күзгі демалыста біз отбасымызбен Тараз, Шымкент, Қызылорда қалаларына барамыз. Қазір мен осы қалалардың картасын қарап отырмын. «Қандай орындарда болу керек? Нені аралау керек? Нені көру керек?» деп ақпарат жинап жатырмын.

*Сәкен:* – Шынымен бе, Дэвид? Біздің қалада қай уақытта боласыңдар?

*Дэвид:* – Алдымен Тараз қаласына барамыз. Тараз қаласында тарихи ескерткіштер көп екен.

«Тараз – тарихи қала», – дейді әкем. Бұл қаладан Ұлы Жібек жолы өткен. Таразда белгілі кесенелер бар екен. Мен суреттерін көрдім. Сонан соң Шымкентке барамыз. Отырар қаласында, Түркістанда боламыз. Тарихи кесенелерге барамыз.

Одан кейін Қызылордаға барамыз. Әкем: «Бұл қала Қазақстанның екінші астанасы болған», – дейді. Соңында Қорқыт ата кесенесіне барамыз. Мен қай қалада қанша болатынымды білмеймін. Оны отбасымызбен шешеміз.



**Сәкен:** – Саяхатқа қай айда шығасыңдар? Маусымда ма, шілдеде ме, тамызда ма? Өйткені шілде айы оңтүстік өңірлерде өте ыстық болады.

**Дәвид:** – Әкем «тамыз айында барамыз» деген. Өйткені осы уақытта жемістер, көгөністер көп піседі әрі ауа райы да ыстық болмайды екен.

**Сәкен:** – Мен қуанып отырмын. Сен менің отбасыммен танысасың, менің достарыммен, менің қаламмен танысасың. Мен сені асыға күтемін. Маған саяхатың туралы, келетін уақытың туралы алдын ала жазып тұр, жарай ма?

**Дәвид:** – Әрине, интернет немесе телефон арқылы хабарлаймын.

**Сәкен:** – Кездескенше.

### Тілдік бағдар

**Екен**, деген сөздер ауызекі тілде жиі қолданылады.

**Екен** біреудің айтқан ақпаратын екінші адамға жеткізгенде қолданылады.

**Деген** сөзі біреудің сөзін өзгертпей қайталағанда қолданылады.

#### 4. Сұхбатты рөлге бөліп оқыңдар.

2-


сабақ

### Саяхат картасы

1. Сұхбатты қайта оқыңдар. Дәвидке саяхат картасын сызуга көмектесіңдер. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Саяхат қай қаладан басталады?
2. Дәвид бірінші қай қалаға барады?
3. Ол қандай елді мекендерден өтеді?
4. Дәвид қай қаладан қай қалаға өтеді?
5. Дәвид қай қалаға тоқтайды?



 2. Дұрыс нұсқаны таңдаңдар. Сөйлемдерді толықтырыңдар.


1. Дэвид жазғы демалыста Қазақстанның оңтүстік қалаларына (*баратынын/баратынды*) айтты.

2. Сәкен Қызылорда қаласын (*аралайтынды/аралайтынын*) айтты.

3. Сәкен оңтүстік қалаларға қашан (*келетінін/келетінді*) сұрады.

4. Дэвид тамыз айында көгеністер мен жемістер көп (*болғанын/болатынын*) айтты.

5. Дэвид Түркістан қаласын (*көргісі келетінін/келетінді*) хабарлады.


 3. Жұптық жұмыс. Дэвидтің болашақ сапары туралы сұрақ қойып, жауап беріңдер. Төмендегі сөздерді қолданыңдар.

А. Дэвид Сәкенге қандай жаңалық туралы айтты?

Ә. Ол жазғы демалыста Тараз, Шымкент, Қызылорда қалаларына баратынын айтты.

- Алдымен
- Сонан соң
- Содан кейін
- Соңында


(Дэвидтің саяхатын картадан көрсетіп баяндаңдар).

 4. Сұрақтарға жауап беріңдер.

Дэвид сенің қалаңа барса:

- Қандай жерлерге барар еді?
- Қандай тағамдар жейтін еді?
- Қандай сусын ішер еді?
- Қандай тарихи ескерткіштермен танысар еді?

Мен Дэвид біздің қалада ... га/ге барар еді деп ойлаймын.

 5. Дэвид Сәкенге хат жазды. Инстаграмға суреттер қойды. Ол қайда болды? Сөйлемдер шын ба/жалған ба?



1. Шілде айында Тараз қаласында, Отырарда болдық.
2. Арыстанбаб кесенесі Қазақстанның солтүстігінде орналасқан.
3. Қарбыздың іші жасыл, сырты жасыл болады.
4. Шымкентте сары қауын жедік.
5. Шымкент қаласында өзбек мектептері бар.
6. Түркістанда мақта өседі екен.
7. Тараз қаласында Айша бибі кесенесі бар.
8. Айша бибі мен Қарахан туралы аңызды тыңдадым.
9. Отырар қаласы моңғол шапқыншылығы кезінде қираған.



6. Жұптық жұмыс. Өзара сұрақ қойып, жауап беріңдер.

А. Отырар қаласы Таразда орналасқан ба?

Ә. Жоқ, Отырар қаласы Түркістан қаласының ... орналасқан.

А. Моңғол шапқыншылығы қай уақытта болған?

Ә. 12 ғасырда болған.



7. Дэвидтің сенің қалаң туралы сұрақтарына жауап бер.

1. Сенің қалаңда қыста қар жауа ма?

2. Сенің қалаңда адамдар қазақ тілінде сөйлей ме?

3. Сенің қалаңда өзендер бар ма?

4. Сенің қалаңда адамдар шаңғы тебе ме?

5. Сенің қалаңнан халықаралық ұшақтар ұша ма?

6. Сенің қалаңда тарихи кесенелер бар ма?

7. Сенің қалаңда тарихи орындар көп пе?

*Үлгі: Сенің қалаңда қыста қар жауа ма?*

*Иә, жауады. Желтоқсан, қаңтар, ақпан айларында қалың қар жауады.*



8. Өз қалаң туралы Дэвидке хат жаз. Оны өзіңнің қалаң саяхатқа шақыр.

3-

сабақ

Ұлы Даланың бір қыры



1. Суреттерге қараңдар. Сұрақтар бойынша пікірлесіңдер.

1. Бұл өсімдіктердің қайсысы таныс?

2. Оны қайдан көрдіңдер?

3. Бұл өсімдіктер туралы не білесіңдер?



## 2. Сөздерді беретін мағыналарымен сәйкестендіріңдер.

- |                          |                                     |
|--------------------------|-------------------------------------|
| • бұр жару               | 1) бағалы зат                       |
| • тарту ету              | 2) назар аудару, әдемі сезімді ояту |
| • түйісу                 | 3) бір нүктеде кездесу              |
| • көзді (жүректі) жаулау | 4) қымбат тас                       |
| • өзіндік мән-маңызы бар | 5) ояну, көктеу                     |
| • жауһар                 | 6) сыйлау                           |



## 3. Мақаладан алынған үзіндіні оқыңдар. Мақала кімдерге арналған? Автор қандай ойды жеткізгісі келеді?

### 1-мақала. Қазақстан – алма мен қызғалдақтың отаны


Асқақ Алатаудың баурайы алма мен қызғалдақтың «тарихи отаны» екені ғылыми тұрғыдан дәлелденген. Қарапайым, бірақ бүкіл әлем үшін өзіндік мән-маңызы зор бұл өсімдіктер осы жерде бұр жарып, жержүзіне таралған. Қазақстан қазір де әлемдегі алма атаулының арғы атасы – Сиверс алмасының отаны саналады. Дәл осы тұқым ең көп таралған жемісті әлемге тарту етті. Бәріміз білетін алма – біздегі алманың генетикалық бір түрі. Ол Қазақстан аумағындағы Іле Алатауы баурайынан Ұлы Жібек жолының көне бағыты арқылы алғашқыда Жерорта теңізіне, кейіннен бүкіл әлемге таралған. Осы танымал жемістің терең тарихының символы

ретінде еліміздің оңтүстігіндегі ең әсем қалалардың бірі Алматы деп аталды.

Қазақстан аумағындағы Шу, Іле тауларының етегінен әлі күнге дейін жергілікті өсімдіктер әлемінің жауһары саналатын Регель қызғалдақтарын бастапқы күйінде кездестіруге болады. Бұл әсем өсімдіктер біздің жерімізде Тянь-Шань тауларының етегі мен шөлейт даланың түйісер тұсында пайда болған. Қазақ топырағындағы осынау қарапайым, сондай-ақ ерекше гүлдер өз өдемілігімен көптеген халықтың жүрегін жаулап, біртіндеп бүкіл әлемге тарады.

Қазір жержүзінде қызғалдақтың 3 мыңнан астам түрі бар, олардың басым көпшілігі – біздің дала қызғалдағының «ұрпағы». Қазір Қазақстанда қызғалдақтың 35 түрі өседі.

*(Н.Ө. Назарбаев. «Ұлы Даланың жеті қыры» атты мақаласынан)*

 4. Сөйлем құрамында қарамен берілген сөздердің мағынасын түсіндіріңдер. Содан соң сөйлемді түрлендіріңдер.

1. Алатаудың баурайы – алма мен қызғалдақтың **«тарихи отаны»**.


2. Қазақстан қазір де әлемдегі алма атаулының **арғы атасы** – Сиверс алмасының отаны саналады.

3. Дәл осы тұқым ең көп таралған жемісті әлемге **тарту етті**.

4. Жергілікті өсімдіктер әлемінің **жауһары саналатын** Регель қызғалдақтарын бастапқы күйінде кездестіруге болады.

5. Халықтың **жүрегін жаулап**, біртіндеп бүкіл әлемге тарады.

6. Олардың басым көпшілігі – біздің дала қызғалдағының **«ұрпағы»**.

 5. Кесте бойынша сөйлемдер құраңдар.

1. Не/ненің ішіндегі/жауһары болып табылады?	– Балқаш көлдердің ішіндегі жауһары болып табылады. Алатау/таулар Бурабай/таулар Хан төңірі/шыңдар
2. Ненің тиімділігі/қай/тұрғысынан дәлелдеді?	– Күндізгі жұмыстың тиімділігі көрсеткіштер тұрғысынан бағаланады. туризмді дамыту/бағыт/экономикалық конвейерлік қызмет/менеджмент

3. Не/атаулының бәрін қорғау керек?	қызғалдақ балық өсімдік құс
4. Не/ненің/ символы ретінде танымал?	домбыра/қазақ өнері күй/түркі халқының музыкасы

6. Сұрақтар мен сөйлеу әдебін қолданып, бірің – тілші, бірің Елбасы ролінде сұхбаттасыңдар.

Сұрақтар	
Қайда?	Неге?
Қашан?	Кімдер?
Қалай?	Қандай?

Сөйлеу әдебі	
Сөз бастау	Ғафу етіңіз, уақытыңыз болса,
Сөзді жалғастыру	Жаңа сіз ... туралы айтқанда, ... Сонда сіз қалай ойлайсыз? Сөзіңізді бөлуіме тура келіп тұр, сіздің ойыңызша, ...
Сөзді аяқтау	Сұхбат беруге келіскеніңізге рақмет. Мазмұнды әңгімеңіз үшін ризашылығымды білдіремін.

4-

сабақ

### Дала қызғалдағы



1. Мақаланы оқыңдар. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Мақала авторының мақсаты ақпарат беру ме, түсіндіру ме, әрекетке шақыру ма?

2. Оны кім жазды деп ойлайсың?

3. Автор қандай ойды жеткізгісі келеді деп ойлайсың?

2-мақала. Қызғалдақ туралы не білеміз?

#### Қызықты деректер

1. 2002 жылы Елбасы Н. Назарбаев Нидерланды корольдігіне ресми сапармен барды. Сонда сол елдің ханшайымы Беатрикс ханым қызғалдақ туралы былай деді: «Ұлы Жібек жолы ғасырлар бойы Еуропаны Азиямен, сондай-ақ Қазақстанды Нидерландымен байланыстырып тұрды. Осы байланыстар біздің елімізге қызғалдақ гүлін әкелді. Бұл гүл осылайша Нидерландыға кең тарады. Гүл саудасында да ол ең өтімді өнімге айналды. Қазіргі кезде қызғалдақ гүлі – нидерландықтардың нөмірі бірінші



Жалған түкті қызғалдағы

экспорттық тауары. Сол үшін де сіздің елге алғысымызды білдіреміз».

## 2. Қызғалдақ туралы аңыздар

*Оның сұлулығы өзіне сор болып жабысқан сыңайлы.*

Ерте заманда бабаларымыздың қаны тамған жерге бірнеше жылдардан кейін қып-қызыл қызғалдақтар шыққан екен. Бүгінде «Қызыл кітапқа» қызғалдақтың 18 түрі енгізілген екен. Бір қуантарлығы, тізім мұнымен бітер емес. Сондықтан да дала гүлдерін жүйелі түрде қорғау бүгінгі таңдағы басты мәселе болып тұр.

## 3. Қызғалдақ неге «Қызыл кітапқа» енді?

Қызғалдақ гүлі «Қызыл кітапқа» енгендіктен, ерекше қорғалады. Қызғалдақтың жоғалып кету қаупі бар. Егер азамат қызғалдақты жұлу кезінде қолға түссе, онда ҚР Қылмыстық кодексінің 290-бабымен оның үстінен қылмыстық іс қозғалады. Бірақ көктем кезінде қызғалдақты терушілер көбейіп кетеді. Өсіресе мейрам уақытында гүл терушілер көбейеді. Олар қызғалдақты аяусыз жұлатындықтан, гүлдің пиязшығына зиян келеді. Егер қызғалдақты жұла берсе, ол бірнеше жылдан кейін жойылып кетуі мүмкін.

4. Оңтүстік Қазақстан облыстық «Сайрам-Өгем» ұлттық табиғи паркінің аймағында қызғалдақтың бірнеше түрі кездеседі екен. Олар: Грейг, Кауфман, Шымған, Түркістан, жалған түкті, жалған қосгүлді, күмәнді деп аталатын қызғалдақтар. Табиғи паркте: «Қызғалдақты жұлмау керек. Өйткені олардың пиязшығына зиян келетін болғандықтан, ол жерден дала гүлі қайта шықпайды. Тіпті қызғалдақ ұрығын қайта шашса да, оның өсіп-жетілуі үшін кем дегенде 10 жыл керек болады» деп жазылған. Ұлттық парк жұмысының қызметкерлері жылда «Парктер шеруі» табиғат акциясын өткізеді. Табиғи қызғалдақтарды сақтау жөнінде жергілікті тұрғындардың, жастар мен мектеп оқушыларының арасында үгіт-насихат жұмыстарын жүргізеді. Олар: «Қызғалдақты жұлмаңдар! Оны көбейтейік, өсірейік, кейінгі ұрпаққа қалдырайық. Бұл біздің байлығымыз», – дейді адамдарға.



Грейг қызғалдағы



Түркістан қызғалдағы



Күмәнді қызғалдағы



Кауфман қызғалдағы

(Дәурен Әбдіраманов,  
«Голландияға ұзатылған  
қызғалдақ» мақаласынан)

## 2. Мақала бойынша аннотация жазыңдар.

### Аннотация құрылымы

- Мақала авторының мақсатын, мақалада берілген негізгі ойды анықтаңдар. Мақалада берілген негізгі тұжырымдарды, ақпараттарды тізіп жазыңдар.
  - Мақала қандай мәселеге арналады?
  - Бұл мақаланың 1-мақаладан қандай айырмашылығы, қандай жаңалығы бар?
  - Мақала тақырыбы қандай аспектілерде ашылады?
  - Тақырып бойынша қандай айғақтар, мәліметтер келтіріледі?
  - Ақпаратта өзің үшін ерекше қызықты көрінген тұстарды атап көрсетіңдер.

## 3. 3–4-сабақтардағы екі мақаланы құрылымы, сөз қолданысы жағынан салыстырыңдар.

	Құрылымы (кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды)	Автор мақсаты	Мақалаға тән лексика	Көркемдегіш сөздер
1-мақала	Кіріспе қалай басталды? Негізгі бөлімде қандай айғақтар берілді?			
2-мақала				

## 4. «Қызғалдақты қалай көбейтуге болады?» деген тақырыпта 3 сұалнама сұрағын құрастырыңдар, сынып оқушылары арасында сұалнама жүргізіңдер. Жауаптарға сараптама жүргізіңдер.

## 5. Екі мақаланың негізінде қызғалдақ туралы өздерің мақала жазыңдар.

### Ғылыми мақала құрылымы

**Кіріспе:** Тақырыпты ата, мәселені түсіндір, оның өзектілігін негізде.

Мәселені зерттеу бағыттарын атап өт (*Мақалада ... мәселесі көтеріледі. Бұл тақырып қазіргі уақытта бәрімізді қызықтырады. Өйткені табысты болу...*

*Сондықтан мақалада ...).*

**Негізгі бөлім**

*Ақпараттарға жасалған талдауды сипатта.*



Талдау негізінде жасалған қорытындыларды тезистер түрінде ұсын.  
1-тезисті ата, түсіндір, дәлелде, айғақтар келтір (сілтеме жаса), қорытындыла.

2-тезисті ата, түсіндір, дәлелде, айғақтар келтір, қорытындыла.

*(Зерттеу тақырыбы бойынша ... талдау жасалды.*

*Талдау негізінде, ...*


*Автордың пікірінше, ...*

*Оларға арнайы тоқталар болсақ, ...*

*Біріншіден, ... Екіншіден, ... Үшіншіден, ...)*

Тәжірибемен таныстыру. Сауалнама сұрақтары бойынша талдау жаса, қорытынды жаса *(Зерттеу тақырыбы бойынша сауалнама жүргізілді. Сауалнама ... оқушы арасында өткізілді. Сауалнама қорытындысы мынадай: ...)*

**Қорытынды бөлім:** Зерттеу жұмысының тақырыбының өзектілігін ата, зерттеу бағыттарының қорытындыларын ата, ұсыныс жаса *(Қорыта келгенде, ... тақырыбы өте қызықты. Зерттеу нәтижесі ... екенін көрсетті. Сауалнама сұрақтары да осы ... нақтылады. Көшбасшы адамның басты қасиеттері ..., ал қабілеттері ретінде ... атауға болады).*


 **6. Топтық жұмыс.** Сұрақтар бойынша пікірлесіңдер. Сенің туған жеріңде қандай өсімдіктер «Қызыл кітапқа» енген? Оларды сақтау үшін не істеу керек? Төмендегі ұсыныстардың қайсысын дұрыс деп ойлайсың?

- Радио арқылы өсімдікті күту туралы хабар беріп отыру.
- Жарнамалар тарату.
- Суреттерін салып, ілу.
- Оқушылар арасында үгіт-насихат жұмысын жүргізу.
- Фильм түсіру.
- Қайта өсіру, көбейту.
- Жұлмау, сақтау.
- Жұлған адамдар туралы полиция қызметкерлеріне хабарлау.

5-

сабақ

Қазақстанның табиғат кереметтері

 **1. Сұрақтарға жауап беріңдер.**

1. Қандай табиғат орындарын білесің?

2. Қазақстанның қандай табиғи орындарында туризм дамып отыр?

Керемет жер екен.

Тамаша жер екен.

Қызықты саяхат болды.

Көздің жауын алады.

Оның биіктігіне/әдемілігіне таңғаласың.

**2. Суреттерге қарап, сурет атауларын орыс тіліне аударыңдар.**



**3. Жұптық жұмыс. Суреттегі табиғат орындары туралы сұрақ қойып, жауап беріңдер.**

А. – Сен тау шатқалында болдың ба?

Иә, болдым. Керемет жер екен. Ал сен ше?

А. – Мен өлі болған жоқпын. Көргім келеді. Айтып берші, не көрдің?

**4. Ақпараттарды тыңдаңдар, оқыңдар. Бұл қай жердің сипаттамасы? Суреттермен сәйкестендіріңдер.**



1. Қарқаралы      2. Каспий      3. Шарын шатқалы      4. Қайыңды көлі

1. Бұл Қарағанды облысында орналасқан. Аудан аумағында мемлекеттік ұлттық табиғи парк орналасқан. Паркте 7 табиғи ескерткіш бар: алғашқы адам үңгірі, Шайтанкөл көлі, Бассейн көлі т.б. Бұл жердегі таулардың ерекшелігі – бұлақ көздерінің молдығы. Олардың суы мөп-мөддір. Өсіресе Суықбұлақ ерекше. Ондағы су сәл газдалған және секундына жарты метр күшпен бүлкілдеп тұрады. Бұл жерде жусан өседі. Бұл өңірде қасқыр, түлкі, қоян, арқар сияқты тағы да басқа аңдар кездеседі.


2. Теңіз деңгейінен 2000 метр биіктіктегі қылқан жапырақты орманның арасынан орын тепкен бұл көлдің өсемдігі көздің жауын алады. Ұзындығы 400 метрдей болса, тереңдігі 30 метрге жуық. Суға батқан шыршалардың су бетіндегі қураған бұтақтары бейне бір суға батқан эскадраның мачтасы сияқты. Бұл жер Күнгей Алатауда, Көлсай көлдерінен алыс емес. Алматыдан 280 шақырым.

3. Бұл теңіз неоген дәуірінің аяғында жер қыртысының көтерілуінен Қара теңізден бөлінді. Оның жалпы ауданы – 376 мың км<sup>2</sup>. Оның беті теңіз деңгейінен 28 м төмен жатыр. Теңіз солтүстіктен оңтүстікке қарай 1200 шақырымға созыла орналасқан. Бұл теңізге 130-ға жуық өзен мен ағынды сулар құяды.

4. Бұл Алматы қаласынан 195 шақырым жерде орналасқан. 12 миллион жыл бойы шөгінді тау жыныстарынан қалыптасқан шатқал. Құздардың биіктігі 150–300 метрге жетеді. Оның ұзындығы – 154 шақырым.

 5. Табиғат орындарын сипаттайтын белгілерді анықтаңдар.


теңіз	
шатқал	
көл	

 6. Жұптық жұмыс. Сөздерді пайдаланып, бір табиғат орнын жұмбақтап айтыңдар.

6-


сабақ

## Ішкі туризм

 1. Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың туризм туралы екі сөзін тыңдаңдар. Тақырыптарын анықтаңдар.

1-сөздің тақырыбы: ...

2-сөздің тақырыбы: ...

 2. 1-ақпаратта берілген 2-сөйлемді тыңдаңдар. Әр сөйлемде қанша сөз барын анықтаңдар. Автордың неше рет кідіріс жасағанын айтыңдар.

3. 1-ақпаратты қайта тыңдаңдар. Тірек сөздерді жазып отырыңдар. Автор интонациясын қайталай отырып, тірек сөздер негізінде сөзді қайталаңдар.

4. 2-ақпаратты қайта тыңдаңдар. Сөздер қатарынан естіген сөздеріңді белгілеп отырыңдар.

1) жататын жер

6) мүмкіншілік

2) сұлу көлдері

7) қажеттілік

3) көретін дүниесі

8) үздік технология

4) керемет табиғаты

9) әуежай

5) сұлу таулары

5. Екі ақпарат арасындағы себеп-салдарлық байланысты анықтаңдар. Оны сызба түрінде көрсетіңдер.

6. Топтық жұмыс. Ғылыми жоба дайындаңдар.

1. Тақырыптардың бірін таңдаңдар.
2. Тақырып бойынша ақпараттар жинаңдар, талдау жасаңдар.
3. Негізгі мәселені атаңдар. Оның себептерін түсіндіріңдер.
4. Мәселені шешудің бірнеше жолын анықтаңдар.
5. Зерттеу қорытындысын сынып алдында ұсыныңдар.
6. Өз шешімдеріңді негіздеп дәлелдендер.

### Тақырыптар:

1. Қазақстандықтар қайда жиі демалады?
2. Мектеп оқушылары қайда демалуды ұнатады?
3. Біздің қаламыздағы туризмнің дамуы.
4. Біз туризмнің тиімді картасын ұсынамыз.

7-

сабақ

## Экотуризм



1. Бір минут ішінде экотуризм туралы білетін ақпараттарыңды жазыңдар.



2. Демалыс туралы үш адамның әңгімесін оқыңдар. Кімнің демалысын экотуризм деп атауға болады? Суреттер мен әңгімелерді сәйкестендіріп айтыңдар.

### Румыниядағы демалыс туралы айтқым келеді

Румынияға біз Ресейден автобуспен бардық. Жолда автобус көп тоқтамағандықтан, үнемі тік отыру қиын. Сондықтан автобуспен ұзақ жолға шыққанда, жастық алыңыз. Жолда жастықты басыңызға қойып ұйықтайсыз.

Қонақүй жаман емес. Бірақ саяхатта тіл білу өте қажет. Өйткені румындар орыс тілін білмейді екен. Ағылшын тілін де дүкен сатушылары түсінбегендіктен, бізге сауда жасау қиын болды. Бірақ ең бастысы 1–10-ға дейін сандарды ағылшынша түсінеді.

Ал дүкендерінде жеміс, көгөністердің бағалары біздегімен бірдей. Сәл қымбаттау кейде. Ал мейрамхана, кафелерінде баға өте қымбат. Тарихи орындарға саяхатқа барғыңыз келсе, барып-қайту 30 АҚШ доллары тұрады. Қымбат болса да, біз Дракула, Пелеш қамалдарында болдық. Алған әсеріміз мол. Өте қызық. Бірақ тарихи ескерткіштердің ішінде суретке түсуге болмайды.

Ал жағажайлары құмдауыт. Сулары таза. Күнге күндізгі 4-тен кейін қыздырылған дұрыс. Кешкі дискотекалар сағат: 18–24-ке дейін болады. Жалпы айтқанда демалыс өте жақсы өтті. Біз керемет демалдық.

*Ботагөз*

### Сұлу табиғат пен тарих

Мен Бурабайда демалдым. Біз бір топ достар Алматыдан Нұр-Сұлтанға пойызбен бардық. Нұр-Сұлтаннан автобуспен Бурабайға бардық. Мен Бурабайда бұдан бір жыл бұрын болғанмын. Енді достарымды алып бардым. Бурабайда шатыр құрғымыз келмеді. Өрине, шатыр құруға болатын еді. Бірақ біз пәтер жалдаған дұрыс деп ойладық. Автобастан түскен кезде, бізге бір әйел жолықты. Ол пәтерді жалға береді екен. Пәтер көлден алыс емес. Пәтер екі бөлмелі. Өр бөлмеде 3 кереует бар. Бізден басқа демалушылар бар екен. Тамақты үй иесі дайындайды және 3 мезгіл тамақ береді. Біз жүкті тастап, Бурабайға кеттік. Мен достарыма көл туралы көп айтқанмын. Енді өздері көзбен көрді. Көл жағалауында демалушылар өте көп. Жастар, кәрілер, балалар – бәрі бар. Музыка естіледі, тамақ, сусын сатушылар жүр. Күнге қыздырынып жатқан адамдар да бар. Біз де бір орын таптық. Бурабайдың суы өте суық екен. Біз қайыққа отырып, Жұмбақтасқа бардық. Бұл тас туралы аңызды тыңдадық. Біз келесі күні Абылай хан алаңына бардық. Сонан соң Кенесарының үңгірінде болдық. Мен достарымды Шортанды көліне апардым. Ал Шабақты көлінде біз аққу көрдік.

*Жанат*

### Мен Қырымның шығыс жағалауында қалай демалдым?

Біз отбасымызбен Федосея мен Ялтаға дейін саяхатқа шығуды жоспарладық. Біз пойыздан кешкі сағат 7-де түскендіктен, қаланың сыртына бара алмадық. Сонан соң қаланың орталық жағажайына шатыр құрдық. Таңертең Айвазовскийдің мұражайын көріп, автостансыға бардық. Автобуспен «Лисья бухта» деген жерге дейін бардық. Осы жерде біз өзіміз сияқты демалушыларға кездестік. Бұлар – 1 жігіт пен 2 қыз. Олардың арқақашықтары, шатырлары бар екен. Біз де өз шатырымызды құрдық. Кешке қарай шатырды құрған кезде саяхатшылар да көбейді. Демалушылар бірігіп от жағып, айналасына отырып, ән айтты. Оттың басына бәрі жиналды. Маған бұл отырыстар өте ұнады. Оттың айналасында адамдар бір-біріне жылы қарайды, дос болады екен. Біз бір-бірімізге тағам ұсынып, шай іштік, ән айттық. Мен өзім рақаттанып демалдым. Теңіз, күн, жақсы орта, әдемі ән, романтика. Күнделікті тірлік – от жағу, суға шомылу, күнге қыздырыну маған ұнайды. Біз бұл жерде үш күн болған соң, Судак деген жерге бардық. Бұнда біз сияқты туристерді кездестірдік. Петербургтен екен. Төрт адам. Олар альпинистер екен. Біз бұл жерде төрт күн болдық. Келесі күні автобуспен Ялтаға бардық. Онда пансионатта біздің әжеміз демалып жатқан. Біз оның қасына тоқтадық. Ялтаны әбден араладық. Кешке тағы да теңіз жағасында шатыр құрып, от жақтық. Сонда мен шатырда демалған қандай жақсы деп ойладым.

*Арман*



**3. Сөйлемдерді толықтырып оқыңдар. Кім не істеді? (Жанат, Ботагөз, Арман).**

- ... Қара теңіздің жағалауында демалды.
- ... өз демалыстарын ұйымдастырды.
- ... от жағып, ән айтты, жаңа достар тапты.
- ... пәтер жалдау оңай болды.
- ... белгілі суретшінің мұражайында болды.
- ... жағажайда сағат төрттен кейін қыздырынды.
- ... қазақтың белгілі ханының алаңында болды.
- ... түрлі оқиғаны бастан кешірді.
- ... тілді білу керек деп ойлады.
- ... қорқыныш қамалында болды.
- ... күнделікті тірлік ұнайды.

**4. Сөйлем бөліктерін сөйкестендіріп айтыңдар.**

Бағышыңқы	Жасалу жолдары	Басыңқы
1. Мен теңіз жағасында күнге қыздырынып жат...	-ғанда -қанда	1) ... от жанына жиналып, ән айттық.
2. Кешке жақын саяхатшылар көбей...	-ған/ген/қан/кен уақытта (кезде, мезгілде)	2) ... жаңа жерлермен, адамдармен таныстық.
3. Тағамды отқа дайында...	-ғандықтан	3) ... оның дәмі маған ерекше болып көрінді.
4. Қызғалдақ өскен дала-ны алыстан көр...	-гендіктен	4) ... өзге сені де сыйлайды.
5. Жазғы демалысқа жоспарлаған саяхатымызды іске асыр...	-қандықтан	5) ... дала қызылды-жасылды бояуға енеді.
6. Өзгені құрметте...	-са -се	6) ... адамгершілікті жоғалтпады.
7. Қиын уақытта ауыл адамдары ата-анасыз қалған балаларды өз бауырларына бас...	-ып -іп -п	7) ... теңіз толқыны мен шағаланың дауысын естіп жатамын.

**5. 3 түрлі саяхатты салыстырыңдар. Құрмалас сөйлем түрлерін қолданыңдар. Салыстыру белгілерін анықтап алыңдар.**

8-

сабақ

**Маған ұнайтын туризм түрі**

**1. Топтық жұмыс. «Экотуризм дегеніміз не?» деген сұраққа 1 минуттық таныстырылым дайындаңдар.**

**2. Экотуризм туралы ақпаратты тыңдаңдар. Түртіп оқып, кестені толтырыңдар.**

жаңа ақпарат	білемін	білетін ақпаратым өзгерді	білгім келеді
+	✓	-	?



3. Ақпаратты өз таныстырылымдарыңмен салыстырыңдар. Ұқастық пен айырмашылықты анықтаңдар.

4. Топтық жұмыс. Сыныпта 4 оқушымен сөйлесіңдер. Кестені толықтырыңдар. Ол үшін алдын ала сұрақтар құрастырыңдар. Жауаптарды топта талқылаңдар. «Сынып оқушылары туризмнің қай түрін жиі таңдайды?» деген сұраққа жауап беріңдер.

	Ол қай жерде болды?	Бұл жерде нені тамашалады?	Ол саяхатқа кімдермен шықты?	Саяхатта қандай жер, деталь есте қалды?
1-оқушы				
2-оқушы				
3-оқушы				
4-оқушы				



5. Өңгімені оқыңдар, құрылымына назар аударыңдар.

Біз өткен жазда отбасымызбен Бурабай көлінде демалдық. «Қазақстан Швейцариясы» атанған жерді көргіміз келді.

Бурабай көлі – өте сұлу жер. Көлдің жағалауы айнала *орманды* тау бөктерімен қоршалған. Бұл тасты тау емес, жасыл биік шыршалар өскен, ағашпен көмкерілген жасыл таулар екен. Біз Бурабай көлін екі күн тамашаладық. Алғашқы күндері көлдің жағасында демалдық. Үшінші күні таңертең ерте асханадан тамақ ішіп отыр едік, бір жас әйел кірді. Ол қонақтарды Кенесары үңгіріне саяхатқа шақырды. Орман ішімен жаяу жүріп, таудың басындағы үңгірге апарады екен. Мен ұйымдастырушыдан:

- Неше шақырым жүреміз? – деп сұрадым.
- 5 шақырымға жуық, – деді ұйымдастырушы.
- Бұл өте алыс екен, кешке сағат нешеде келеміз? – дедім.
- Сағат 5-те осында боласыздар, – деп жауап берді ұйымдастырушы.

Біздің үңгірге барғымыз келді. Үңгір таудың басында екен. Оған *қайыңды* орманның ішімен жүріп бардық. Ұйымдастырушы бұл жердің тарихын жақсы біледі екен. Ол үңгірге барғанша, әр таудың тарихын өңгімеледі. Мен Жұмбақтас, Жеке батыр, Абылайдың алаңы туралы аңыздарды естідім. Біз Кенесары үңгіріне бардық. Бұл – аласа

тау. Осы жерде Кенесары жаудан тығылған екен. Таудың басына шықтық. Айнала жасыл *шыршалы* орман.

Кешке демалыс үйіне қайттық. Бұл сапар менің есімде ұзақ уақыт сақталды. Өйткені мен қайыңды орманның ішінде, нағыз табиғаттың ортасында жаяу жүрдім, әдемі табиғатты тамашаладым. Кенесары батыр болған жерді бастым.

(Зәуреш Ерназарова)

## 6. Өз саяхаттарың туралы жазыңдар.

### ЖОСПАР

#### Кіріспе

Сен қайда болдың? Қашан болдың? Кіммен болдың? Бұл жерде не себепті болдың?

#### Негізгі бөлім

1) Ол жер туралы бір тұжырым жаса (*гажайып жер, тарихи орын, әдемі қала, керемет демалыс*).

2) Ол жердің детальдарын сипатта (*ауа райы, табиғаты, заттар, адамдар, өсімдіктер, ғимараттар, дүкендер*). Солардың ішінен назар аударған бір затқа тоқтал. Оның белгілері, түрі, түсі, бағасы, тарихы, орналасқан жерімен байланысты орын алған диалог, монологті келтір. Сен не көрдің, не істедің?

#### Қорытынды

Сенің бұл жер туралы сезімдерің, алған әсерлерің, ұсынысың.

9-

сабақ

Қазақстандық саяхатшылар

## 1. Жұптық жұмыс. Сыныптастарыңмен сөйлесіңдер.


1. Қай елде болғың келеді? 1 минутта тізімін жаз.
2. Саяхатты қай елден бастайсың? Саяхатыңның картасын ауызша жоспарлап көр.

## 2. Сөздерді тақырыпқа қарай топтастырыңдар. Аудармасын анықтаңдар.

сапар/шегу/нөсер жауын/велосаяхатшы/қызықтау/саяхатшы/жаяу/жүргінші/аралау/жер сілкінісі/шатыр құру  
 ұшақпен ұшу/арзан жолақы/су тасқыны/тамашалау/құшақ  
 жая қарсы алу/қызығушылығы арту/пойызбен жүру/көру/  
 байқау/жиһанкез/көрікті жерлер/су сарқырамасы/от жағу  
 шыңға көтерілу/мұхит/теңіз/тау/өзен/суық жел/ыстық  
 ауа/аптап ыстық/Жер шарын айналу/жатын орын/арқақапшық/түнеу/дауыл



Саяхат түрі	Географиялық жер атаулары	Саяхаттаушы адам	Саяхатшы әрекеті	Ауа райы. Табиғи апаттар

 3. Қазақстандық саяхатшылар туралы ақпаратпен танысып, сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Кім көп елде болды?
2. Кім Жер шарын жаяу аралады?
3. Кім саяхатқа шығуға ақша жинады?
4. Кім Еуропаны түгел аралады?
5. Кім көк туды көтеріп жүреді?
6. Кім интернет арқылы жатын орын іздейді?
7. Кім қиыншылыққа көп кездесті?
8. Кім велосаяхатшы?
9. Кім саяхатты Үндістаннан бастады?
10. Кім Жер шарын 3 рет айналғысы келеді?
11. Кім 35 мың шақырым жол жүрді?
12. Кімнің Оңтүстік Америкаға барғысы келеді?
13. Кімнің Австралияны көргісі келеді?
14. Кім Қазақстанды жарнамалайды?
15. Кімнің саяхатында детальдар көп беріледі?
16. Кімнің саяхаты ұнады?

### Қазақстандық саяхатшылар

1 **Жиырма үш жастағы Сергей Бондаренко қазақ елінің көк туын көтеріп, төрт жыл бойы саяхат жасады. Алматылық жігерлі жігіттің мақсаты – Жер шарын жаяу айналып шығу. Мейірімді жандардың арқасында оның асыл арманы орындала бастады. Сергейге арқақашықты Қазақстанда, ноутбукты Өзбекстанда, смартфонды Камбоджада, ал фотокамераны Ресейде тарту етіпті. Шетелдіктермен ағылшынша сөйлеседі. Қазақстанның елшілік қызметкерлері Сергейге қаржылай көмектесіп, қолдау көрсетеді екен. Өйткені ол саяхатшы болса да, үлкен дип-**



ломат болып есептеледі. Ол – Қазақстан Республикасының азаматы.

Саяхатшы Сергей Бондаренко: – «Мен шетелдіктерге Қазақстан уран өндіруден дүниежүзі бойынша бірінші орында, елімізде Менделеев кестесіндегі барлық элементтер бар және елімізде жүзден астам ұлт бейбіт өмір сүріп жатыр деп үнемі айтып жүремін. Нұр-Сұлтан қаласы әлемдегі ең жас астана екенін айтып жүремін. Шетелдіктермен кездескенде, үнемі осыларды айтамын», – дейді.

2 Алматылық Ержан Алдабергенов белгілі компанияда жұмыс істеді. «Бірақ ол бүкіл өмірім осылай өте ме?» деп ойлады. Сөйтіп жұмсақ креслосын тастап, әлемді аралау үшін саяхатқа шықты. Жер шарын кезіп шығу үшін КИМЭП түлегі бес мың доллар ақшамен аттанған.

Ол үлкен саяхатқа шығу үшін бір жыл ақша жинайды. Сосын жолсапардың экономнұсқасын таңдап, сапарға шықты. Барған жерлерінде үнемі арзан нөмірлерді алып, қымбат емес қонақүйлерде жатты. «Алғаш барған мемлекетім – Үндістан болды. Сосын Непалға бардым, әйгілі Эверест шыңын өз көзіммен көргім келді. Қазір Малайзиядамын. Бірер күннен соң, Филиппинге аттанамын», – дейді ол. Ержан будда ғибадатханаларында болып, көне мүсіндерді, ескерткіштерді көргенін айтты.

– Адамдардың діни сенімдері әртүрлі. Алайда олар бір-біріне ұқсайды. Әлемде мейірімді адамдар өте көп, – дейді Ержан.

Филиппин сапарынан соң, жерлесіміз Оңтүстік Кореяға, ол жерден Ресейге барады. Бұдан соң жоспарда АҚШ тұр. Ол әлемді аралау үшін қаншалықты қомақты бюджет болуы керек деген сауалға да жауап берді.

«Менің литвалық досым, танымал саяхатшы Иуанус айтқандай, «бюджет – бұл сенің басыңда!». Ол үйінен 18 жасында 500 доллармен шыққан. Оның жасы қазір 24-те. Мен оның өмірі лайықты мысал бола алады деп ойлаймын», – дейді жас саяхатшы.

3 Белгілі қазақстандық велосаяхатшы Талғат Жұмабеков Мәскеу қаласына жетті. Жер-жаһанды 3-рет аралауға

шыққан жерлесіміз, әлемнің 35 елінде болып, 35 мың шақырым жолды велосипедпен жүріп өткен. 1 жыл бойы жол үстінде аптап ыстықты да, қара суықты да көрген саяхатшы аман-есен Ресейге де жетті. Оны Мәскеудегі Абай ескерткішінің жанында қазақстандық студенттердің «Жас тұлпар» бірлестігі, Қазақстанның Ресейдегі Елшілігінің қызметкерлері және жергілікті қазақтар құшақ жая қарсы алды. Жиһанкездің айтуынша, қазір әлемнің кез келген жерінде жұрт Қазақстанды таниды және елімізге келгісі келетін туристердің саны да жылдан-жылға артып келеді. Талай ғажайып мекенді көрген саяхатшы: «Жұртты тамсандырған көрікті жерлер Қазақ елінде де көп», – дейді.



#### 4 Мағжан Сағымбаевтың әлемдік велосаяхаты

Мағжан Сағымбаев 2014 жылы 1 мамырда Алматыдан велосипедпен Еуразия, Солтүстік және Оңтүстік Америка мен Австралияға Bike The Earth деп аталатын саяхатын бастаған.

Оның жасы қазір 31-де. Ол 11 ай ішінде 20 елді аралады, 164 ірі қала мен 200-ден астам шағын ауылдарда болған.



Ол Оңтүстік Шығыс Азия елдерінде дауылды, су тасқынын көрген. Ыстықта суға түсіп, ауырған екен. Саяхат барысында ағылшын тілін балаларға үйреткен. Сөйтіп ақша тапқан. Мағжан бірнеше рет велосипед сатып алған.

4. Топтық жұмыс. 4 оқушы әр саяхатшының рөлінде саяхат туралы өңгімелеңдер, сұрақтарға жауап беріңдер. Сөйлемдерді керекті сұрақтармен толықтырыңдар.

**Қашан? қайда? қалай? кіммен? кім? қай? қандай?**

1. Саяхатқа ... шықтыңыз?
2. Саяхаттың ... түрін таңдадыңыз?

3. Саяхатқа ... үшін шықтыңыз?
4. Саяхатта ... елдерде болдыңыз?
5. Саяхатта ... уақыт болдыңыз?
6. Саяхатта ... кездестіңіз?
7. Болашақта ... елдерді аралағыңыз келеді?
8. Саяхатта ... қиындықтар болды?
9. Саяхатқа ... дайындалдыңыз?

5. Мына тұжырымдармен келісесің бе, келіспейсің бе?

Тұжырымдар	Келісемін	Келіспеймін
1. Саяхатқа қаражат жинау керек.		
2. Саяхатқа шығу үшін адам денсаулығын тексеруі керек.		
3. Саяхаттау үшін бірнеше тілді білу керек.		
4. Саяхаттың жоспарын алдын ала анықтау керек.		
5. Саяхатқа барған елде елшілікпен байланысу керек.		
6. Саяхатқа шығу үшін арнайы демеуші табу керек.		

10-

сабақ

Көсемше

## Тілдік бағдар

**Көсемше дегеніміз не?**

Көсемше – етістіктің бір түрі. Көсемшенің жұрнақтары: *-ып/-іп/-н;* *-а/-е/-й;* *-ғалы/-гелі,* *-қалы/-гелі.*

Көсемше сөйлемде пысықтауыш, баяндауыш қызметтерін атқарады.

Мысалы, «Арман ұшаққа отырып, Сингапурға барды» деген сөйлемде көсемше баяндауыш қызметін атқарып тұр.



**1. Мәтіннен көсемшені табыңдар. Оларға сұрақ қойыңдар, қай сөйлем мүшесінің қызметін атқарып тұрғанын айтыңдар.**

Мен жақында «Тур де хабар» бағдарламасын көрдім. «Хабар» агенттігі екі саяхатшыны дайындап, тарихы мен мәдениеті бай Еуропа және Азия мемлекеттеріне саяхатқа жіберген.

Саяхатшылар елдің қызықты орындарын аралап, тарихымен, мәдени құндылықтарымен таныстырады. Бірде кеме-

де келе жатып, суды жарып жүзген киттерді көрсетсе, бірде ұшқан балықтарды тамашалайды.

Маған Қытайға барып, Ұлы Қытай қорғанына көтеріліп, көк тауларды көрсеткен хабары ұнады. Саяхатты үйде де отырып жасауға болады. Бірақ көзбен көргенге не жетсін!

*(Зәуреш Ерназарова)*

**2. Екі сөйлемді көсемше арқылы байланыстырыңдар.**

*Үлгі: Менің досым саяхатқа жаяу шықты. Ол Ақсу-Жабағылы қорығына дейін барды.*

Менің досым саяхатқа жаяу шығып, Ақсу-Жабағылы қорығына барды.

1. Күй күңіренді. Тыңдаушының бойын биледі.

2. Мемлекет әлеуметтік теңсіздікпен күреседі. Халықтың өмір сүру деңгейін көтереді.

3. Елбасы Жолдауын жариялады. Ұлы Даланың жеті қырын атады.

4. Ол саяхат барысында ағылшын тілінен сабақ берді. Өзіне ақша тапты.

5. Дэвид жолда тарихи қалалардың орындарын көрді. Ол қазақ халқының тарихымен танысты.

**3. Суретке қараңдар. Тиісті көсемше жұрнақтарын қойыңдар.**

Алатаудың бөктері көктемде керемет күйге енеді.

Жота-жота таулар бірін-бірі қу..., төңкеріліп жатыр. Жасыл майда шөп бас..., тау жотасы жап-жасыл түске енген. Алма ағаштары гүлде..., айнала аппақ. Ертегі сияқты.



Аспан шайдай ашық. Тау шыңдарының басында ақ бұлттар көрін... бастады.

#### 4. Өзіңнің бір күндік саяхатыңды есіңе түсір.

Негізгі әрекеттерді тізіп жаз	Негізгі әрекеттің қалай өткенін сипатта
Волейбол ойнау	Екі топқа бөлініп, волейбол ойнадық.

11-

сабақ

### Туған жер табиғатының суреттері



#### 1. Пісірлесіңдер.

1. С. Сейфуллин мен І. Жансүгіровтің сұлу табиғатты жырлаған қандай шығармаларын білесіңдер?

2. Олар қай жерді суреттеді деп ойлайсыңдар?



2. Өлеңді тыңдаңдар, оқыңдар. Интонацияның көтерілуі мен төмендеуін, кідірістерді шартты белгілермен көрсетіп отырыңдар.

### Көкшетау

Арқаның кербез сұлу Көкшетауы.

Дамылсыз сұлу бетін жуған жауын.

Жан-жақтан ертелі-кеш бұлттар келіп,

Жүреді біліп кетіп есен-сауын.

дамылсыз – Көкшетау-  
да жиі жаңбыр жауады.

Сексен көл Көкшетаудың саясында,

Өрқайсысы алтын кесе аясында.

Ауасы дертке дауа, жұпар иісті

Көкірек қанша жұтса, тоясың ба?

алтын кесе аясы – Көл  
кесе сияқты төңкеріліп  
жатыр.

Ырғалған көкке бойлап қарағайы,

Қасында көк желекті аппақ қайың,

Жібектей желмен шарпып төңіректі,

Балқытып мас қылады иіс майы.

ырғалған – желмен тербелген  
көк желекті – жасыл жапы-  
рақты  
жібектей жел – самал жел

Қарағай биік шыңды қиялаған.  
Еш адам оны барып қия алмаған, –  
Шаңқылдап тау жаңғыртып, шыңға қонып,  
Жалғыз-ақ көк қаршыға ұялаған.

биік шыңды қиялаған –  
шыңның бойына өскен  
шаңқылдау – қаршы-  
ғаның дауыс шығаруы

Көкпеңбек шың басынан мұнар кетпес,  
Басына атсаң дағы оғың жетпес.  
Бір жұтсаң Көкшетаудың жұпарынан,  
Өлгенше көкірегіңнен құмар кетпес.

жұпарынан бір жұт-  
саң – таза ауасын  
жұтсаң

Сары алтын Көкшетаудың ерте-кеші,  
Тау мен Күн сүйіскендей еркелесіп,  
Суретті шежіресі өткен күннің,  
Сілекей ағызады ертегісі.

сары алтын – Күн


сілекей ағызу – ауыз  
ашып тыңдау

Талай сыр ертегіні ел айтады,  
Ызындап таудан соққан жел айтады.  
Сырласып сыбырласқан жапырақтар,  
Күндіз-түн күңіренген көл айтады...


күңіренген көл – суы  
толқып, дауыс шыға-  
ратын көл

(Сәкен Сейфуллин)

3. Өлеңді интонацияны өзгерте отырып, қайта оқып беріңдер.

 4. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Ақын Көкшетаудың бейнесін сипаттауды неден бастайды?
2. Ақын таудың сұлулығын қандай сөздермен сипаттайды?
3. *Алтын кесе, жұпар иісті* сөздері нені сипаттайды?

 5. Өлеңді оқыңдар, тыңдаңдар. Өлеңді оқу барысында интонацияның көтерілуін, төмендеуін қарындашпен сызып отырыңдар.

### Жетісуда су суреті

Ыстықкөл жер айнасы мөлтілдейді,  
Балқашты қамыс қамап желкілдейді.  
Аттанған алты өзені Жетісудың  
Балқашқа бауырымдап еңкілдейді.  
Балқаштан өзенді өрлей жүзген балық,  
Тұмсығын тас қаққанша еркіндейді.

Бұлқынса анда-санда ала бура,  
 Жетісу желпең қағып селкілдейді.  
 Шу өне, тауды тарпып шыққан шулап,  
 Ойнақтап, ырғи, жосып таудан тулап,  
 Асқардың ақтарылған ағы емес пе,  
 Қарқ болған қырғыз-қазақ суын сулап?!  
 Шуылдап жүйткіп жатқан Шудың үні:  
 «Қолың бер, құт, береке» дейді «тумақ!».  
 Ертеден ірге теуіп өскен Шуда,  
 Ұлысы Ұлы жүздің үйсін-дулат.  
 Шымырлап Іле қайнап құмды кезген,  
 Қас қақпан ұйық, дойыр, долы безген,  
 Алыстан арып көшкен керуендей,  
 Тоңмойын, томсарулы тұнжыр көзбен,  
 Елге де, егінге де қарайласпай,  
 Жылысып жылжып жатыр бір мінезбен.  
 Ел шайқап, ердің қанын ішкен Іле,  
 Естісең ертегіні ескі сөзден.  
 Арқырап асау Шелек орыпты тас,  
 Бурадай бұлқынады көк ала бас,  
 Ол баста Күншығысқа шыға шауып,  
 Жалт беріп етекке еңсей сапты құлаш.  
 Айдынды айдаһардай күміс көл бар,  
 Алысқан таумен, таспен алып болмас.  
 Қожыр тас қопарыла құмға айналып,  
 Жарымен көшіп жатыр боп жым-жылас.  
 Қысылып қыспақтағы қыл көпірден,  
 Албандар өтеді азар деп «ақ сарбас».  
 Көпірген Көксу көл бар басы бастау,  
 Тау жуып, тасты құған содыр суы,  
 Дегенге көшпелі өйнек суы ұйқастау,  
 Аңқылдайды арнасында меруерт астау.  
 Жалбасы, Шаған, Бұғы мүлгиді оған,  
 Шалдуар шалдай қалғып шала мастау.  
 Жар жарып, жерді жиған Көксу көл бар,  
 Бейне бір жалайырға шабатын жау.  
 Арқырап айғай салған Көксу алып,  
 Жазыққа шыға келсе үркіп ағып.



Егінші, ылғи диқан жалайырлар  
 Үлеседі үй басына тоған алып.  
 Сол елдің қыдырынды қыдыры сол,  
 Сары бала, қара қазан болып қарық.  
 Мөлтендеп мойнақты орай Қаратал да,  
 Көксуға қойындасады жарды жанып.  
 Қосылып екі ерке су, екі сұлу,  
 Балқаштан қалың құмға кетеді лағып.

(Илияс Жансүгіров)

6. Өлеңнен Жетісуға жататын өзендердің атауларын табыңдар.

7. Өлеңнен Балқаш көлін суреттейтін сөздерді тауып, ақынның ойын түсіндіріңдер.

12-

сабақ

Нәтиже сабақ



1. Сөз тіркестерін керекті сөздермен толықтырыңдар.

- |             |                    |
|-------------|--------------------|
| 1. ... жару | 5. ... ояну        |
| 2. ... зат  | 6. ... жауын алу   |
| 3. ... шығу | 7. өзіндік ... бар |
| 4. ... тас  |                    |

**Керекті сөздер:** саяхатқа, көздің, мән-маңызы, қымбат, бұр, ерте, бағалы.

2. Сөздерге тиісті жалғауды жалғап, сөздерді тіркестіріңдер. Оларды қатыстырып, шағын мәтін құрастырыңдар.

- Сапар... бару
- «Қызыл кітап...» ену
- Қызғалдақ... теру
- Ұрығы... шашу
- Мектеп оқушылары... арасында
- Жер қыртысы... көтерілу
- Тау шөгінділері... қалыптасқан




3. Табиғат орнын сипаттап жазыңдар. Алдымен кестені керекті сөздермен толықтырыңдар. Сонан кейін детальдарды өзара байланыста суреттеңдер.



Баянауыл

Сипаты	Орын	Сезімге әсері
аласа	тау	

 4. Сұхбатты тыңдаңдар. Сұрақтарды қалпына келтіріңдер. Рөлге бөліп ойнаңдар.

#### Туристік агенттікте

*Менеджер:* – Сәлеметсіз бе, сізге қандай көмек керек?

*Салтанат:* – Біз досымыз екеуіміз жазғы демалыста саяхатшылар тобымен Қазақстанның сұлу жерлерін аралағымыз келеді.

*Менеджер:* – Көлікпен аралағыңыз келе ме?

*Салтанат:* – Көлікпен әрі жаяу аралағымыз келеді.

*Менеджер:* – Мен сіздерге «Nomad Explorer» жобасын ұсынғым келеді. Бұл экспедицияны Марғұлан Сейсембаев басқарады. Мақсаты – Қазақстанның ішкі туризмін дамыту. Қазір үлкен топ жиналып жатыр. Мысалы, мен сізге Берікқара шатқалын ұсына аламын.

*Салтанат:* – Өте қызық жоба екен.

*Менеджер:* – 2 аптаға есептелген. Қосымша ақпараттарды мына сайттан ала аласыз.

*Салтанат:* – Сізге шексіз ризамын. Сіз жақсы ұсыныс жасадыңыз.



**5. Мәтінді оқыңдар. Сұрақтар құрастырыңдар. Сұрақтарды сыныптастарыңа қойып, жауап беріңдер.**

### Бір таудан бір тау артық

Бұл бағыт Тараз қаласының солтүстік батысында 80 км жерде орналасқан Берікқара шатқалынан басталады. Жайлы автобус сені шатқалға дейін жеткізіп салады, көз алдыңнан таудың қайталанбас сұлулығы ашылады.



Берікқара шатқалы Қаратау тауларында орналасқан. Онда тасқа салынған көптеген суреттер бар. Ол суреттер арийлердің дүниетанымы туралы түсінік береді (арийлер – осы аймақта б.з.б. 2000 жыл бұрын өмір сүрген тайпалар). Жартаста билеп жүрген адамдар, көшпелі тайпалардың аңшылық өмірі, діни нанымдар, салт-дәстүрі бейнеленген. Берікқара шатқалы – өсімдік дүниесі ерекше аймақ, мұнда тобылғы орманы бар.

Бұл жерде Табиғат-ана өз балаларын толық қамқорлығына алған. Қайнардың суын ішсең, тамағым ауырады деп қорықпа. Ол шипалы. Шатқалды аралағаннан кейін туристерге жайлы демалыс орны ұсынылады. Демалушылар Биліккөл көлінің жағасындағы киіз үйлерге орналасады, балық аулайды.



**6. Көкшетауға саяхатқа шақырып, жарнама дайындаңдар. Жарнамада С. Сейфуллиннің өлеңінен үзінділер қолданыңдар.**

## АНЫҚТАМАЛЫҚ

### Аннотация

Аннотация дегеніміз мақаланың, шығарманың мазмұнына шолу жасап, қысқартып беру.

*Аннотация құрылымы:*

- Ақпараттың мақсатын, автордың негізгі ойын анықтау.
- Ақпаратта берілген негізгі тұжырымдарды, ақпараттарды тізіп жазу.
- Мақалада көтерілген негізгі тақырып немесе мақала қандай мәселеге арналатынын айту.
- Бұл жұмыстың осы тақырып бойынша жазылған басқа жұмыстардан қандай айырмашылығы, жаңалығы бар екенін айту.
- Тақырып қандай аспектілерде ашылатынын айту.
- Тақырып бойынша қандай айғақтар, мәліметтер келтірілетінін айту.
- Ақпаратта ерекше қызықты көрінген тұстарды атап көрсету.

### Аргумент. Аргументті дамыту

Аргумент дегеніміз өз пікіріңді тұжырымдап беру және оған дәлелдер, айғақтар келтіру болып табылады. Мысалы, «Балалық шақ – сенің өміріңдегі ең бақытты уақыт» деген тұжырымды талдап көрейік.

Бұл тұжырыммен келісуге де, келіспеуге де болады. Осы тұжырым бойынша ұсынылған бір пікірмен танысып көрелік.

*Бұл тұжырым барлық балалар үшін әр уақытта шындық бола алмайды. Тіпті дамыған, бай елдердің өзінде балалар белгілі бер шектеулер мен қысымда өмір сүреді.*

*Ал кедей елдерде балалардың көпшілігі аштықта өмір сүріп жатыр.*

*Бай, дамыған елдерде балалар ата-анасының, мұғалімдердің қысымына көп ұшырайды. Олар бірнеше пәнді оқып, бірнеше әрекет түрлерін істей алуы керек. Сондықтан*

*олардың уақытын ата-аналары алдын ала жоспарлап, балаларға еркіндік бермейді.*

*Ал кедей елдерде балалар аштық пен жалаңаштықтан әртүрлі ауруларға шалдығады.*

### Тезис (тұжырым)

Тезис дегеніміз белгілі бір ойдың қорытындысы болып табылады. Мысалы, «Барлық бала үшін балалық шақ бақытты шақ емес» деген тұжырымды айту үшін бірнеше ақпаратқа сүйендік. Қорытынды жасау үшін бірнеше айғақ керек. Аргументті ұсынғанда, алдымен тұжырым ұсынылады да, сонан соң оны дәлелдейтін айғақтар, түсіндірмелер беріледі.

Аргумент құрылымы	
Тұжырым-тақырып	Кедей елдердегі балалардың балалық шағын бақытты деуге болмайды.
Негіздеме	Өлемдегі көптеген елдерде балалар аштықта өмір сүріп жатыр. Олар таза ауызсуын ішпейді. Олардың елдерінің экономикасы артта қалған.
Дәлел	Тамақты тойып ішпегендіктен, олар ас қорыту жүйесінің ауруларымен жиі ауырады, таза су ішпегендіктен, жұқпалы аурулар жиі кездеседі. Соған байланысты олардың арасында созылмалы аурулар көп.

### Кейіптеу

Кейіптеу деп жанды заттың әрекетімен жансыз заттың сипатталуын айтады.

1. Бала күлді – *аспан күліп тұр.*
2. Бала жылады – *аспан жылап тұр.*
3. Адам қашқақтады – *жел қашқақтап, отқа келмей қойды.*
4. Қасқыр ұлыды – *жел ұлыды.*
5. Оқушылар сыбырласты – *жапырақтар сыбырласты.*
6. Адам теңселіп кетті – *ағаш теңселді.*

### Конспектілеу

Конспектілеу – мәтінде берілген негізгі ақпаратты түртіп жазып отыру. Ақпараттардың ішіндегі ең негізгісін, маңыздысын анықтау. Негізгі ақпарат дегеніміз мәтіннің мазмұнын дамытатын мәліметтер, айтылған ой тізбегі болып табылады.

### Метафора

#### *Метафоралар қалай пайда болады?*

Мысалы: *Көл айна сияқты жарқырап, күн шағылысып жатыр.*

*Күміс шашы желбіреп, анасы жәутеңдеп қалды.*

Бұл метафораларды адамның танымы дүниеге келтіреді. Адам заттар мен құбылыстар арасынан қызметі, белгісі, түрі, сыртқы формасына қарай ұқсастық табады. Ол бақылауға негізделеді, көркем ойлардың негізінде қалыптасады. Сондықтан метафора тұрақты және өзгермелі болып келеді. Өйткені адамның қабылдауы да өртүрлі жағдайларға қарай өзгеруі мүмкін.

Заттар арасындағы тұрақты ұқсастық метафоралар қалыптастырады. Мысалы: *тұмсық/мұрын – адамның мұрны, иттің тұмсығы, қайықтың тұмсығы, ұшақтың тұмсығы.*

**Тұмсық** деген сөз формасының ұқсастығына қарай екінші затқа атау болды. Бұны жаңа аталымдардың метафора арқылы пайда болуы дейді. Метафораға жасырын сипат тән. Ол бірден көзге көрініп, түсінікті бола бермеуі мүмкін.

### Параграф

Параграф дегеніміз бір тақырыптың айналасына құрылған бес не он сөйлемнің жиынтығы. Параграф немесе бөлім бірнеше бөліктен тұрады:

- 1) бірінші сөйлем параграфта айтылмақшы негізгі ойдың бағытын анықтайды;
- 2) нақтылаушы сөйлемдер: бірінші сөйлемде айтылған негізгі ойды нақтылайды, ашып түсіндіреді;
- 3) қорытынды бөлім: параграфта айтылған ойды қорытындылайды.

### Перифразалау

Перифразалау – сөз бен сөйлемдегі берілген ойдың мазмұнын сақтай отырып, басқа сөздермен не құрылымы басқа сөйлеммен беру.

## Рецензия

*Кітапқа жазылатын рецензияның құрылымы:*

- Кітаптың атауы мен авторы.
- Жанры.
- Тақырыбы.
- Кейіпкерлері.
- Оқиға болған орны.
- Оқиға болған уақыт.
- Оқиға желісі.
- Кітаптың негізгі идеясы.
- Қысқаша пікір: оқиға туралы, қызықтығы, оқиғаның дамуы, сезімге әсер етуі, кітаптың тілі.

## Салыстыру эссесі

Салыстыру эссесі екі түрлі құбылыстың артықшылықтары мен кемшіліктерін белгілі бір белгілер бойынша салыстырып, қорытынды жасауды мақсат етеді.

Сонымен байланысты салыстырылатын белгілерді алдын ала дұрыс анықтап алу маңызды.

Мысалы, «*Жазбаша бағалау маңызды ма, тест арқылы бағалау маңызды ма?*» деген тақырып бойынша салыстыру эссесін жазып көрейік.

Екі бағалауды екі шеңберге жазып, онымен байланысты белгілерді тізіп жазу керек. Сонан соң ортақ белгілерді анықтау керек. Мысалы, бағалау түрі, уақыты, тиімділігі, ыңғайлылығы, білімді қамтуы. Енді осы белгілерді екі бағанға жазып, оларды салыстыру керек. Артықшылықтары мен кемшіліктерін екі бағанға жазу керек.

## Эссе

Эссе деген белгілі тақырып не мәселе бойынша өз пікіріңді, көзқарасыңды жазбаша жеткізу болып табылады. Эссенің басты белгілері – *нақтылық, даралық, айқындылық.*

## Фабула

Фабула (лат. *фабула* – аңыз, әңгіме, ертегі, мысал) – көркем шығармада суреттелген оқиғаны рет-ретімен, шынайы даму бағытымен жүйелеу болып табылады.

## ТАҚЫРЫПТАР БОЙЫНША ЛЕКСИКАЛЫҚ МИНИМУМ ЖӘНЕ ОНЫҢ АУДАРМАСЫ

### 1-тарау.

- |                                       |                              |
|---------------------------------------|------------------------------|
| 1. абсолютті кедейшілік               | 1. абсолютная бедность       |
| 2. әлеуметтік жағдай                  | 2. социальное положение      |
| 3. әлеуметтік жағынан<br>аз қамтылған | 3. малообеспеченный          |
| 4. әлеуметтік жіктелу                 | 4. социальная дифференциация |
| 5. әлеуметтік топ                     | 5. социальная группа         |
| 6. байлық                             | 6. богатство                 |
| 7. бақытсыздық                        | 7. несчастье                 |
| 8. баспанасыз                         | 8. бездомный                 |
| 9. бейшара                            | 9. бедняга, несчастный       |
| 10. билік                             | 10. власть                   |
| 11. жалақы                            | 11. зарплата                 |
| 12. заңнама                           | 12. законодательство         |
| 13. зейнеткер                         | 13. пенсионер                |
| 14. кедейшілік                        | 14. бедность                 |
| 15. күйзеліс                          | 15. стресс                   |
| 16. күнкөріс деңгейі                  | 16. прожиточный минимум      |
| 17. қаріп                             | 17. инвалид                  |
| 18. қарыз                             | 18. долг                     |
| 19. құрылым                           | 19. структура                |
| 20. материалдық жағдайы               | 20. материальное положение   |
| 21. садақа                            | 21. милостыня, подаяние      |
| 22. салыстырмалы кедейшілік           | 22. относительная бедность   |
| 23. тең құқылы                        | 23. равноправие              |
| 24. топтастыру                        | 24. сгруппировать            |

### 2-тарау.

- |                  |  |
|------------------|--|
| 1. бастама       | 1. инициатива  |
| 2. биоәртүрлілік | 2. биологическое разнообразие                        |
| 3. ерітінді      | 3. раствор   |
| 4. жанармай      | 4. топливо   |
| 5. жаңашыл       | 5. инновационный                                     |
| 6. жарылыс       | 6. взрыв   |
| 7. залал-зардап  | 7. ущерб   |
| 8. кемтар        | 8. неполноценный                                     |
| 9. қайғылы       | 9. трагический                                       |
| 10. қару         | 10. оружие   |
| 11. қасірет      | 11. трагедия   |
| 12. қирату       | 12. уничтожение                                      |
| 13. қозғалыс     | 13. движение   |
| 14. қошқыл       | 14. бурый, темно-коричневый<br>с фиолетовым оттенком |
| 15. қою          | 15. густой   |
| 16. құлдырау     | 16. упадок   |



17. қыр
18. мұнайлы
19. мұншалықты
20. нәрсе
21. тоқтату
22. ұдғыма
23. шаң-тозаң

### 3-тарау.

1. әсерлі
2. әуезді
3. бейнелеу
4. би
5. билік айту
6. дау
7. жойылу
8. жөн-жоралғы
9. зарлау
10. көркем
11. қолдану
12. пайда болу
13. рухани
14. сақталу
15. сұлу
16. сырлау
17. таным-түсінік
18. толғану
19. үйлесім
20. ұмыту
21. шерту
22. шешен
23. шығармашылық
24. шыншыл
25. шырқау
26. шытырман

### 4-тарау.

1. асырау
2. асыраушы
3. әл-ауқат
4. даярлау
5. еңбек нарығы
6. жалдамалы
7. жәрдемақы
8. жұмыскер
9. жұмыссыздық
10. жұмысшы
11. кеңсе

17. горный хребет
18. нефтяной
19. столько
20. что-то
21. остановить
22. скважина
23. пыль

1. впечатляющий
2. мелодичный
3. изображать
4. танец
5. управлять
6. спор
7. уничтожение
8. ритуалы
9. жаловаться
10. художественный
11. применение
12. появление
13. духовный
14. сохранение
15. красивый
16. покрасить
17. понятие
18. волнение
19. гармония
20. забыть
21. играть
22. оратор
23. творческая деятельность
24. правдиво
25. подняться ввысь
26. приключение

1. содержать, кормить
2. кормилец
3. благосостояние
4. готовить, подготавливать
5. рынок труда
6. наемный, арендованная (квартира)
7. пособие
8. работник
9. безработица
10. работник
11. офис

12. кепілдік
13. кәсіпкерлік
14. күнкөріс минимумы
15. қоғам
16. қызметкер
17. мамаңдық
18. сұраныс
19. табыс
20. тіркеу

#### 5-тарау.

1. атамекен
2. баяндама
3. бекем
4. бодандық
5. дербес
6. еңселі
7. еркіндік
8. желбіреу
9. кейінгі буын
10. күрес
11. қиыншылық
12. қозғалыс
13. мәңгілік
14. мәртебе
15. наразылық
16. некен-саяқ
17. өскелең
18. тәуелсіздік
19. төңкеріс
20. тұғырлы
21. ұмтылыс

#### 6-тарау.

1. әзіл-оспақ
2. кейіпкер
3. көңіл бөлу
4. көрермен
5. қойылым
6. маусымдық
7. образ жасау
8. ой салу
9. өзгерту
10. партер
11. саңлақ
12. сахна
13. сомдау

12. гарантия
13. предпринимательство
14. прожиточный минимум
15. общество
16. сотрудник
17. специальность
18. спрос
19. доход, заработок
20. регистрация

1. отечество
2. доклад
3. крепкий, прочный
4. подчиненность
5. суверенный
6. возвышенный, высокий
7. свобода
8. развеяться (на ветру)
9. следующее поколение
10. борьба
11. трудность
12. движение
13. вечный
14. статус
15. возражение
16. редко
17. молодой
18. независимость
19. революция
20. постамент
21. стремление

1. юмор
2. персонаж
3. уделить внимание
4. зритель
5. постановка
6. сезонный
7. создать образ
8. мышление
9. изменить
10. партер
11. лучший
12. сцена
13. создавать (образ)

14. талграм
15. тарлан
16. театр мәдениеті
17. үзінді
18. шапалақ соғу
19. шымылдық
20. ықылас
21. ынтызар
  
22. ізгілік
23. ілтипат

#### 7-тарау.

1. аңыз-әңгіме
2. аралау
3. бұр жару
4. бұйым
5. ежелгі
6. жауһар
7. жаяу
8. жолға шығу
9. жүргінші
10. кездесу
11. көл
12. қолөнер
13. күз
14. құшақ жаю
15. қызғалдақ
16. қызықтау
17. қызыл мия
18. мидай дала
19. сай
20. саяхатқа шығу
21. табиғат кереметтері
22. тарихи орын
23. тарту ету
24. тау-тас
25. тораңғы
26. шатқал
27. шөлейт
28. шың

14. вкус
15. лютый, матерый
16. театральная культура
17. отрывок
18. аплодировать
19. занавес
20. внимание
21. стремление, жажущий, имеющий желание
22. доброта
23. почтение

1. легенда
2. бродить, посещать, ходить
3. распускать почки
4. вещь, изделие, предмет
5. древний
6. жемчужина
7. пешком
8. выезд
9. пешеход
10. встреча
11. озеро
12. ремесло
13. скала, утес
14. раскрыть объятие
15. тюльпан
16. проявить интерес
17. красная солодка
18. широкая степь
19. ущелье
20. путешествовать
21. чудеса природы
22. историческое место
23. дарить
24. горы
25. тополь
26. каньон, ущелье
27. полупустынный
28. пик, вершина

**МАЗМУНЫ**

Алғы сөз..... 3

**I ТАРАУ. Қазіргі қоғамдағы әлеуметтік теңсіздік  
Ерболат Өбікенұлының «Пәтер іздеп жүр едік» әңгімесі**

1-сабақ. Талшынның арманы .....	4
2-сабақ. Әлеуметтік теңсіздіктің сипаты .....	6
3-сабақ. Әлеуметтік теңсіздіктің түрлері .....	7
4-сабақ. Әлеуметтік теңсіздік және білім сапасы .....	10
5-сабақ. Кедейшілік пен байлықтың шегарасы .....	11
6-сабақ. Ақпаратты жүйелеу .....	13
7-сабақ. Жоқшылықта өскен миллионерлер .....	14
8-сабақ. Адалдық .....	17
9-сабақ. Грамматикалық омонимдер .....	19
10-сабақ. Бақытты болу үшін бай болу шарт па? .....	21
11-сабақ. «Пәтер іздеп жүр едік» (1-бөлім) .....	23
12-сабақ. «Пәтер іздеп жүр едік» (2-бөлім) .....	26
13-сабақ. Нәтиже сабақ .....	26

**II ТАРАУ. Экология. Мұнай және атомдық индустрия  
Гүлжауһар Сейітжанның «Қара алтыны халқымның...» өлеңі**

1-сабақ. Экология .....	30
2-сабақ. Полиэтилен пакет және жаһандық экологиялық проблемалар.....	33
3-сабақ. Полиэтилен пакеттерге қарсы күрес .....	34
4-сабақ. Мұнай өңдеу тарихынан .....	36
5-сабақ. Қазақстан – мұнайлы мекен .....	39
6-сабақ. Қазақстандағы мұнай қоры .....	41
7-сабақ. «Қара алтыны халқымның...» .....	42
8-сабақ. Қазақстанның атом өндірісі.....	46
9-сабақ. «Қазатомпром» компаниясы .....	49
10-сабақ. Мұнай өнімдері және климаттың өзгеруі .....	52
11-сабақ. Ғаламдық жылыну .....	54
12-сабақ. Экожүйенің өзгеруі.....	56
13-сабақ. Нәтиже сабақ .....	58

**III ТАРАУ. Тіл. Өнер. Әдебиет  
Глияс Жансүгіровтің «Күй» поэмасы**

1-сабақ. Өлемдегі тілдер .....	60
2-сабақ. Полиглот .....	64
3-сабақ. Менің ана тілім.....	66

4-сабақ. Тіл – ұлттың рухани байлығы .....	68
5-сабақ. Өнер түрлері .....	69
6-сабақ. Өнер – ұлттық дүниетаным көрінісі .....	72
7-сабақ. Өнер түрлерінің өзара байланысы .....	73
8-сабақ. «Сарыарқа» күйі .....	76
9-сабақ. Көркем әдебиет .....	77
10-сабақ. I. Жансүгіровтің «Күй» поэмасы .....	78
11-сабақ. Қазақ халқының сөз өнері .....	80
12-сабақ. Нақыл сөздер .....	82
13-сабақ. Нәтиже сабақ .....	83

#### **IV ТАРАУ. Қоғамдағы жұмыссыздық мәселесі**

##### **Ыбырай Алтынсариннің «Атымтай жомарт» әңгімесі**

1-сабақ. Жұмыссыздықтың пайда болуы мен салдары .....	85
2-сабақ. Жұмыссыздық және жастар .....	87
3-сабақ. Жұмыссыздықпен күрес – ел дамуына үлес .....	89
4-сабақ. Еңбек – бәрін жеңбек .....	92
5-сабақ. Кәсіпкерлік. ....	95
6-сабақ. Табысты кәсіпкерлер тұлғасы .....	96
7-сабақ. Қабілет және мүмкіндік .....	97
8-сабақ. Сен не істеуді ұнатасың? .....	100
9-сабақ. «Атымтай жомарт» .....	103
10-сабақ. Өлемді өзгерткен жомарттық .....	106
11-сабақ. Мамандықты дұрыс таңдау – жауапты іс .....	107
12-сабақ. Мен таңдаған мамандық .....	108
13-сабақ. Нәтиже сабақ .....	110

#### **V ТАРАУ. Тәуелсіз еліміздің өткені мен келешегі**

##### **Дүкенбай Досжанның «Төрт патшаны көрген кейуана» хикаяты**

1-сабақ. Бабалар аңсаған тәуелсіздік .....	113
2-сабақ. Алаш мұрасы – құнды қазына .....	116
3-сабақ. Тәуелсіздік – тағдыр берген сый .....	119
4-сабақ. Өлем мойындаған Қазақстан .....	121
5-сабақ. Ғылымы мен білімі қарыштаған Қазақстан .....	123
6-сабақ. Жұлдыздарға жол салған Қазақстан .....	126
7-сабақ. Дүкенбай Досжанның «Төрт патшаны көрген кейуана» хикаяты .....	128
8-сабақ. Д.А. Қонаев – халық жанашыры .....	132
9-сабақ. Тәуелсіз Қазақстанның Тұңғыш Президенті .....	134
10-сабақ. Тарихпен бірге жасасқан кейуана .....	137
11-сабақ. Тәуелсіздік – Мәңгілік ел мұраты .....	138
12-сабақ. Уақыт сынынан өткен ел құндылықтары .....	141
13-сабақ. Нәтиже сабақ .....	142

**VI ТАРАУ. Ұлттық театр – өнер ордасы****Сәбит Оразбайдың «Өмірдің өзі – театр» әңгімесі**

1-сабақ. Театр не үшін керек?.....	144
2-сабақ. Театр және қазіргі заман .....	146
3-сабақ. Театр тарихынан .....	147
4-сабақ. Қазақ театрының тарихы .....	150
5-сабақ. Көгермен.....	152
6-сабақ. Театр саңлақтары.....	154
7-сабақ. Серке Қожамқұлов .....	155
8-сабақ. Өмірдің өзі – театр .....	155
9-сабақ. Қазақ театрының қазіргі мәселелері.....	159
10-сабақ. Актер болғым келеді.....	161
11-сабақ. Театр мәдениеті.....	163
12-сабақ. Баспасөз парағы .....	165
13-сабақ. Нәтиже сабақ .....	166

**VII ТАРАУ. Туризм. Экотуризм****Сәкен Сейфуллиннің «Көкшетау» поэмасы,****Ілияс Жансүгіровтің «Жетісу суреттері» өлеңі**

1-сабақ. Саяхатқа шығамыз.....	168
2-сабақ. Саяхат картасы .....	169
3-сабақ. Ұлы Даланың бір қыры .....	171
4-сабақ. Дала қызғалдағы.....	174
5-сабақ. Қазақстанның табиғат кереметтері.....	177
6-сабақ. Ішкі туризм.....	179
7-сабақ. Экотуризм .....	180
8-сабақ. Маған ұнайтын туризм түрі.....	182
9-сабақ. Қазақстандық саяхатшылар .....	184
10-сабақ. Көсемше .....	188
11-сабақ. Туған жер табиғатының суреттері .....	190
12-сабақ. Нәтиже сабақ .....	193
Анықтамалық .....	196
Тақырыптар бойынша лексикалық минимум және оның аудармасы.....	200

Учебное издание

**Ерназарова Зауреш Шаршабековна  
Бекетова Айжан Бекетовна  
Кужакова Светлана Бакытовна**

**ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ**

**В 2-х частях**

**Часть 1**

**Учебник для 11 класса общеобразовательной школы  
с русским языком обучения**

Редакторы *Р. Райбаева, Г. Жарылгасимова*

Художник *Н. Токталиев*

Художественный редактор *А. Беккожанова*

Технический редактор *О. Рысалиева*

Корректор *Е. Амангельды*

Компьютерная верстка *А. Бекбергеновой*

ИБ № 022

Сдано в набор 27.04.2019. Подписано в печать 09.07.2020. Формат 60x90 <sup>1</sup>/<sub>16</sub>.  
Бумага офсетная. Гарнитура «Школьная». Печать офсетная. Усл.-печ.л. 13,0.  
Уч.-изд.л. 13,68. Тираж 5 000 экз. Заказ № 5258.

ТОО Корпорация «Атамұра», 050000, г. Алматы, пр. Абылай хана, 75.

ТОО Полиграфкомбинат Корпорации «Атамұра» Республики Казахстан,  
050002, г. Алматы, ул. Макатаева, 41.





# Оглавление

page1  
page2  
page3  
page4  
page5  
page6  
page7  
page8  
page9  
page10  
page11  
page12  
page13  
page14  
page15  
page16  
page17  
page18  
page19  
page20  
page21  
page22  
page23  
page24  
page25  
page26  
page27  
page28

page34

page35

page36

page37

page38

page39

page40

page41

page42

page43

page44

page45

page46

page47

page48

page49

page50

page51

page52

page53

page54

page55

page56

page57

page58

page59

page60

page61

page62

page63

page64

page69  
page70  
page71  
page72  
page73  
page74  
page75  
page76  
page77  
page78  
page79  
page80  
page81  
page82  
page83  
page84  
page85  
page86  
page87  
page88  
page89  
page90  
page91  
page92  
page93  
page94  
page95  
page96  
page97  
page98  
page99

page104  
page105  
page106  
page107  
page108  
page109  
page110  
page111  
page112  
page113  
page114  
page115  
page116  
page117  
page118  
page119  
page120  
page121  
page122  
page123  
page124  
page125  
page126  
page127  
page128  
page129  
page130  
page131  
page132  
page133  
page134

page139

page140

page141

page142

page143

page144

page145

page146

page147

page148

page149

page150

page151

page152

page153

page154

page155

page156

page157

page158

page159

page160

page161

page162

page163

page164

page165

page166

page167

page168

page169

page174  
page175  
page176  
page177  
page178  
page179  
page180  
page181  
page182  
page183  
page184  
page185  
page186  
page187  
page188  
page189  
page190  
page191  
page192  
page193  
page194  
page195  
page196  
page197  
page198  
page199  
page200  
page201  
page202  
page203  
page204